

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ

С.СЕЙФУЛЛИН атындағы ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

«ҚАЗАҚ ПЕДАГОГИКАСЫ» ОҚУ ПӘНІ БОЙЫНША
ГЛОССАРИЙ

Астана, 2016

«Қазақ педагогикасы» оқу пәні бойынша глосарий. – Астана, 2016. – 65 б.

Құрастырғандар:

- 1. Сарбасова Қарлығаш Амангелдіқызы – педагогика ғылымдарының докторы, профессор**
- 2. Саймбетова Жанар Төребекқызы – PhD докторант**

«Қазақ педагогикасы» оқу пәні бойынша глосарий жалпы педагогика, педагогика тарихы мен әдіснамасы, этнопсихология, этнопедагогика және қазақ педагогикасының негізгі ұғымдары бойынша құрастырылды. Оның мазмұны «Қазақ педагогикасы» оқу пәні бойынша білім алушылар мен педагог-мамандардың теориялық білімдерін тереңдетуге, олардың кәсіби іс-әрекетіне деген танымдық ізденімпаздығы мен шығармашылық қабілетін қалыптастыруға, өздігінен білім алу іскерліктерін шыңдап, зерттеу бейімділіктерін жетілдіруге бағытталған.

С.Сейфуллин атындағы Қазақ Агротехникалық университеті «Кәсіптік білім беру» кафедрасының мәжілісінде бекітілді (Хаттама №2, 13.09.2016ж.)

А

Абырой - жеке адамның құндылығы туралы түсінікті білдіреті моральдық ұғым, адамның өз-өзіне және қоғамның жеке адамға моральдық Қатынасын бейнелейтін этикалық категория.

Автостереотип (автотаптаурын) – этностың өз салт-дәстүрі, мінез-құлық ерекшеліктері, мәселелерді шешу тәсілдері мен сыртқы бет-пішіні жөніндегі тұрақты түсініктері мен бейнелері. Олар көбінесе жағымды пікірлер кешенінен тұрады. Әдетте, жағымды автотаптаурындар сан жағынан басым болады. Сонымен қатар, жағымсыз автотаптаурындар да орын алады және олардың мәні кейбір тарихи кезеңдерде арта түседі. Жағымсыз автотаптаурындардың негізгі функциясы туралы болжамдар екеу: 1) өз этносын дискредитациялау (өз этносына көңілі толмағандардың саны өскенде немесе бұл этностың санасында терең кемістік комплексі болған жағдайда); 2) өздері туралы жағымсыз таптаурындар өзіне деген сыни көзқарастың қажеттілігімен және ұлт өкілдерінің өздерін жетілдіру қажеттілігімен байланысты болуы мүмкін. Алайда осындай жағымсыз автотаптаурындардың көбеюі этностың қорғаныс механизмінен айырылуына, оның өзіндік дискредитациясына алып келеді. Кейде осындай жағымсыз автотаптаурындарды басым этностың өкілдері жасанды түрде белгілі бір этностың өкілдерінің санасына сіндіреді. Мұндай жағдайларда берілген этностың өкілдері фрустрацияға ұшырап, өзіндік қадір-қасиеттің жойылуы, өзіндік төмен бағалаудың қалыптасуы, халықтық рухының төмендеуі көрініс табады. Бұл кейде этностардың наразылығын тудырып, ұлтаралық шиеленістерге алып келеді. Сонымен қатар, автотаптаурындардың негізіне сублимация (өз этносын асыра жоғары бағалау) механизмі де жатады.

Автохтонды мәдениет (гр. autochton - жергілікті) - белгілі бір аймақтың ең ежелгі халқының мәдениеті, алғашқы пайда болған жерінен қоныс аудармай, мәдени біртектілікті сақтай алған этномәдениет. Автохтонды мәдениет ұғымы Л.Н. Гумилевтің еңбектерінде жан-жақты қарастырылған.

Агрессивтік мінез-құлық (лат. Aggressio – қаз. Шабуыл жасау) – адам әрекетінің ерекше формасы, мұндай мінез-құлық субъекттің нұқсан келтіру мақсатымен өзінен басқа адамға немесе адамдар тобына өз артықшылығын білдіріп, қыр көрсетуі немесе күш қолдануға тырысуымен сипатталады. Агрессивті мінез – құлықтың қарқындылығы мен пайда болу дәрежесі бойынша: жеккөрушілік, жақтырмаушылықтан – тіл тигізуге («вербалдық агрессия») және дөрекі түрде күш қолдануға («физикалық агрессия») дейін түрленеді. Әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан келгенде: жекелеген адамдардың агрессивті мінез-құлықтары жиынтығының, бұқаралық сипаттағы құбылыс ұғымының шеңберіндегі тұлғааралық агрессияның топтық агрессияға айналуының мәні бар. Шетелдік психологияда агрессивті мінез-құлықтың пайда болуының, себеп салдарларының сан алуан түсіндірмелері кездеседі. Агрессивті мінез – құлық нақты көріністерін түсіну үшін тұлғалық және ұжымдық әрекеттің жалпы құрылымындағы оның орнын

айқындап алған жөн. Мыс., агрессивтік акт субъектінің қорғаныстық жауабына ұқсамауына, аффектінің салдары еместігіне немесе агрессивті мінез – құлық өзіндік мақсат-мүдде мен мәнге ие болып, ерекше тұлғалық және ұжымдық іс-әрекетке (ауытқыған, теріс мінез-құлық) көшуіне және т.б. Баса назар аудару қажеттігі.

Адаптация – ағзаның, сезім мүшелерінің ішкі және сыртқы тітіркендіргіштерге, орта жағдайына біртіндеп бейімделуі. Адаптация үрдістері биологияның негізгі ұғымдарының бірі – гомеостазды сақтауға бағытталады. Биологиялық адаптация ағзаның барлық деңгейлерін қамтиды: молекулярлықтан бастап, іс-әрекетті психикалық реттеуге дейін. Экстремалды жағдайларға адаптация сәттілігінде жаттығу процестері, индивидтің функционалдық, психикалық және моральдық күйі маңызды рөл атқарады.

Адамгершілік - қоғамдық өмірдің объективтік заңдылығына сәйкес, адамдар арасындағы қарым-қатынастарды реттеуге негіз болып табылатын талапқа сай белгілі бір гуманистік принциптерді білдіретін моральдық ұғым. Адамгершілік адамдардың мінез-құлқымен, іс-әрекеттерімен көзге түседі.

Азаматтық - адам тұлғасының жетекші сапаларының бірі. Іс-әрекет, қарым қатынас және қарым-қатынас тәрбие жүйесімен қалыптасады. Азаматтықтың мәні адамдық міндеттерін және борыштарын санаулы, белсенді атқару құқын орынды пайдалану, қоғам белгілеген ережелерді дәл орындау болып табылады.

Ақыл - ойлаудың таным қабілеті дамуының жоғары басқышы, жаңа білімінің шығармалығы, адамның жүріс-тұрғысында және бүкіл өмірлік іс-әрекетте орындылықтың болуы. «ақыл» атауы ойлау қабілетінің синониміне ретінде жиі қолданылады. Ақылдың болуы, ақылды болу қарқынды және нәтижесі ақыл-ой іс-әрекетіне қабілеттің болуы деген сөз.

Ақыл-ой тұжырымы - бір немесе бірнеше пікірлерден жаңа, туынды пікірді алудың логикалық тәсілін көрсететін ойлаудың түрі. Ақыл-ой түйіні алғы шарттан (бастапқы пікірден), қорытындыдан (алғы шарттан тұжырымға көшуден) тұруы. Білімдердің ғылымда және тәжірибеде дамуы, құбылыстардың мәні болып танылуы, олардың заңдылықты ара байланыстарының айқындалуы ақыл-ой тұжырымы нақты құбылыстарға баға беру, теориялық және тәжірибелік мәнді ерекшеліктерді дәлелдеу барысындағы ой-пікірлердің негізін құрайды.

Ақыл-ой тәрбиесі - тәрбиенің басқа салаларымен үздіксіз байланысты ойлаудың шығармалық қабілеттерін мақсатқа сай дамыту. Ойдың жұмысы адам өмірінің шарттары мен жағдайларында болатын объективтік қарама-қайшылықтарды шешуге әрдайым бағытталып отырады.

Аксиология – грек сөзі: құнды, ілім – құндылықтардың табиғаты, олардың әлеуметтік шындықта аталған орны және әлемнің құрылымы туралы философиялық ілім.

Аktуальды интеллект - актуальды пайымдалғыш болғандықтан интеллектінің формалары болып табылатын интеллекцияның пайымдағыш

объектілерін пайымдағанда, бұған дейін актуальды саналып келген интеллект жүре келе дарыған интеллектіге айналады.

Архетип - күрделі психологиялық құрылым, олай болса, этноархетип те осы аталған жүйемен құрылатын конструкцияға жатады. Себебі оның түбірлестігі архетиптердің классикалық теориясына байланысты көне мифтерден, аңыздар мен діни салттардан, т.б. тұратын болса, этноархетип, сәйкесінше, осының ұлттық моделі болып шығады. Сондықтан қазіргі қазақ суретшілеріндегі туындылардың архетиптік бейнесі синкретті түрде ұлттық нышанның барлығын қамтып тұрады, кейде тіпті олар бір туындыда үйлесімді конструкция жасайды да, ұлттық архетиптің тұтастығын қамтамасыз етуге бағдарланады. Мәселен, К. Шаяхметовтың «Тал түс» шығармасында тұтас дала, әдет-ғұрып, салт-сана және т.б. жинақталған түрде конструкцияланған.

Ассимиляция – ұлттың немесе оның бір бөлігінің басқа ұлттың тілін, мәдениетін қабылдауы немесе ұлтсыздануы. Ассимиляция кеңестік ғылыми әдебиетте табиғи және күшпен ассимиляциялау деп екіге бөлінді. Ассимиляцияның қай түрі де зорлық, өйткені өз еркімен ұлттық қасиеттерінен айырылуға келісетін ұлт жоқ; Ассимиляция бір халықтың басқа ұлттармен тілдерін, мәдениеттерін, ұлттық өзіндік саналарын жоғалтқандарына байланысты еніп, соның нәтижесінде ұлттық психологиялық ерекшеліктерінің трансформациялануынан көрініс береді.

Ассимиляция – белгілі бір материалды қазіргі кезде бар мінез-құлық үлгілеріне сәйкес меңгеру, шынайы уақиғаны индивидтің танымдық құрылымдарына «жақындату». Жан Пиаженің зияттың даму тұжырымдамасында ассимиляция бар дағдыларды жаңа жағдаятқа бейімдей алу қабілеті деп түсіндіріледі.

Ассоциация – ойлау үдерісінде психика элементтерінің арасында пайда болатын байланыс. Оның нәтижесінде бір элемент пайда болғанда, қандай да бір жағдайларда онымен байланысты, басқа элементтің бейнесі пайда болып жатады.

Ассоциациялық оқыту - түсініктер мен дағдылардың біртіндеп қалыптасуын қамтамасыз ететін ассоциациялар, мнемоника, шынығу жаттығулары, еліктеушілік, нұсқаулар арқылы оқу.

Ассоциациялық оқыту - нақтылы жаңғырту мен жақсы есте сақтауға көмектеседі.

Атрибуция - адамның жүріс - тұрыс себептерімен дәлелденген жеке Қасиеттерін, мінезін, оның іс - әрекетін кәдімгі талдау негізінде басқа адамға Тапсыру.

Аффекттік фактор – адамның өмірі мен қызметіне әсер ететін, жоғары эмоционалдылықпен, терең күйзеліспен сипатталатын, күшті, айқын пайда болатын және қызуқанды өтетін психикалық жағдаймен байланысты фактор.

Аффекттік теория – педагогика мен психология саласындағы теория, ол жай ғана қабылдау, қызығушылық білдіру, қам жеуден бастап құндылықтар бағдарын игеру мен олардың қызметте көрініс табуы сияқты

қоршаған орта құбылыстарына эмоционалдық-адами қарым-қатынас қалыптастыруға негізделеді.

Ә

Әдіснама - (грек тіліндегі methooolos -зерттеу және тану жолдары, logos - тцсінкі, ілім) -теориялық және практикалық жұмыстарды, сондай-ақ осы жүйе туралы ілімді құру және ұйымдастыру принциптері мен әдістерінің жүйесі.

Әдеп - игі әдетпен, өміршең әдет-ғұрыппен қалыптасқан ұлттық мәдениеттің көрінісі, мәдени үрдістердің, имандылықтың тірек-негізі.

Әдептілік - белгілі моральдық нормалар мен принциптерді бұлжытпай орындау. Егер моральдық нормалар мен принциптер кісінің бойына сіңсе, ол адамдардың әдептілік қасиеті не әдептілік сезімі болып саналады.

Әдептілік – халқымыздың ұлттық психологиясының өзегі, имандылық пен адамгершіліктің басты белгісі, оның ғасырлар бойы қалыптасқан қоғамдық санасының практикалық көрінісі, барлық кісілік қасиеттердің жиынтығы. Әрине, «Тауына қарай аңы, заманына қарай заңы», «Әр елдің салты басқа, иті қара қасқа» дегендей, әдептіліктің әр елде тарихи, әлеуметтік өзіндік ерекшеліктері де болғандығы белгілі. Ал, қазақ халқының әдеп сақтау дәстүрі ешбір тапты, ұлтты, нәсіл мен жыныс айырмашылықтарын алаламайды. Онда релятивизм, абсолютизм, антитеза дегендер кездеспейді. Әдеп сақтау отбасында, ауыл-аймақ, ел жұртта қалыптасқан мінез-құлық нормаларын бұзбауға міндеттейді. Мұны бұзған адамға қауымдастық атынан сол ұжымның өкілі өз пікірін айтуға, тіпті тыйым салуға да ерікті, өйткені әдеп сақтау – әлеуметтік дәстүр. Әдеп сақтаудың экологиялық астары да бар. Әдепті адам табиғаттың досы, оны қызғыштай қорғай да біледі. Табиғаттың әсемдігі мен сұлулығына, әдемілігіне әрбір адам зиян келтірмеуге тиіс. Мәселен, суды ластау, талды кесу, қайнардың көзін ашпау, жолдағы тасты алып тастамау, көкті жұлу, аққуды ату, құдыққа түкіру – барып тұрған әдепсіздік. Әдеп сақтау – мінез-құлық пен қарым-қатынастың қалыптасқан, халықтың өзіндік мінез-құлық кодексі. Осы ереже бұзылса, халықтық дәстүр де бұзылады, ұлттық намысқа нұқсан келеді. Әдеп сақтау – халықтық рәсімге, жол-жоралғыға, тәртіпке, құлдық етіп, еріксіз бағыну емес, бұл ата дәстүрді құрметтеу, қастерлеу, дәл айтқанда адамгершілік борышты өтеу. «Әдептілік – әдемілік» дейді халық. Әдептілік – ізеттілік, кішіпейілділік, көпшілдік деген сөз. Отбасындағы әдептілікті де әлеуметтік қарым-қатынастың негізі ретінде, әр адам қатаң қадағалап, бұзуға жол бермей, оны қалыптасқан ереже деп түсінуі қажет. Талап қою, әдептіліктің орындалуын талап ету – бүкіл қазақ жұртының, оның мың-мыңдаған әулеттерінің қастерлі міндеті.

Әдет – адамның іс-әрекетіндегі мінез-қылығына байланысты тұрақты қасиеті. Психологиялық тұрғыдан алғанда Әдет адамның белгілі бір іс-әрекет түрін бұрынғы өмір тәжірибесінде қалыптасқан дағдылары мен біліміне сүйене отырып жүзеге асыруға септігін тигізеді. Адамның тарихи дамуында

ол көпшіліктің игілігіне, әдет-ғұрып, салт-дәстүрге айналып, халықтық сипат алуы мүмкін. Әдет адамның қажеттілігін өтеуге сәйкес қайталанып отыратын әрекет. Ол адамның кез келген іс-әрекетінің түрінде кездеседі. Еңбек сүйгіштік, жақын адамдардың ісіне көмектесу, ұйықтау алдында серуендеп, жуынып-шайыну – әдеттің ұнамды әрі пайдалы түрлері. Ал ұстамсыздық, біреудің сөзіне кесе-көлденең кірісіп, оны бөлу – әдеттің ұнамсыз сипаттары. Жағымды әрекеттер адам мінезінің ұнамды жақтарын қалыптастыруға әсер етеді. Әдет адамның тыныс-тіршілігінде біршама тұрақты қалыптасқан, бойына үйреншікті болып кеткен әрекеттің автоматтандырылған түрі. Оның дағдыдан айырмашылығы: мұны адам ылғи да қажетсініп тұрады және өзі бекітілген сәйкес жағдайларда үнемі тұрақты қайталанып тұрады. Бұл – әрине адаммен көбінесе саналанбайтын және өзіндік реттелуге келмейтін мінез-құлық ерекшелігі. Әдеттердің өзі негізінен екі түрге жақсы және жаман әдетке бөлінеді. Әдеттерден құтылу өте қиынға соғады. Олар тіпті организмнің психофизиологиялық таптаурын реакцияларына айналып кетеді. Әдет адамның тума қасиеті емес. Ол өмір сүру процесінде пайда болып, бекиді. Жақсы әдет адамның, бедел-абыройын арттыруға, күш-жігерін, уақытын мақсат еткен пайдалы істерге жұмылдыруына, көп істерді тындыруына көмектеседі, бала-шағасы мен айналасындағы адамдарға үлгі-өнеге рөлін атқарады, ал жаман әдет керісінше мінез-құлқына нұқсан келтіреді. Адамның іс-әрекетінің түр-түріне байланысты, сондай-ақ психикалық қасиеттерінің көрінуі ерекшеліктеріне қарай түрлі салаларға бөлуге болады. Мысалы, гигиеналық-санитарлық әдеттер, мәдени әдеттер, еңбек әдеттері және т.б. сияқты. Әдеттердің қалыптасуына шартты рефлексстер жүйесі немесе динамикалық стереотиптер негіз болады. Әдет-ғұрып белгілі бір жергілікті аймақта күші бар немесе бір не басқа топтағы адамдардың қабылдаған, яғни әдетке айналған қылық ережелері: халықтық құқық және этикалық кодекс.

Әдіс (метод) – көздеген мақсатқа жетудің бірыңғайланған тәсілдері, тәртіпке келтірілген қызмет жүйесі. Ғылыми негізделген әдістерді саналы түрде қолдану – жаңа мағлұматтарды алудың маңызды шарты. Тәрбие және оқыту әдістерін жасап, топтастыру – тәлім-тәрбиедегі негізгі міндеттердің бірі. Тәлімдік әдістерге байқау және қателік, жобалау әдісі, рейтинг әдісі, басқару әдісі және т.б. жатады.

Әдіснама (грек. Methodos – зерттеу жолы, теория және logos – ілім) – 1) ғылыми таным әдісі; 2) ғылымда қолданылатын негізгі принциптер. Психология теориясына лайықты танымның ұстанымы, әдісі, нысаны мен таным амалдары арқылы психологиялық болмысты өзгеріске түсіру. Зерттеуші психологтың нәтижеге жетуі оның ғылыми құрал-жабдықтармен қарулануымен қатар, түрлі тәсілдерді әдіснама қорынан таңдап алуына байланысты; 3) дүниенің, қоғамның объективтік заңдылықтары мен құбылыстарын практика және теория игертуге және өзгертуге бағытталған таным принциптерінің жиынтығы. Әдіснама – әдістер туралы ілім, әдістер теориясы, зерттеліп отырған объекті жөніндегі мәліметтерді және

жаңалықтарды бір ізге келтіру тәсілдерінің жүйесі. Ғылыми әдістің негізгі мақсаты – объективтік ақиқатты ашу. Зерттеудің нәтижесі де, оған апаратын жол да, әдіс те ақиқат болуы қажет. Әдіснаманың негізінде белгілі бір білімдер (ұғымдар, заңдылықтар) жүйесі жатады. Әдіснаманың ақиқаттығы оның негізінде жатқан теорияның ақиқаттығына байланысты. Ғылыми әдіснаманың дұрыс құрылған теорияға негізделгендіктен, қате болуы мүмкін емес. Дегенмен, объектіні тану кезінде әдіснаманы қолдануда қателік болуы мүмкін. Әдіс пәннің ерекшелігі арқылы анықталғанымен, олар бір-бірімен қарама-қарсылықта болады. Пән мен әдістің бірлігі қарама-қайшылықтардың бірлігі болып табылады. Әдіс зерттелетін пәннің ішкі заңдылықтарын біртіндеп қарау арқылы ғана ашады. Әдіс пен пәннің толық сәйкес келуі субъекттің объектке біртіндеп жақындауы нәтижесінде болуы мүмкін. Әдіснама ғылыми-танымдық іс-әрекеттің формасы мен әдістері, әдістемелер бірлігі мен байланысының теориялық негіздеулері туралы ілім. Ғылым әдіснамасы зерттеу компоненттеріне (объектке, затқа, мақсатқа және зерттеу мәселелеріне) сипаттама береді және зерттеу мәселелерін шешу үрдісіндегі алдағы әрекеттер туралы түсінікті қалыптастырады.

Әдістеменің сенімділігі – нақты бір әдістеменің кім, қайда және қандай уақытта қолданғанына қарамастан сенімді және тұрақты нәтижелер беру мүмкіндіктерін көрсететін психодиагностикалық әдістеменің сапасы. Әдістеменің сенімділігі – психодиагностикалық әдіснаманың сапасы мен оны іс жүзінде қолдану мүмкіндіктерін анықтайтын негізгі қасиеттерінің бірі. Әдістеменің сенімділігі – дегеніміз, осы әдіснамамен зерттеуге алынған психологиялық сапалылықты бөліп көрсету және бағалау.

Әлеуметтік немесе қоғамдық психология (гр. Psyche — жан және logos — сөз, түсінік, ілім) — әлеуметтік топтарға қосылуымен байланысты адамдардың қызметі мен пәнінің заңдылықтарын, сонымен қоса ол топтардың өздерінің рухани ерекшеліктерін зерттейтін жантану ғылымдарының саласы.

Әлеуметтік психология отбасының, ұжымның, таптың, ұлттың, тағы да басқа адамдардың тұрған жеріне, кәсібіне, қоғамдағы алатын орнына қарай жіктелетін топтарының психологиясын зерттейді. Әлеуметтік психология қоғамда болып жатқан саяси-әлеуметтік құбылыстардың сырын түсінуге, олардан қорытынды шығарып, қоғамның даму бағытын айқындауға, ірі топтарды және тұтас қоғамды басқаруға, бағыттарды, шараларды айқындай отырып, оны стратегиялы дұрыс жолға салып отыруға көмектеседі. Сондықтан ғалымдар бұл ғылымның болашағы зор, ХХІ ғасырда жетекші орындарға шығады деп есептейді.

Әлеуметтік психологияның негізгі бөлімдеріне мыналар жатады:

- Әлеуметтік топтардың психологиялық мінездемесі;
- Тұлға психологиясы;
- Ақпарат алмасу заңдылықтары және бірлескен қызмет үстіндегі адамдардың өзара әрекеттесуі;
- Түрлі қауымдастықтарда қалыптасатын тұлғааралық өзара қатынастар.

Әлеуметтік психология өзге ғылымдармен — социологиямен, педагогикамен, философиямен, саясаттанумен, мәдениеттанумен тығыз байланыста болады.

Социология қоғамның, топтың және жеке адамның құндылықтары мен нормаларының сипатын қарастырса, әлеуметтік психология сол адамдар өмір сүретін микро және макроортаның әсерін ескере отырып, олардың қалыптасуының нақты механизмдерін және тұлғаның дара ерекшеліктерін зерттейді. Егер социология тұлғаның әлеуметтік белсенділігінің түпкілікті қайнарларын ашатын болса, онда әлеуметтік психология олардың пайда болу жолдары мен заңдылықтарын қарастырады, белсенділікті мейлінше толық іске асырудың жағдайларын жасауға көмектеседі. Социология түрлі адамдар топтары мен қауымдастықтарының ішіндегі тұлғааралық байланыстардың әлеуметтік мәнін ашады. Ал әлеуметтік психологияны жеке адамның немесе жеке топтың қызметінен ол мәнің қалай және қандай формаларда көрініс беруі, тұлғалық сапалықтардың қалыптасуына қалай әсер ететіні қызықтырады.

Әлеуметтік психологияның философия құрамында ұзаққа созылған даму тарихы бар; Батыста XVIII ғасырдағы ағартушылық кезеңде оған көбірек көңіл бөліне бастады.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында әлеуметтік психология жеке ғылым саласы ретінде орнықты.

XX ғасырдың 20-жылдарынан бастап әлеуметтік психология АҚШ, Англия, Германия, Франция, Жапония сияқты дамыған елдердегі психология ғылымының жетекші бағытына айналды.

Әлеуметтік психология бұрынғы Кеңес Одағында да көп көңіл бөлінген. Кеңес билігі тұсында бұл ғылым жетекші салаға айналды. Кеңестік әлеуметтік психологтардың зерттеулерінде тұлға және ұжым мәселелері Батыстағыдай топ динамикасы заңдылықтарынан өзгеше бағдарда алынып, ерекше теориялық құрылғыда қарастырылды. Ұлттардың және өзге ірі әлеуметтік топтардың психологиясы зерттелді. Олардың арасында Қазақстандық ғалымдардың да үлесі болды.

Әлеуметтік таптаурын (стереотип) – жеке тәжірибе мен қоғамда қабылданған түсініктерді жалпылау нәтижесі ретіндегі ақпараттың жетіспеушілігі жағдайында қалыптасатын әлеуметтік объектілердің – топ, адам, оқиға, құбылыс және т.б. – салыстырмалы тұрақты және қарапайым бейнесі. Әлеуметтік таптаурын термині американдық журналист У.Липман тарапынан 1922 жылы енгізілген. Әлеуметтік таптаурын адамның дүниені бағалауында алатын рөлі зор, себебі ол өзгермелі ақиқатқа жауап қайтару уақытын қысқартып, таным процесін жылдамдатады. Алайда, шектелген ақпарат жағдайында пайда болып, әлеуметтік таптаурын жалған болуы мүмкін және адамдар жөнінде қате білімдер мен пікірлерді қалыптастырып, тұлғааралық өзара әрекеттестікті, қарым-қатынасты бұзады, осылайша консервативтік, реакциялық рөлді ойнайды.

Әлеуметтік топ — жеке тұлғалардың ортақ, ынтымақты, үйлескен іс-әрекетті жүзеге асырудағы қажеттіліктерін қамтамасыз ететін адамдар

бірлестігінің, өзара әрекетінің негізгі түрі, бірігу дәрежесі әрқилы бірлестіктердің құрамын белгілейін өте кең ұғым. Жалпы, әлеуметтік топ ұғымы мүдделердің, құндылықтар мен жүріс-тұрыс нормаларының ортақтығы мен айырмашылықтарына орай халықтың жіктелуін бейнелейді. Қазіргі әлеуметтік ғылымдарда әлеуметтік топтар ретінде таптар, сословиелер, таптар және сословиелер ішіндегі бөлімшелер, этникалық, кәсіптік, жыныстық, жас ерекшелігіне қарай, мекендік, тұтынушылық, діни, білімі бойынша және басқа да топтар қарастырылады. Әлеуметтік топтар теориясында топтар үлкен, орта және кіші болып бөлінеді. Кең мағынасында Әлеуметтік топ ұғымы адамдардың кез келген әлеуметтік бірлесуін – отбасынан, құдастар тобынан елдің, тіпті, бүкіл адамзат қоғамына дейінгі түсінікті қамтиды. Бірақ әлеуметтануда көбіне тар мағынада - қандай да бір жеке, ұжымдық немесе қоғамдық мүдделер мен мақсаттарды жүзеге асыруды көздеген өзара әрекеттегі адамдар жиынтығы - қоғамның ішіндегі құрылым ретінде түсіндіріледі. Әлеуметтік топ мүшелері өздерін осы топқа жатқызады және де басқалар да оларды сол әлеуметтік топтың мүшесі ретінде мойындайды (Р. Мертон). Әлеуметтік топ санына қарай үлкен және кіші; әрекет етудің ұйымдасуы мен реттелуіне қарай ресми және бейресми болып бөлінеді.

1. Үлкен әлеуметтік топтарға халықты қамтитын бірлестіктер кіреді, яғни олар: сословиелер, таптар, әлеуметтік жіктер, жыныстық, жас ерекшелігі бойынша, этникалық, діни және т.б. Топтар. Үлкен топтар елеулі саяси ықпалға ие болғандықтан әр түрлі әлеуметтік қозғалыстардың базалық негізі болуы мүмкін.

2. Орташа топтар өндірістік, территориялық бірлестіктерден құрылады, олардың арасында әр түрлі мүдделер мен саяси бәсекелестік болуы мүмкін.

3. Кіші топтарға, ең алдымен, мүдделер ортақтығы негізінде пайда болатын тұрақты немесе уақытша ассоциациялар жатады. Отбасы, шағын өндірістік бірлестіктер, қоғамдық өмірдің әр түрлі ұйымдары кіші топтар түрлері ретінде есептеледі.

Аталмыш барлық топтық бірлестіктер қандай дәрежеде болмасын қоғамның саяси өміріне қатысып, саясат субъектісі бола алады. Осы топтардың ішінде үлкен топтың қызметі ерекше.

Әдет-ғұрып - белгілі ситуациялардағы адам мінез-құлқының қайталанатын әдетті дағдылары.

Әлеуметтік құбылыс- қоғамдық өмірдің ішкі мәнін ашатын нақты сыртқы көрінісі ретіндегі деректер, оқиғалар, барыстар жиынтығы. Әлеуметтік шындықтың теориясын, оның зерттейтін заңдарымен заңдылықтарын ұғынып алу танысу субъектінің құбылыстар мәніне енуі болып табылады. Бұл өзара тығыз байланысты құбылыстар мәніне енуі болып табылады, нақты оқиғаларды, деректерді, барыстарды талдау арқылы

Жүзеге асып, нәтижесінде адам қоғамдық дамудың жалпы заңдылықтары жөнінде қорытындағы келеді және оларды тәжірбелік іс-әрекетіне басшылыққа алу мүмкіндігіне ие болады.

Әңгіме - оқушылардың ой әрекетін жандандыру мақсатында қолданылатын оқыту тәсілдерінің бірі; әңгімелесу үдерісінде оқушылар мұғалім қойған және құрдастарында пайда болған сұрақтарға жауап бере отырып, жаңа білім алады, бар білімдерін қайталап, бекітеді.

- Диалогтік әңгіме - белгілі бір тақырыпқа бағытталған диалог жүргізуге негізделген вербалды-коммуникативтік әдіс. Диалог барысында идеялар екі бағытта жүріп, оқушының қарқынды білім алуына септігін тигізеді. Диалог барысында оқушылар (сондай-ақ олардың мұғалімдері) тең құқылы серіктестер болып табылады. Олар бар күштерін келісілген нәтиже алуға жұмсайды және Мерсер (2000) айтқандай, бірлескен білім алу немесе «пікір алмасу» үдерісіне тартылады.

- Зерттеушілік әңгіме - бұл әңгіме түрінде әркімнің идеясы пайдалы деп қарастырылғанымен, олар егжей-тегжейлі бағалаудан өтеді. Зерттеушілік әңгімеге қатысушылар бір-біріне сұрақ қойып, бір тоқтамға келу үшін оларға негізді жауап береді. Алайда зерттеушілік әңгімеде келісімге келу емес, керісінше оны іздеу үдерісі Маңызды болып табылады.

- Кумулятивтік әңгіме - бұл әңгіме түріне қатысушы әрбір адам басқа адамдардың айтқанын қабылдайды және олармен келіседі. Кумулятивтік әңгіме білім алмасу мақсатында қолданылады, бірақ әңгімеге қатысушы адамдар бір-бірінің идеяларына төзімділікпен қарайды. Кумулятивтік әңгіме үдерісінде идеялар қалыптасады, қайталанады, бірақ үнемі егжей-тегжейлі бағалана бермейді.

Әңгіме-дебат – оның барысында қатысушылар арасында ой-пікірлерде үлкен алшақтық болады және әрқайсысы өз шешімдерінде қалады. Әңгіме-дебат ынтымақтастыққа бағдарланбаған бәсекелестікке негізделеді.

Әлеуметтік-сындарлы оқыту - талқылау, пікірталас, ынтымақтастық, білімді бірлесіп құру сияқты диалог жүргізудің түрлі әдістерін қолдана отырып түсініктер мен дағдыларды қалыптастыру арқылы оқу.

Әңгіме жүргізудің сократтық әдісі (грек. Μαθητική, сөзбе-сөз аудармасы - босанатын әйелге көмек көрсету) - сұрақтарды шеберлікпен қою арқылы адам бойындағы жасырын білімді жарыққа шығару әдісі.

Әріптеспен кеңесу - іс-тәжірибеде туындаған кәсіби мәселелерді шешуге бағытталған, белгілі бір жолмен құрылған әңгіме арқылы іске асырылатын әріптеспен жүргізілетін қарым-қатынас.

Б

Бақылау – белгілі бір мақсат қойып, объектіні әдейі қабылдау. Ой жүгірту, зейін қою байқаудағы негізгі әрекеттер. Психологияда Б. кең тараған әдіс, оның мәнісі: зерттеуші басқа адамның іс-әрекетін, оның мінез-қылығын, психикасын, сыртқы көріністерін (қимыл қозғалыстарын, сөйлеген сөзге реакцияларын, мимикасын, жалпы әрекетін), сондай-ақ адамның ерік- күшін, сезім ерекшеліктерін, темпераментін, жүріс-тұрыстарын жүйелі, жоспарлы түрде бақылайды, осыған орай ол адамның психикалық үрдістері, жай-күйі

және психикалық қасиеттері жөнінде қорытынды жасайды. Белгілі жоспар бойынша жүйелі біраз уақыт бойына зерттелуші адамның психикалық ерекшеліктерін қадағалауды бақылау әдісі деп атайды.

Бақылау әдісі - әдетте, табиғи жағдайда, зерттелінуші адамның әрекетіне әдейі араласпай ақ жүргізіледі. Байқау әрі жүйелі, әрі мақсатты үрдіс, арнайы жүргізілген әрекет. Ғылыми байқау кездейсоқ, дұрыс ұйымдастырылмаған және жоспарлы түрде жүргізілмейтін қарапайым байқаудан өзгеше болып келеді. Бақылау әдісі нәтижелі болып шығуына қажетті кейбір шарттар:

1) Бақылаудың ұзақ уақыт бойына жүргізілінуін және бір фактінің өзі бірнеше рет қайталанып зерттелінуін қамтамасыз ету;

2) Зерттелетін объектіні айқын белгілеу және байқаудың мақсатын түсіне білу қажет. Мыс., байқау объектісі ретінде сабаққа үлгерімі нашар оқушыны алатын болсақ, мақсатымыз оның сабақ дайындау кезіндегі ой жұмысының кейбір ерекшеліктерін білу;

3) Байқалған фактілерді сол сәтте жазып отыру, кейін оған мұқият талдау жасау, басты фактілерді сұрыптап алу – осы әдіске қойылатын негізгі талаптардың бірі.

Бата – адамға жақсы тілек білдіріп, оны құдайдың қорғап-қолдауда қолданылатын ұлттық тәлім-тәрбие тәсілдерінің бір түрі. Басқа да жоралармен бірге бата дұға оқу, Аллаға сыйыну кездерінде де айтылады. Бата адамға психологиялық тұрғыдан әсер ету, оны рухани жағынан қолдау үшін де қолданылады. Оны көп жағдайда көнекөз қариялар, көпті көрген ақсақалдар береді. Кісіге қуат беретін оң батамен қатар, кей жағдайларда теріс бата деп аталатын түрлері де болады.

Беташар — қазақтың келін түсіргенде жасалатын салтының бірі. Дәстүрлі беташар, әдетте, тойға жиналған халық тарқар кезде өткізілген. Шымылдық ішінде отырған келіннің басына орамал жауып, той өтіп жатқан үйдің ең жақын, үлгілі келіндері екі жағынан қолтықтап алып шығады. Беташардың тәрбиелік мәні зор болғандықтан, келіншектің екі жағына тұратын әйелдер жесір, жеңілтек, т.б. болмауы қатаң ескеріледі.

Бесікке салу — нәрестені алғаш бесікке бөлеу рәсімі. Бесікке саларға шақырылған ауыл-үйдің әйелдері шашуын, жол-жоралғысын ала келеді. Баланы алғашқы бөлеу үлгілі ұрпақ өсірген қадірменді әйелге тапсырылады. Ол өзінен басқа тағы бір-екі келіншектің көмегімен бесікті жабдықтайды, сәбидің әжесі не шешесі түбектің тесігінен балаларға тәтті үлестіреді. Осыдан кейін бесікті отпен аластап, баланы бөлейді. Бесікке салған әйелдерге көйлек, жаулық сияқты сый тартылады. Үлкендер батасын беріп, баланың ер жетуіне, ананың үбірлі-шүбірлі болуына тілектестік білдіреді.

Бауырмалдық – қазақтың ұлттық психологиясына тән имандылық қасиеттің ерекше бір көрінісі. Халқымыздың бауырмалдығы «бала бауыр еттен жаралған» деп, оны ерекше қастерлеп, әлпештеуден басталады. Ата текті дұрыс ажырата алу – бауырмалдықтың бір көрінісі. Бұл «рушылдық» емес, өзінің шыққан тегін білуге деген ынтызарлық. Өз руын ғана қастерлеу,

қызмет бабында қандастарына ғана қамқорлық жасау білімді, инабатты, зиялы адамға жараспайды. Кеңпейілді, ақниетті, адал жүректі, пәк көңілді қазақ халқының тумысындағы мінез-құлқына қарама- қайшы келетін «бөліну», «бөлшектену» пиғылдарын уағыздайтын адамдарда имандылық пен адамгершілік жағы жетіспей жатады. Ондайлар ел бірлігіне нұқсан келтіріп, кейде жекелеген руларды тіпті қайғы-қасіретке ұшыратуы да ықтимал. Халқымыздың бауырмалдық секілді атам заманнан сүйегіне сіңген асыл қасиеті «Құран-кәрім» қағидаларымен де ұштасып жатады. Осы қасиетті кітап: ешбір адам баласы жат емес, барлық адамзат баласы бір-біріне дос, бауыр дейді. Олай болса, «Ақ, қарамыз, сарымыз – дос-бауырмыз бәріміз» – деп, халықты ру мен жүзге бөлмей, кішкентай кезден жас ұрпақты бауырмалдық қасиетке баулуымыз қажет. Жас ұрпақ әркез «бауыр», «бауырым», «бауырластық» деген сөздердің мән- мағыналарын терең де жете түсінгені абзал. Өйткені, бауырмалдық халқымыз ерекше қастерлейтін құдіретті қасиет. Онсыз өмір жоқ, ол бар өмірдің «тұздығы», жылуы мен қуаты, сәні мен мәні.

Борыш сезімі – адамның моральдық сезімдері деп аталатын сезімдердің ішіндегі өте маңызды және орталық орын алатыны. Ол әр алуан адамның қоғам алдындағы немесе жеке адамның әке-шеше алдындағы адамгершілік парызын өтеуіне қойылатын талап. Жеке адамға қоғам тарапынан қойылатын талаптың қоғам мүшелерінің бәріне ортақ міндетті болуы заңды. Мыс., әр азамат кәмелетке толған соң әскери борышын өтеуі, армия қатарына шақырылуы міндетті. Немесе «Табиғатты (өзен, су, орман-тоғайды) қорғау – әр азаматтың парызы», – деген конституцияда жазылған мемлекеттік талап бар. Ол талапты орындау – қоғам мүшелерінің бәріне ортақ, міндетті заң болып саналады. Сондай-ақ, жеке адамдардың ар алдындағы азаматтық борышы болып саналатын моральдық талап: әке-шешенің баланы асырап сақтауға міндеттілігі немесе керісінше қарт ата-аналарын балаларының бағып-күтуге міндеттілігі – заң жүзінде де, моральдық жағынан мойын ұсынып, мүлтіксіз орындауы азаматтық ар алдындағы да қалыптасқан міндеттілік борышы. Борыш – жеке адамның өзгелер алдындағы жауапкершілігінің көрінісі. Борыштың өлшемі, мағынасы парызға жуық. Борыш – кәсіби әдептанудың негізгі категориясы: жауынгерлік борыш, дәрігерлік борыш, ұстаздық борыш, ата-аналық борыш, т.б.

Бағдар картасы - белгілі бір тапсырма, сондай-ақ жалпы сабақ көлемінде оқудың соңғы нәтижесіне жетуге бағытталған және оқушыларға арналған қадамдап көрсетілген нұсқаулық; оқушылардың өз бетімен жұмыс істеу қабілетін дамытады, оқушыларды шығармашылықпен ойлауға бағыттайды, тапсырмаларды орындауда қолданылатын креативті тәсілдерді дамытады.

Бағалау - оқу үдерісі мен нәтижелерін жүйелі түрде және сыни талдау, соның негізінде ағымдағы және кейінгі оқу үдерісіне қатысты тұжырым жасап, шешім және/немесе ұсыным шығаруға бағытталған қызмет.

- Критериалды бағалау / Оценивание критериальное / Criteria assessment- оқушының оқу нәтижелерін білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес келетін, білім беру үдерісіне қатысушылардың (оқушылар, мектеп әкімшілігі, ата-аналар, заңды тұлғалар және т.б.) Барлығына алдын Ала таныс, ұжым талқысынан өткен, нақты анықталған өлшемдер арқылы оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген үдеріс. Критериалды бағалаудың екі түрі бар – жиынтық және қалыптастырушы.

- Жиынтық бағалау (оқуды бағалау) / Оценивание суммативное (оценивание обучения) / Summative assessment (assessment of learning) - оқытудың нәтижелерін жіктеу, сертификаттау және тіркеу мақсатында оқытудың қорытындыларын шығару. Жиынтық бағалау оқу циклдері мен сатылары аяқталғанда жүзеге асырылып, оқушының белгілі бір кезеңдегі дайындық деңгейінің көрсеткіші болып табылады, біртұтас бағалау критерийлері негізінде іске асырылады.

- Қалыптастырушы бағалау (оқыту үшін бағалау) / Оценивание формативное (оценивание для обучения) / Formative assessment (assessment for learning) - мұғалімдерді, оқушыларды және педагогикалық үдерістің басқа да қатысушыларын оқуды жетілдіру үшін қажет ақпаратпен қамтамасыз ететін оқудың ағымдағы бағалануы. Қалыптастырушы бағалау сыныптағы күнделікті жұмыс барысында жүзеге асырылып, оқушының ағымдағы оқу үлгерімінің көрсеткіші болып табылады. Оқушы мен мұғалім арасында кері байланысты қамтамасыз етіп, оқу үдерісіне уақтылы өзгеріс енгізіп отыруға Мүмкіндік береді.

Бағалау критерий - ұсынылған талаптарға сәйкес бір нәрсені бағалау бойынша шешім қабылдау ережесі, негіздемесі. Әр критерийдің дескрипторлары (әрбір нақты жұмыс үшін) болады, онда мектеп тапсырмасының орындалу нәтижесінің дұрыстығы туралы нақты түсінік беріледі. Дескрипторға сәйкес бағалау оқушының қойған мақсатына жетуін анықтайды.

Бағалауды реформалау тобы - бағалау рәсімдерінің, сондай-ақ оқыту мен оқу тәжірибесінің білім берудегі релеванттық нәтижелерге сай болуын қамтамасыз ету мақсатында 1989 жылы Білім беру саласындағы зерттеулер бойынша британ қауымдастығы (ағылшын тілінде British Educational Research Association (BERA)) ұйымдастырған ерікті зерттеушілер тобы. Сонымен қатар бұл топ бағалау рәсімдерінің мақсатын, міндеттерін және күтілетін нәтижелерін анықтау мақсатында мұғалімдер, мұғалімдер қоғамдастықтарымен және білім беру ұйымдарымен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істеді. Топ 2010 жылы өз жұмысын тоқтатты.

Балажандылық - қазақ халқы үшін болмыстағы баға жетпес байлық - Ол бала, баланы қазақ халқы өмірінің жалғасы, ұрпағын, ата кәсібін жалғастырушы деп бағалап бала тәрбиесіне көп көңіл де бөле білген. Қазақ Халқы бала туралы өз пікірлерін: "Артында байлық қалғанша бала қалсын", "Ер адамның алдында ашылатын есігі болсын, әйел адамның алдында тербететін бесігі болсын" - деп орынды бере білген.

Бауырмашылдық - Адамның баласы-бауырың деп Абай атамыз айтқандай қазақ халқына бауырмалдық тән. Кез келген қазақ жөн сұраса келе бір-біріне туыс, бауыр болып шығады. Жалпы ағайын деген сөздің өзі туыс, рулас, кейде тұқымдас мағынасында айтылады. Ағайын деген сөздің арғы тегі аға-іні деген сөздерден шыққан сияқты, туыстық қарым-қатынас қазақта бір-біріне қол ұшын беру, көмек көрсету тұрғысында да өзінің кең Пейілділігімен, бауырмалдылығымен ерекшеленеді.

«Бастама-жауап-кейінгі әрекет» - диалог жүргізу үлгісі. Оның барысында мұғалім сыныпта әңгімені бастап, оның іске асырылуын бақылап отырады (Mercer, 1995). БЖӘ оқушыларға диалогтік әңгімеге қатысуға мүмкіндік беруді көздемейді.

Басымдық (лат. Prior – бірінші, аға) – белгілі бір іс-әрекетті жүзеге асырудың уақыт жағынан бірінші кезекте болуы.

Белсенді оқу– педагогикалық (дидактикалық), сондай-ақ ұйымдастырушылық-басқару құралдарын кеңінен және мүмкіндігінше кешенді пайдалану арқылы оқушылардың оқу-танымдық қызметін жан-жақты жандандыруға бағытталған оқу үдерісін ұйымдастыру және жүргізу.

• Белсенді оқу әдістері / Методы активного обучения / Active learning Methods – оқу материалын өз бетінше, бастама жасай отырып, шығармашылықпен игеруде оқушылардың оқу үдерісіне толыққанды ойлану арқылы тартылуын көздейтін әрекеттер мен амалдар. Белсенді оқу әдістеріне дебат, пікірталас, рөлдік ойындар, жоба жүргізу, т.б. Жатады.

Блум таксономиясы – 1956 жылы америкалық психолог Бенджамин Блум ұсынған танымдық саладағы оқытудың педагогикалық мақсаттарының жіктелуі. Оған ойлау дағдыларының алты деңгейі кіреді: білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау.

• Білу - деректерді, жағдайларды, негізгі тұжырымдамалар мен жауаптарды көрсету арқылы өтілген материалдың есте сақталғанын растау.

• Түсіну - негізгі идеяларды ұйымдастыру, салыстыру, түсіндіру, сипаттау және бекіту арқылы деректер мен идеяларды түсінгенін көрсету.

• Қолдану - жаңа білімдерді, әдістерді және Ережелерді түрлі нұсқада қолдану.

• Талдау– біртұтас объектіні жақсылап зерттеу немесе оның мән-мағынасын түсініп-білу мақсатында ұсақ құрамдас бөліктерге бөлу үдерісі.

• Жинақтау - алғашында бөлінген ұғымдарды біртұтас біріктіру үдерісі.

• Бағалау – объектінің құндылықтарын, кемшіліктерін, маңыздылығын және басқа да сипаттамаларын белгілі бір критерийлер мен стандарттар негізінде анықтау үдерісі.

Білім беру порталы - оқу мақсатындағы ақпараттық ресурстарға қатынауды қамтамасыз етуге, тиісті білім беру ұйымдарына білім беру қызметтерін көрсетуге, жаңа коммуникациялық кеңістік құрып, білім беру желілік қоғамдастығына қатысушыларды Интернет желісінің құралдарымен қамтамасыз етуге арналған Интернет телекоммуникациялық желісіндегі компьютерлік жүйе (серверлер жиынтығы немесе мультисервис сервері).

Білім берудегі парадигма - педагогикалық ғылыми зерттеулермен анықталатын және нақтылы бір кезеңде педагогикалық қауымдастық мойындаған түйінді педагогикалық тұжырымдамалық ережелер мен идеялар жиынтығы.

Білім беруді басқару - білім берудің тиімділігін арттыруға бағытталған білім беру үдерісін басқарудың қағидаттары, әдістері, ұйымдастырушылық нормалары мен технологиялық амалдарының кешені.

Білімнің педагогикалық аспектісі - білім беру мәнмәтінінде нәтижелілікті қамтамасыз ететін аналогия (ұқсастық), суреттеу, мысалдар, түсіндіру және көрсету әдістерін қолдана отырып, оқытуда ғылыми идеяларды қолданудың барынша тиімді, оңтайлы нысандары болып табылады. Мысалы, жаратылыстану ғылымдарының білікті мұғалімі ғылыми идеялар мен үдерістерді оқушылардың өз бетінше зерделеуін қамтамасыз Етіп, оқушылардың белгілі бір тобына ұсыну үшін абстрактілі құрамдас бөліктерге бөлуге қабілетті болуы тиіс.

Білімнің технологиялық аспектісі - технологиялық білімдер (ТБ) мен пәндік білімдердің (ПБ) өзара әрекеттесуінің тәсілі. Білімнің технологиялық аспектісі мұғалімнің өзі сабақ беретін пәнді ғана емес, оқыту технологияларын қолдану арқылы осы пәнді жетілдіру тәсілдерін де білуін көздейді.

Білім алушылардың өздік жұмысы – дидактикалық міндеттерді өздігінен орындауға бағытталған, танымдық әрекеттерге қызығуын қалыптастыруға, ғылымның белгілі бір саласы бойынша білімдерін толықтыруға бағытталған білім алушының ерекше оқу әрекеті.

Білім алушының оқытушының жетекшілігімен жасайтын өздік жұмысы – сабақ кестесінде көрсетілген, оқытушының жетекшілігімен жасайтын білім алушының өздік жұмысы.

Білім алушының оқудағы жетістігі – оқу үдерісінде білім алушылардың алатын білімі, білігі мен дағдысы, құзыреті және жеке тұлғаның дамуындағы қол жеткізген деңгейінің көрінісі.

В

Вебинар (онлайн-семинар) - шынайы уақыт режимінде интернет желісі арқылы өткізілетін веб-конференциялардың, онлайн-кездесулер мен таныстырылымдардың бір түрі. Вебинар кезінде әр қатысушы өзінің компьютерінің алдында отырады, ал олардың арасындағы байланыс Интернет желісі арқылы әрбір қатысушының Компьютерінде орнатылған қосымшалардың көмегімен немесе веб-қосымшалар арқылы жүреді.

Волонтер – ерікті, бастама білдіруші.

Воркшоп - қатысушылар ең алдымен өздерінің атқарған белсенді жұмыстарының нәтижесінде білім алатын қарқынды оқу іс-шарасы.

Г

Гносеология – грек сөзі: - білім, ілім – таным теориясы – сын және таным теориясын зерттеумен шұғылданатын философиялық пән.

Гуманизм (адамшылық, азаматтық) – адам құндылығын қабылдайтын, ерік-жігер құқығымен дамытатын іскерлігін көрсете алатын, қоғамдық қарым-қатынастарда адам игілігін бағалаудың өлшемдік түсінігі.

Гуманистік - адам сүйгіштік, адам мен қоғамдық қасиеттерге құрметпен қарау

Гетереостереотип - басқа халықтар өкілдері туралы бағалау пікірлер жинағы.

Гетеростереотип (гетеротаптаурындар) – бір этностың басқа ұлт өкілдерінің дүниетанымы, психологиясы туралы біршама тұрақты қалыптасқан пікірлері. Этностардың өзара қарым-қатынасына қарай, жағымсыз түрлері көп жағдайларда теріс түсініктерге негізделген түрлері жиі кездеседі. Мәселен, кейбір ұлт өкілдерін, кавказдықтарды, әсіресе шешендерді «тентек», «бұзық» деп әртүрлі себептеріне, байыбына бармай теріс түсініктер жасайды.

Д

Даму- өзіне тән ерекшелігі бар сапалық қозғалыстың түрі. Құбылыстардың пайда болуы мен жойылып кету дамуға байланысты. Кез келген даму уақытпен байланысты болады. Дамудың бағытын тек уақыт анықтайды.

Дарынды және талантты оқушылар – Бағдарламаның негізгі идеяларына сәйкес «дарынды» және «талантты» деген ұғымдар «дарынды және талантты» деп біріктірілген болатын. Бұл санаттағы оқушылар өздерінің оқуларының нәтижелілігін арттыру әдістерін іздеуге және өзін өзі бақылау

Қабілетіне ие; олар ақпаратты талдауға, толықтыруға, таңдауға, пайдалы және орынсыз деп саралауға, оның мағынасын бірден түсінуге; проблеманы анықтап, басқа оқушылардың ұсынған шешімдерінен өзгеше баламалы шешімдерді таңдауға; қызығушылықты арттыру мақсатында анағұрлым күрделі ойындар мен тапсырмаларды құрастыруға қабілетті болып келеді; олар ерте жаста назарын ұзақ уақытқа бір нәрсеге сыртқы мәжбүрлеусіз шоғырландыру сияқты айрықша қабілетке ие; сондай-ақ осындай балалар қарым-қатынас жасауға, оқуға және жазуға деген қабілеттерін ерте жастан бастап көрсетеді.

Дәлелдеу - әйтеуір бір қағиданың ақиқаттығын осымен байланысты бар басқа ақиқаттар және пайымдаулар көмегімен тауып алудағы логикалық амал. Дәлелді пікір ғылыми ойлау өрнегінің ажырамас белгісі, ғылыми сенімдерді қалыптастыр кезеңі. Сондықтан ұстаздық жұмыста дәлелдеу тактикасы мен методологиясы маңызды орын алады .

Дәстүрлер - ұзақ уақыт бойына қоғамда адамдар арасындағы қатынасқа сақталып ұрпақтан-ұрпаққа берілетін әлеумттік және мәдени мұралардың

Құрыамды болігі.

Дәстүр - (лат. Traditio-жапсыру, жалғастыру)- тарих барысында қалыптасып, ұрпақтан- ұрпаққа жалғасып отыратын әдет-ғұрыптар, салт-сана, қоғамдық тәртіп, заң, мұрат пен игілік, мінез-құлық қалыптары және т.б., қоғамда, ұлтта немесе жекелеген әлеуметтік топтарда ұзақ уақыт бойы Сақталатын әлеуметтік-мәдени мұра элементтері.

Дәстүр – тарихи тұрғыда қалыптасқан және ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын біршама жүйеге түскен мінез-құлық нысандары, ол белгілі әдет-ғұрып, ереже, құндылықтар жиынтығы. Дәстүр адамдардың өмірлік әрекетін реттеудің маңызды факторы, ұлттық тәрбие негізі болып табылады.

Дін – адамзат қоғамындағы аса күрделі де маңызды әлеуметтік-мәдени сана. Діннің басты мақсаты – адамның рухани жетілуі және оның Жаратушы Құдайға сенімі.

Діл (менталитет) - адамдардың белгілі бір қоғамдастығына тән, нақтылы тарихи-мәдени ортада қалыптасқан мінез-құлықтардың және іс-әрекеттердің біркелкі сипатын білдіретін ұғым. Діл мәдени бірегейленуімен және тұлғаның өзін-өзі белгілі бір мәдени ортада сезіну деңгейімен байланысты. Адам баласы тумысынан құндылықтар жүйесін (отбасылық, топтық, этностық, өркениеттік, т.б.), көбінесе, бәз қалпында, дайын күйінде қабылдайды. Еркін таңдау қабілеті, негізінен, шығармашылық қарымы, жасампаздық дарыны мол тұлғаларға тән. Осыған орай, ең алдымен, этностық сананың тұрақтылығын, дүниетанымының әмбебапты болатындығын ескерген жөн. Діл "біз және біз емес" деген ажыратушы оппозицияға негізделеді. Ділді оған табиғаты ұқсастау мәдени архетип пен ұлттық мінез-құлықтан ажырта білген жөн. Өзгермелі ортада тұлғалық тұрақтылықты жүзеге асыратын мәдени архетип тылсымдық, бейсаналы сипат иеленеді, ал таңбалардың, рәміздердің, мағыналардың пайымдалған жүйесін құрайтын діл саналы талқыға түсіп отырады. Ұлттық мінез-құлық мәдени архетиптермен бірге адамдардың қайталанбалы, табиғи, этнопсихолдық ерекшеліктері арқылы көрініс табады.

Діл - әртүрлі адамдардың дүниедегі заттар мен құбылыстарды біркелкі таңбалар мен рәміздер арқылы бейнелей алу қабілетімен ерекшеленеді. Осы біркелкілік адами қоғамдастықтардың ортақ табиғи-тарихи ортада қалыптасуымен де, мәдени сабақтастық нышандарымен де тікелей байланысты болады. Мысалы, еуразиялық Ұлы Даланы қоныстанған көшпелі халықтар ұрпақтарының ділінде көптеген ортақ белгілер бар.

Діл — әлем картинасын жасайтын және мәдени дәстүр немесе қауымдастықтың бірлігін нығайтатын жалпы рухани көңіл-күй, нанымиланым, рух дағдысы, ойдың біртұтас жиынтығы. Менталитет жеке және ұжымдық сананың өзіндік ерекшелігі бар деңгейлерін сипаттайды; бұл орайда менталитет — өзгеше ойлау типі.

Дін психологиясы – діни сананың ерекшеліктеріне, құрылымы мен функцияларына негіз болатын психологиялық және әлеуметтік психологиялық факторларды зерттейтін психология ғылымының саласы. Дін

психологиясы XIX ғасырдың аяғында – XX ғасырдың басында пайда болды және діни сананың құдай (рух), жұмақ, тозақ, күнә және т.б. ұғымдарды қамтитын мазмұны туралы, сондай-ақ намаз, дұға, жалбарыну және басқа да парыздарды атқару кезіндегі адамның эмоциялық күйі мен сезімдері туралы едәуір материал жинақталды. Дін психологиясында әртүрлі теориялық-әдістемелік тұрғаларға негізделген бірнеше ағым бар. Қазіргі дін психологиясы жалпы және әлеуметтік психологияның, әлеуметтанудың, этнография мен дін тарихының теориялық ережелері мен әдістемелерін пайдаланады. Дін психологиясының заңдылықтарын, дамуы мен өз функцияларын атқаруын зерттеу мына бағыттарда жүргізіледі: 1) Дін психологиясының жалпы теориясы діни сананың мазмұны мен құрылымын, діни сезімдерге тән сипатты ерекшеліктерді, тұлға мен қоғамның рухани өміріндегі діннің психологиялық функцияларын зерттейді; 2) дифференциалдық психология нақты әлеуметтік орта мен тарихи дәуірді ескере отырып, дін ұстанатындардың діни сана-сезімі мен сезімдерін қарастырады; 3) діни топтардың психологиясы діни қауымдастықтардың әлеуметтік-психологиялық құрылымын, олардың қарым-қатынас, еліктеу, иландыру, нұсқамалар механизмдерін, дінге сенушілердің санасына, сезіміне және мінез-құлқына әсер-ықпалын зерттейді; 4) діни табынушылық психологиясы діни ғұрыптардың адам психикасына әсер-ықпалын зерделейді; 5) атеистік тәрбиенің педагогикалық психологиясы атеистік дүниетанымды қалыптастырудың принциптерін талдап белгілейді

Дәлелдеу – белгілі бір көзқарасты жеке немесе ұжымдық реципиенттің түйсініп, түсінуі және/немесе қабылдауы мақсатында негіздеу үшін жүргізілетін логикалық-коммуникациялық үдеріс.

Дербестік - белгілі бір істі, мақсатты орындауда бөтен адамның жетегінде кетпей өз білімімен, жігерлілігімен, сенім-қабілетімен шешуге тырысу.

Дескриптор - оқушының белгілі бір тапсырма бойынша орындаған жұмысының деңгейін немесе сапасын сипаттайтын тұжырым.

Джигсо (мозаика) - Эллиот Аронсон ұсынған, оқушылардың білімдік міндеттерді шешу мақсатында ынтымақтасып жұмыс істеуін көздейтін оқыту мен оқу әдісі.

Диалогтік оқыту - мұғалімнің оқу материалын оқушыларға түсіндіріп, оқушылардың сол оқу материалын меңгеруі мақсатында оқу материалын дайындаудың және баяндаушы әңгіме жүргізудің нақтылы реттеуші ережелерін ескере отырып құрылған оқыту мен оқу тәсілі. Оқушыларды мәселені (проблеманы) анықтап, оны шешуге итермелейді және олардың оқудағы іс-әрекеттерін белсенді етуді көздейді.

Дивергентті ойлау - бір мәселенің (проблеманың) бірнеше шешімін іздеу мақсатында қолданылатын шығармашылық ойлаудың түрі.

Дислексия (көне грек. Δυσ- сөздің оң мағынасын теріске шығаратын қосымша және λέξις – сөз, сөйлеу) – оқуға жалпы қабілеттіліктің сақталуы жағдайында оқу дағдыларын меңгеру қабілетінің ішінара неврологиялық

бұзылуы. Ол сөздерді жылдам және дұрыс тану, қайта код беру, дұрыс жазу дағдыларын игеруге қабілетсіздігімен сипатталады. Дислексия кезінде бала іс-әрекеттердің басқа да көптеген салаларында асқан қабілеттер көрсетуі мүмкін: спортта, сурет өнерінде, музыкада, математикада немесе физикада. Дислексияның негізгі белгілері: сөздерді баяу буындап немесе әріптеп оқу, болжап оқу, оқу кезінде әріптерді ауыстыру және алмастыру сияқты қателіктер жіберу; оқылған дүниенің мән-мағынасын түсінудің бұзылуы.

Диспраксия (грек. Praxis – қызмет) – қозғалыс аппараты мен дене үйлесімінің бұзылуы арқылы көрінетін созылмалы неврологиялық бұзылу. Диспраксия кезінде бала мақсатты әрекет жасауда қиыншылық көреді.

Драфт нұсқа - алғашқы нұсқа, жобалық нұсқа.

Ж

Жады - 1. Ақпаратты сақтауға, жинақтауға және жаңғыртуға арналған психикалық функциялар мен ақыл-ой қызметінің бір түрі. 2. Сыртқы әлем оқиғалары мен ағза реакциялары жайлы ақпаратты ұзақ мерзім бойы сақтау және келесі іс-әрекетті орындау үшін сол ақпаратты бірнеше рет саналы түрде қолдана білу қабілеті.

- Қысқа мерзімді жады (жұмыс жадысы) / Память кратковременная (рабочая память) / Short-term memory - негізгі функциясы ұзақ мерзімді жадыдан алынған ақпаратты нақтылы қолдану (мысалы, тапсырмаларды орындауда, мәселелерді шешуде, қарым-қатынас жасау үдерісінде немесе Ішкі ойлану кезінде) мақсатында жандандыру болып табылатын жадының Қосалқы жүйесі. Қысқа мерзімді жады серпінді болып келеді, сондықтан да ол қысқа уақытқа: бірнеше секундтан бірнеше минутқа дейін ғана созылады.

- Рәсімдік жады / Память процедурная / Procedural memory - нақтылы бір әрекеттерді қалай орындау керектігі жайлы білімнің сақталуына жауапты Қосалқы ми жүйесі. Мысалы: қасықпен қалай тамақ жеу керек, түймені қалай Тағу керек, қалай секіру керек, велосипедті қалай тебу керек, қарындашпен Қалай жазу керек, допты қалай лақтыру керек. Осындай әрекеттерді қалай Жүзеге асыру керектігі жайлы жады немесе білімдер енжар күйде сақталады Және саналы вербалдауға көнбейді.

- Семантикалық жады / Память семантическая / Conceptual memory - уақиғалармен, тәжірибемен және меңгерілген білімдермен байланысты жалпылаулар мен бейнелерге негізделген, әлем туралы жалпы ережелер, ұғымдар және идеялардың сақталуына жауапты жадының қосалқы жүйесі.

- Ұзақ мерзімді жады / Память долгосрочная / Long-term memory - ақпаратты шексіз уақыт және шексіз көлемде сақтаумен сипатталатын жадының қосалқы жүйесі. Оның тиімділігі ақпаратты жүйелі түрде қайталау арқылы айқындалады. Себебі жүйелі қайталанған білім ассоциациялық байланыстың орнауына себеп болады. Ол ассоциациялық байланыс арқылы Барлық ақпарат кеңістігінен қандай да бір ақпаратты еске түсіруге мүмкіндік Туындайды.

• Эпизодтық жады / Память эпизодическая / Episodic memory - адамның Өмірлік тәжірибесі жөнінде уақиғалық ақпаратты қамтитын қосалқы ми жүйесі. Онда мысалы, орын, уақыт және жағдай сияқты мәнмәтіндік Қасиеттер маңызды болып табылады.

Жақын арадағы даму аймағы - Л.Выготский енгізген ұғым; оқушының қалыптасқан дағдылары, қабілеттері мен оқушы әзірше өз бетінше орындай алмайтын, орындау үшін скаффолдердің көмегін қажет ететін тапсырмалар ауқымында қалыптасатын дағдылар арасындағы оқу кезеңі. Скаффолдер рөлінде мұғалім немесе анағұрлым жақсы оқитын сыныптастары болуы мүмкін.

Жас ерекшеліктері - индивидтің белгілі бір жас кезеңдеріне тән танымдық, уәждемелік, эмоционалдық, перцептивті, психологиялық ерекшеліктері. Олар дамудың жас кезеңдерінің ауысу үдерісіне сәйкес өзгеріп тұрады.

Жауапкершілік - адам әрекетінің оның нәтижесінің моральдық нормаға сәйкестігін және қылық салдарын сезіну.

Жеке тұлға – ол өзінің барлық дербес өзгешеліктерімен бірге тірі организм түріндегі нақты адам. Тұлға – адам ретінде сананың иесі.

Желілік қоғамдастық – іскерлік қатынастар желісін орнату, байланыс орнату, кәсіби ақпаратпен алмасу.

Жоғары деңгейлі ойлау дағдылары - Блум таксономиясына сәйкес талдау, жинақтау және берілген ақпаратқа байланысты қорытынды жасау сияқты дағдылар. Төмен деңгейлі ойлау дағдыларына (берілген ақпаратты есте сақтау және жаңғырту) қарама-қарсы келеді.

Жомарттық - Жомарттық дегеніміз- қандай да бір игілікті істі шын көңілден әрі одан да пайда ойламай, қайтарымыз істеу. Жолықсан біздің жақтың тентегіне, өмірдің қарамайды келтесіне, қонаққа жалғыз атын сойып Беріп, жүген ұстап қалады ертеңіне² деп бір дана адам айтпақшы ата-бабаларымыз: Жомарт дос көбейтеді. Сараң мал көбейтеді²-деп жомарттықты дәріптеп, сараңдықты жамандаған.

Жоғары деңгейлі сұрақтар (ашық сұрақтар) - оқушының белгілі бір ақпаратты қолдану, қайта құру, кеңейту, бағалау және талдау сияқты қабілеттеріне бағытталатын сұрақтар.

Жоспарлау - мақсат пен міндет қою, сондай-Ақ қойылған мақсаттарға қол жеткізуге арналған әдістер мен стратегияларды Іріктеумен байланысты қызмет түрі.

3

«Зерде теориясы» (ЗТ) - басқа адамдарды саналы делдал ретінде түсінудің айрықша танымдық қабілеті. Себебі олардың қалыптасқан көзқарастарын ұстаным және қалау сияқты теориялық тұжырымдаманың терминдерімен түсіндіру қажет. Зерде теориясы іс-әрекеттерге жәрдемдесетін ой-сана жағдайларының (ұстаным, тілектер, ниеттер, түсініктер, эмоциялар және т.б.) Көптеген түрлерінің болуын көздейді. Осының барлығын

қорытындылай келе «зерде теориясын» қабылдау дегеніміз өзіндік сана мен басқа адамдардың санасы жөнінде ойлана білу қабілетін білдіреді.

Зерттеу сабағы - оқытуды жетілдірудің ерекше тәсілі, ол бірнеше кезеңнен тұрады: проблеманы белгілеу, оны шешу шарттары мен жолдарын талқылау, экспериментті жоспарлау және өткізу, алынған нәтижені талдау және қорыту, қорытынды жасау және ақпарат алмасу.

И

Идеал - «Идеал – ұмтылысты қажет ететін, бірақ ешқашан жеткізбейтін, адам ақыл-ойына қажетті басшылық» (И.Кант). Мораль идеалы ол: жан-жақты, абсолютті, ізгілік туралы елестері дұрыс, адамдар арасында кемеліне келген қарым-қатынас бейнесінде, адамгершілігі мол жеке бастың жоғарғы үлгісі.

Идентификация (лат.identificatio – ұқсас, бірдей деп санау, теңестіру). 1) бір нәрсені, біреуді тану; 2) бір нәрсемен, біреумен ұқсастыру, теңдестіру. Бірінші мағынасында идентификация термині танымдық процестер психологиясында, сондай-ақ инженерлік психология мен заң психологиясында қолданылады; Идентификация екінші мағынасында субъекттің өзін басқа субъектпен, топпен, үлгімен ұғынбай теңестіруінің эмоциялы когнитивті процесі; 3) әлеуметтік психологияда индивидтің өзін басқа адаммен ұқсастыруы, өзін басқаның орнына қоюы, оның жеке бастық мағыналарын игеруі. Соған сәйкес мінез-құлық нысандары (альтруизм, эмпатия, т.б.) пайда болады. Идентификация нәтижесі бақылау арқылы объектіні үйренуі және оған еліктеуі.Идентификация барысында субъект объектінің сыртқы мінез-құлық нысандарын, басқа адамның ойларын, сезімдерін, әрекетін өзіне көшіреді. Идентификация барысында басқа адамның идеалдары, құндылықтары, нормалары, өнеге сапалары, рөлдері меңгеріледі, игеріледі. Идентификация даму психологиясында баланың басқа адамдардың психологиясы мен қылықтарына өзін теңестіруінен көрінеді. Идентификацияда бала өзі үлгі тұтқан басқа адамдардың қасиеттері мен қылықтарын қабылдайды (қ. ұқсастыру).

Инклюзивті оқыту - білім алу барлығына да қолжетімді деген қағидатқа негізделетін оқыту. Оқытуды оқушылардың түрлі қажеттіліктеріне, соның ішінде ерекше қажеттіліктеріне бейімдеу.

К

Конформ этносы - жеке адамдар тобының ұлттық әдет - ғұрыптарға, Жүріс тұрысына ұлттық ерекшеліктеріне және стереотиптерді ішкі кедергісіз Меңгеру және жеткілікті мағынадан түсілу арқылы көрінетін бейімділігі.

Кросс - мәдени этнопсихологиялық зерттеу - түрлі ұлттарға этностық қауымдар өнімдерінің тұлға аралық байланысында және өзара әрекетінде Көрінетін көрініс.

Конформ этносы – жеке адамдардың, адамдар тобының ұлттық әдет-ғұрыптарға, жүріс-тұрыстарына ұлттық ерекшеліктерді және стереотиптерді ішкі кедергісіз меңгеру және жеткілікті мағынасын түсіну арқылы көрінетін бейімділігі.

Кросс-мәдениеттік этнопсихология – әртүрлі этностар мен ұлттардың рухани өмірін бір-бірімен салыстыру арқылы адамдардың психологиялық және әлеуметтік мәдени ерекшеліктерін зерттейтін этнопсихологияның бір бағыты. Мұның көрнекті өкілдерінің бірі, америка этнографы Мид Маргарет (1901-1978). Ол көптеген этнологиялық материалдарды талдай, табиғи және әлеуметтік факторлардың ара қатынасын салыстыра келіп, түрлі этностардың тұлғалық ерекшеліктерінің қалыптасу жолын, әсіресе баланың әлеуметтенуін (социализация) зерттеу арқылы ұлттық мінез ерекшеліктерін көрсетті. Оның «Мәдениет эволюциясындағы сабақтастық» (1964) атты еңбегінде мәдениет факторының, адамның психологиялық ерекшеліктеріне елеулі әсер ететіндігі айтылған.

Кейстер әдісі - шынайы экономикалық, әлеуметтік, іскерлік және педагогикалық жағдаяттарды суреттеуді қолданатын оқыту әдісі. Кейстер әдісін қолдану барысында оқушылар жағдаятты талдап, проблеманың мән-мағынасын түсініп, оның болжамды шешімдерін ұсынып, олардың ішінен ең жақсысын таңдайды. Кейстер әдісі шынайы нақты материалдарға негізделеді немесе мазмұны жағынан шынайы өмірден алынған жағдаятқа жақын болуы тиіс.

Кері байланыс - белгілі бір әрекетті немесе оқиғаны түсіну, игеру, онымен келісіп, келіспейтіндігін көрсететін белгілі бір әрекет немесе оқиға туралы пікір, баға беру, жауапты реакция.

Кішіпейілділік - Кішіпейіл болу дегеніміз - кісінің өзін ешкімнен жоғары ұстамауы. Адамның өз ерекшелігін, артықшылығын ешкімге білдірмей, өзін ешбір адамнан жоғары санамай, халық ішіндегі жай ғана адам Ретінде өмір сүру, баршаға бірдей заңдылықтармен әрекет ету.

Когнитивтілік (лат. *Cognitio* - таным, зерделеу, түйсіну) - сыртқы ақпаратты саналы қабылдау және өңдеу қабілеті.

Когнитивті психология - адам сана-сезімінің танымдық үдерістерін зерттейтін, адамның мінез-құлық әрекеттеріне емес, ең алдымен ойлау қызметіне басымдық беруге негізделген психология бөлімі. Когнитивті психологтер адам санасында белгілі бір материалды түсінгені не болмаса түсінбегені жөнінде болып жатқан үдерістерге қатысты мәселелерді зерттейді.

Когнитивтік диссонанс теориясы – америкалық психолог Л.Фестингер ұсынған (1957) және адамның мінез-құлқына когнитивтік элементтер (сенімдер, пікірлер, құндылықтар, ниеттер және т.б.) жүйесінің ықпалын түсіндіретін батыс әлеуметтік психологиясы тұжырымдамаларының бірі. Когнитивтік диссонанс теориясының бастау қағидасы: диссонанс деген субъектіде бір объект туралы бір мезгілде қарама-қайшы екі психологиялық «білімдер» (пікірлер, ұғымдар) болатындай жағдаятта пайда болатын

жағымсыз ынталандырушы күй. Диссонанс күйі субъективтік тұрғыдан қолайсыздық болып ұғынылады; одан диссонанстық білімдер элементтерінің бірін өзгерту, не жаңа элемент енгізу арқылы арылуға тырысады. Бертін келе Л.Фестингер диссонансты таңдауды жете ақтамаудың салдары деп анықтады. Өз қылығын ақтауды күшейтуге тырысып, адам не өз мінез-құлқын өзгертеді, қылық соған байланысты объектіге көзқарасын өзгертеді, не қылықтың өзі және басқалар үшін маңызын кемітеді. 70-жылдары бірқатар зерттеушілер ақпараттық терминдердегі «диссонанстық эффекттерді» қайта қарап, каузальдық жүйелердің функция атқаруының жеке бір жағдайы деп көрсетті. Бүкіл когнитивистік бағдарға тән когнитивтік диссонанс теориясының басты кемшілігі – зерттеулердің субъектіге, оның сана әлеміне шоғырлануы, субъект қамтылған және оның қоршаған болмыспен байланысына негіз болатын заттық іс-әрекетін жете бағаламаушылық.

Конвергентті - (лат. Convergere – қосылу) – белгілі бір тапсырманы орындаудың алдын ала игерілген алгоритмдерін нақты пайдалануға негізделген ойлаудың түрі. «Репродуктивті» сөзімен бірге қолданылады, себебі осындай ойлау проблеманы шешуге дәстүрлі тәсілді қолдануды меңзейді, соның нәтижесінде сол тәріздес идеялар туындайды. Бұл ойлау түрі дивергентті ойлауға қарама-қайшы.

Коуч - әріптестеріне нақты тақырыптар тұрғысынан өзінің кәсіби білімін, білігін және дағдыларын жақсартып, жетілдіруге көмектесетін тренер, маман, сарапшы. Бұл үшін коуч білім алушы не істеу керектігін түсініп, қалаулы нәтижеге қол жеткізуге көмектесетін тәсілдерді өз бетінше анықтауға жағдай жасайды.

Коучинг - сөзбе-сөз дайындау, жаттықтыру; әріптестердің құпия, белсенді және жасампаз өзара әрекеттестік үдерісі. Оның барысында қолданыстағы оқыту тәжірибелерін бірлесіп ойластыру, идеялармен алмасу, коуч тарапынан рефлексивтік диалогқа тарту негізінде әріптестер өз жұмысының жекелеген салаларын жетілдіру, оларды тереңірек дамытып, анағұрлым жоғары сапалық деңгейге көтеру және іске асыру жөнінде шешім қабылдау мақсатында кәсіби білімін, игерген дағдылары мен тәжірибесін жетілдіреді. Коучинг үдерісі тәлімгерлік үдерісімен байланысты: коучинг нақты тақырып бойынша әріптесінің кәсіби мүмкіндіктерін ашуға бағытталса, тәлімгерлік оған жүйелі, жан-жақты кәсіби қолдау көрсетуді көздейді.

Көзқарас – қоршаған ортаны қабылдау және бағалау қабілеті; белгілі бір мәселе бойынша пікір; болжамды тәуекелдерді ескере отырып, барлығы ойдағыдай болған жағдайда қол жеткізуге болатын бір нәрсе туралы орныққан пікірлер, көзқарастар жүйесі.

Көптік зият (зияттың қырлары) теориясы - 1983 жылы Говард Гарднер ұсынған және зиятты әртүрлі нақты жағдайларда қарастыратын, бір нәрсе жасауда жалғыз жалпы қабілеттілік болады дегенді жоққа шығаратын теория. Гарднердің айтуынша, зият «нәрсе» емес, ол субъектінің басында орналасқан белгілі бір құрылғы, оның әлеуеті индивидке мәнмәтінге нақты сәйкес

келетін ойлау түрлерін пайдалануға мүмкіндік береді. Гарднер зияттың бір бірімен байланыспайтын, әрқайсысы жеке жүйе (немесе модуль) сияқты және өз ережелері бойынша жұмыс істейтін алты түрін анықтаған. Олар: а) лингвистикалық; ә) логика-математикалық; б) кеңістіктік; в) музыкалық; г) дене-кинетикалық; ғ) жеке тұлғалық.

Креативтілік - (ағыл. Create – жасау, creative – жасампаз, шығармашыл) - индивидтің дәстүрлі немесе көпшілік қабылдаған идеялардан ауытқитын, түбегейлі жаңа идеяларды қабылдау мен жасауға дайындығымен ерекшеленетін және тәуелсіз фактор ретінде дарындылық құрылымына кіретін шығармашылық қабілеті, сондай-ақ проблемаларға өзгеше қарап, оларды ерекше тәсілдермен шешу қабілеті.

Қ

Қазақ этнопедагогикасы - педагогика ғылымымен қазақ философиясы, этнопсихология, этнос теориясы, педагогика тарихы, қазақ тарихы, этнография, фольклористика нысанасы қазақ этностық тәрбие жүйесі болып табылатын мәдениеттану түйісер тұста қалыптасқан біртұтас жүйелі білім беру болатын, адам өмірінің өн бойында, отбасында және білім беру мекемелерінде жүзеге асырылатын дербес педагогикалық оқу пәні.

Қазақ этнопедагогикасы материалдары дегеніміз - халықтың бала тәрбиесінде пайдаланған құралдары (тәрбие құралдары), яки салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, халық шығармашылығы (поэтикалық, музыкалық, сәндік-қолданбалы өнер), ата тек шежіресі, діни ілімдер, философиялық, этикалық, педагогикалық озық ой-пікірлер мен идеялар.

Қазақстандық патриотизм – тамыры тереңде келе жатқан адамның жан-дүниесінің әр түрлі жақтарына, жықпыл-жықпылдарына (ой, ақыл-парасат, сезім-эмоция, мінез-темперамент т.б.) түгелдей әсер ететін аса уытты психологиялық құбылыс.

Қазақтың өзгеше мінездері - «Қазақтың өзгеше мінездері» атты еңбекте Ж. Аймауытов және М. Әуезов қазақ халқына нақты мінездеме берген. Бірнеше жерде қайталанып айтылатын ұлттық психологияның табиғи, әлеуметтік факторлардың әсерінен қалыптасатыны туралы тұжырымдары қазіргі этнопсихологтар тұжырымдарына негізінде сәйкес келеді. Кейбір этнографтар ұлттық психологияны этностың этникалық белгісіне жатқызудың қажеті жоқ дегенмен, қазіргі этнография ғылымында этнопсихологияға ұлттық белгі ретінде маңызды орын береді.

Қазақтың ұлттық мінез бітістері – бұл өте күрделі, әлде де толық зерттеліп, шешімін таппай келе жатқан мәселе. Осы жайтты жақсы аңғарған Н.Назарбаев былай деді: «Менің ойымша, қазақтардың қайталанбас этикалық, психологиялық әлемі әлі жете зерттелмей, зерделенбей жатқан тылсым дүние». Ғасырлар бойы көшіп-қонып жүрген халық өзі өмір сүрген ортаның әлеуметтік-экономикалық жағдайларына, мәдениеті мен тарихына, табиғатына орайлас жас буынға тәлім-тәрбие берудің айрықша талап-тілектерін дүниеге әкелді.

Қонақжайлылық – бұл қазақ халқының әлеуметтік, географиялық, тұрмыстық жағдайына байланысты қалыптасқан ерекше қастерлі қасиеті. Бізде «қонақ десе, қоң етін кесіп беретін қазақпыз» дейтін аталы сөз бар. Тәуліктің қай мезгілінде келгеніне қарамастан, «көлденең келген көк аттыны» да жылы жүзбен қабылдап, төріне отырғызып, дастархан жайып, бар мәзірін алдына қойып, күту – халқымыздың санасына мықтап орнаған имандылық пен шынайы адамгершіліктің белгісі. Әрбір қазақ үйінде тамағының дәмдісін, жылы-жұмсағын өздері жеместен келетін қонағына сақтайды. Майы мен құрты, ірімшігі мен женті, соғымның мүшелері – сыбаға ретінде өзінің қадірменді қонағын күтіп, көп уақыт түнекте сақтаулы тұрады. Қонақ күтіп, қонаққа баруды халқымыз өмірдің биік мәртебесі деп түсінеді.

Қадағалау - 1. Белгілі бір құбылыстың қарқынын немесе бақылау объектісінде болып жатқан өзгерістерді көруге мүмкіндік беретін жоспарлы түйсіну. 2. Қоршаған орта объектілері туралы

Бастапқы түсінікті түзу, фактілерді жинақтауды мақсат ететін сезімдік танудың белсенді нысаны. Қадағалау ұқсас фактілерді, қасиеттер мен құбылыстарды топтастыра білуді, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын аңғарып, оларды жіктей білуді және мүмкіндігінше, үдеріс немесе құбылыс барысының қадағаланатын жағдайларға байланыстылығын айқындай алуды көздейді. Қадағалау барысында қадағалау объектісімен байланысты деректерді интерпретациялау жүргізіледі. Оның нәтижесінде қорытынды жасалады.

- Қадағалау объектісі – қадағаланатын адам, үдеріс, құбылыс, зат немесе т.б.

- Интерпретация (лат. Interpretatio – мағынасын жеткізу, түсіндіру) – қандай да бір құбылыс, оқиға, үдеріс немесе мәтіннің мәнін ашып, мағынасын ажырату, түсіндіру және мағынасын жеткізу дегенді білдіретін ойлау жұмысы.

- Қорытынды - бір нәрсенің негізінде жасалған қорытынды немесе бір нәрседен туындаған салдар болып табылатын пайымдау, ой-пікір, тұжырым.

Қанағатшылық- Қанағат деген ұғым өзін-өзі тоқтатуға байланысты Мағынаны, яғни тойымдық, тоқмейілдік, нысапты білдіреді.

Қауымдасу - қазақ халқына тән ерекше моральдық сапа түрі. Қауымдасу адамдардың бір-біріне түрлі жағдайда көмек көрсету кезінде анық байқалады. Мәселен, бұған қыз ұзату, келін түсіру, енші беру сияқты Қуаныш кезінде немесе кісісі өлген үйге аза салу, оның жетісі, қырқы, жылын беру, кездейсоқ апатқа (жұт, өрт, т.б) ұшырап, мал-мүліктен айрылған туысқа

Туыстық жақындығымен шама-шарқына қарай ²қосқаным² деп көмек көрсету әдеті (дәстүрі) де дәлел бола алады.

«Қара жәшік» - ғылым мен техника саласынан алынған метафора, онда «қара жәшік» оның ішкі құрылымы туралы ештеңе білместен, яғни оның қалай қолданылатыны айқын емес (қара), тек қана енгізу, шығару, беру сипаттамалары тұрғысынан қарастыруға болатын құрылғы, жүйе не объект

ретінде қарастырылады. Кез келген затты (құбылысты) «қара жәшік» деп атауға болады: транзистор, алгоритм немесе адам санасы. Ал педагогика ғылымында «қара жәшік ішіндегі жұмыс» деген метафора сыныпқа қатысты қолданылып, білім беру мекемесінің құрылымымен шектелген жағдайды меңзейді.

Құзыреттілік - білімге, тәжірибеге, құндылыққа, бейімділікке негізделген оқудың арқасында алған білім алушының жалпы қабілеті

Құндылықтар (түйінді құндылықтар мен ұстанымдар)– баянды, мызғымас негізгі ішкі қағидаттар мен стандарттар. Түйінді құндылықтар өте тұрақты болып келеді, ал өзгерсе өте баяу, әрі ұзақ уақыт бойы өзгереді. Түйінді құндылықтар біздің өмір, өзіміз және бізді қоршаған адамдар, жалпы адамдардың әлеуеті және қоршаған адамдардың әлеуеті туралы көзқарасымыздың қалыптасуына негіз болады. Сондай-ақ құндылықтар дегеніміз біздің сенетін дүниеміз, олар біздің қоршаған ортаға деген қарым-қатынасымызды және мінез-құлқымызды анықтайды.

Құрылымдалмай бөлінген топтардағы топтық жұмыс - топтық жұмысты ұйымдастыру нысаны. Білім беруші білім алушылардың қабілеттерін, көшбасшылық қасиеттерін ескермей, кездейсоқ таңдау әдісімен топқа бөледі.

Қызмет теориясы - психикалық феномендерді зерттеудің әдіснамалық және теориялық қағидаттар жүйесі. Ондағы негізгі зерттеу нысаны психикалық үдерістердің аралық түйіні болып табылатын іс-әрекет. Бұл теория 1920-1930 жылдары Л.С.Выготский ұсынған сындарлы тәсіл негізінде әзірленді. Оның негізін қалаушы А.Н.Леонтьев пен С.Л.Рубинштейн болып саналады. Теорияның негізгі тезисі былай деп тұжырымдалады: іс-әрекетті сана-сезім анықтамайды, керісінше іс-әрекет сана-сезімді айқындайды. Сана-сезім тек субъектілік қарым-қатынастар жүйесі, сондай-ақ субъекті дамиды деген үдерісте субъектінің іс-әрекеті арқылы танылады.

Л

Лейбл - тапсырманы орындау деңгейінің сипаттамасы. Қазақстан Республикасында лейбл ретінде 1-ден (немесе 0-ден) 5-ке дейінгі бағалар ұсынылады. Дегенмен лейбл ретінде «үздік», «озық», «жеткілікті», «толықтырылмаған», «толықтыруды қажет етеді» деген сипаттамалар да қолданылуы мүмкін.

М

Маслоу қажеттіліктер пирамидасы - адам қажеттіліктерінің иерархиялық моделі. Америкалық психолог А. Маслоу ұсынған идеялардың қарапайым түрде баяндалуы. Аталған модель кең тараған әрі танымал уәж теорияларының бірі– қажеттіліктер иерархиясы теориясын көрсетеді. Ол теорияға сәйкес сатының ең төменгі деңгейінен биологиялық және физиологиялық қажеттіліктер орын алса, жоғары сатысында өзін-өзі таныта білу орналасқан.

Мәнмәтін - 1. Мағынасы бойынша салыстырмалы түрде аяқталған ауызекі немесе жазбаша тілден алынған үзінді. Оның жалпы мағынасы оған кіретін әрбір сөздің, тіркестің немесе тіркестер жиынтығының мән-мағынасын дәл және нақты ашуға мүмкіндік береді. 2. Белгілі бір құбылысты түсіну, түсіндіру үшін қажетті түрлі факторлар жиынтығы.

Мәдениет (арабша “маданият” – қала, қалалық; латынша – өңдеу, өсіру деген ұғымдарды білдіреді) – 1) белгілі бір халықтың қол жеткізген табыстары мен шығармашылығының жиынтығы; 2) адамзат қауымының белгілі бір тарихи кеңістіктегі қызметі мен өзіндік ерекшеліктері (палеолит мәдениеті, крит-микен мәдениеті, т.б.); 3) адамдық әрекеттің белгілі бір саласының жетілу деңгейі (сөйлеу мәдениеті, еңбек мәдениеті, құқық мәдениеті, т.б.); 4) агро-мәдениет (дәнді өсімдіктер мәдениеті, цитрустық мәдениет, т.б.).

Мәдениет – адамның өз қолымен, ақыл-ойымен жасағандары және жасап жатқандарының бәрін түгел қамтиды. Жай ғана сауат ашудан және тазалық ережелерін сақтаудан бастап, өмірдің асқан үлгілі шығармаларын жасағанға дейінгі ұғымды қамтып жатқан – мәдениет саласының өрісі кең.

Мәдениет – тарихи құбылыс. Оның дәрежесі мен сипаты қоғамдық өмірдің жағдайларына байланысты өзгеріп отырады. Тарихи дәуірлердің алмасуы мәдениеттің мазмұны мен формаларына сөзсіз терең өзгерістер енгізеді. Мәдениетті тұлғалық сипатта қарастырғанда, бірнеше елеулі түсініктерге тоқтала кету қажет, олардың ішіндегі маңыздылары: мәдени әрекет, мәдени орта, мәдени игіліктер мен қажеттіліктер және мәдени ұйымдар мен ұжымдар. Бұлардың арасында ең түбегейлісі — мәдени әрекет.

Менталитет – ұлттың негізі, оның ділі, оның тіршілік әрекетіндегі тыныс-тіршілігі, ұжымдық үлгілер мен түсініктер орныққан әдеттері мен әлем көріністерін қабылдауы т.б.). Ментальдық – жеке адамның рухани әлеміне әсер ететін, оның этномәдениеттік психологиялық ерекшеліктеріне сәуле түсіріп отырады.

Менталитет — табиғат және әлеуметтік жағдайлар салдарынан туындайтын және адамның өмір әлемі туралы ұғым-танымын ашатын жалпылық менталитет терминін жанның негізгі орталық метафизикалық мәнін құндылықтар мен ақиқаттың түпдерек ретінде қарастыра отырып, американ философы Р. Эмерсон (1856) енгізді. Менталитет қоғамның мәдениеті, рухани өмірі бейнеленгенде белгілі бір дәуірдің философиялық, діни, саяси, эстетикалық теорияларында көрінетін метаұғым болып табылады.

Мектептердің желілік қоғамдастығы - оқушылар жоғары жетістіктерге қол жеткізу үшін бір мектеп аясында немесе бірнеше мектептер арасында оқыту мен оқу үдерістерін жетілдіруге бағытталған көптеген іс-әрекеттерді жоспарлау, іске асыру және оның мониторингін жүргізу мақсатында бірлескен мектептер тобы. Бұндай қоғамдастықтың мысалы ретінде хартскэм желілік қоғамдастығын (hertscam network) айтуға болады.

«Мен» тұжырымдамасы - Карл Роджерс жасаған тұжырымдама. Барлық танымдық және аффекттік компоненттерді түрлі жеке сипаттамалармен үйлестіру субъектіні алға жылжуға мәжбүрлейді, оның мінез-құлқын бағыттап, соның нәтижесінде өзін өзі өзгертуге арналған әлеуметтік ынта болып табылады. Тұжырымдама авторы Карл Роджерстің тұжырымдауынша, оқу қисын және ішкі түйсік, зият пен сезімнің үйлесімінен тұрады.

Метаоқу - оқушылар өздерінің қабылдау, оқу және даму стратегияларын түйсінетін және бақылайтын үдеріс. Метаоқу сонымен бірге «қалай оқу керектігін үйрену» деген атпен танылған және оқушыларда өздерінің оқу тәжірибесін түсіну, бақылау және қадағалап отыру қабілеттерін дамытуды көздейді.

Метатану - «Таным туралы таным» деп анықталады және өзінің ойлау қабілеттерін түйсінудің айрықша түрі. Мысалы, метатануға оқушылардың өзіндік оқу және проблемаларды шешу стратегияларын түйсінуі жатады. Алғаш рет психология ғылымына бұл ұғымды Джон Флэйвелл енгізген болатын (J.H. Flavell, 1976). Автордың айтуынша метатанудың маңызды қызметінің бірі өздерінің танымдық қызметтерінің ерекшеліктері туралы білімдерінің негізінде оқушыларға танымдық қызметтерін реттеуге мүмкіндік беретін танымдық қызметті рефлексивті бақылау болып табылады.

Метатану стратегиялары - білім алушының оқу үдерісін өзіндік бақылауына бағытталған басқару түріндегі әдістер (мысалы, оқу үдерісін өз бетінше жоспарлай білу, мақсат қою, өзінің оқу үдерісін бағалап, оның мониторингін жүргізу қабілеті).

Миға шабуыл әдісі / Метод мозгового штурма (брэйнсторминг) / Brainstorming - белгілі бір проблеманы қарқынды талқылау – шығармашылық белсенділікті ынталандыру жолы. Бұл тәсіл кезінде қатысушылардың ойлау үдерісі белгілі бір мәселені шешу жөнінде түрлі идеяларды талқылауға және ойлап табуға бағытталған.

Миссия - индивидуумның қабілеттілігін, бейімділігін, жоғары мақсатын білдіретін философиялық ұғым. Бұларға қол жеткізу үшін ол өзінің қабілеттерін барынша оңтайлы іске асырып, ішкі әлеуетін таныта отырып, қоршаған ортамен, қоғаммен және табиғатпен үйлесімді өзара әрекет етеді.

Мнемоника – қажетті ақпаратты есте сақтауды жеңілдетіп, белгілі бір ассоциациялар (байланыс) келтіру арқылы жадының көлемін ұлғайтатын арнайы әдістер мен тәсілдердің жиынтығы. Есте сақтауды жеңілдету үшін мнемоника абстрактілі объектілер мен деректерді визуалдық, аудиалдық және кинестетикалық түсініктері бар ұғымдарға ауыстыру, объектілерді жадыда сақталған әрқилы ақпаратпен байланыстыру түрінде жүреді.

Мораль- (лат.moralis-әдет-ғұрып)-әлеуметтік шындықтың этикалық Сапаларын (ізеттілік, мейірбандық, әділеттілік, мінез-құлық, әдет-ғұрып т.б.) Бейнелейтін қоғамдық сананың бір түрі. Адамдардың бір-біріне және қоғамға деген міндеттері мен қарым- қатынастарын анықтайтын қауымдық өмір сүру ережелерінің, адамдардың мінез-құлықтары нормаларының жиынтығы.

Моральдық норма- жеке бастың мінез-құлқын бағыттап қана қоймай Оны бақылауға және бағалауға мүмкіндік беретін қоғамға қажетті мінез-құлық үлгісі. Моральдық сана -басқа да саяси, құқықтық, діни, эстетикалық сияқты адамдардың әлеуметтік тұрмысын бейнелейтін қоғамдық сана формасы.Моральдық сана адам әрекетін, оның қоғамдық құбылысын, оларға Өзінің жағымды, жағымсыз көзқарасын білдіреді, оларды қажетіне орай мадақтайды немесе талқылайды, сынға салады, демек моральдық сана адам Қылығын бағалаушы.

Моральдық сезім- моральдық нормамен реттелетін жеке бастың өзінің Қылығына және әрекетіне деген қобалжу.

Моральдық этикалық дәстүр- тарихи даму барысында көпшілік тарапынан қалыптасқан мораль элементтерінің (норма, құндылық, принцип, Категориялар) дәстүрдегі көрінісі.

Модельдеу (симуляция) - 1. Таным объектілерін олардың шартты модельдері негізінде зерттеу. 2. Шын мәнінде бар объектілер, үдерістер немесе құбылыстардың модельдерін құру және зерделеу. Мұндағы мақсат осы құбылыстарды түсіну, сондай-ақ зерттеушіні қызықтыратын Құбылыстарды болжау. Модельдеу адамның объектілер туралы білімі мен сол объектілер арасындағы қарым-қатынасты көрсету үшін қолданылады, оқытудағы көрнекі құралдардың бірі.

Мұғалімнің көшбасшылығы – әкімшілік міндеттермен шектеліп қалмайтын және мұғалімге әкімшілік өкілеттік пен жауапкершілікті жүктеуді көздемейтін, керісінше мұғалімнің мектептің оқыту мен оқу тәжірибесіне өзгеріс енгізуге бастама жасауды және мәртебесінің қандайлығына қарамастан бұл өзгерістерге қолдау көрсетуді өз еркімен таңдауын білдіретін қызметі. Мектеп тәжірибесін зерттеуші, коуч, тәлімгер, мұғалімдердің желілік қоғамдастығын құруға бастама жасаушы рөлін орындау үшін өзіне жауапкершілік ала отырып, мұғалім өз сыныбынан тыс жерде де мектеп мәдениетін арттыруға, оқыту мен оқу үдерістерін жетілдіруге, мектептегі ахуалдың сапалық тұрғыдан өзгеруіне ықпал ететін көшбасшыға айналады.

Мұғалімдердің кәсіби желілік қоғамдастығы - көшбасшы мұғалімдер бастаған зерттеулер мен инновациялар негізінде өздерінің оқыту мен оқу тәжірибелерін тиімді дамытуға арналған өріс, осы тәжірибені жетілдіру және әріптестермен тәжірибе алмасу тетігі.

Мұғалімнің көшбасшылығын дамыту жұмысы - мектептерде оқыту мен оқуды жетілдіру тәсілі. Бұл үдеріс барысында мұғалімдер жекелеп те, бірлесіп те өз тәжірибесін, сондай-ақ өздері жұмыс істейтін мектеп тәжірибесін жақсарту мақсатында зерттеу қажет болатын мәселелер мен проблемаларды анықтайды. Мұғалімнің көшбасшылығын дамыту жұмысын зерттеумен шатастыруға болмайды. МКДЖ бағдарламасы «мұғалім зерттеуші ретінде» деген ұстанымға емес, «мұғалім оқыту және оқу іс-тәжірибесін жетілдірудегі көшбасшы ретінде» деген ұстанымға негізделеді.

Нәсіл (фр. race, итал. razza — туыс, тайпа) — тұқым қуалау арқылы берілетін ұқсас сыртқы (дене) пішіндері — терісінің түсі, шашы мен көзі, мұрны мен еріндерінің пішіні, бойы мен дене пропорциясы, сондай-ақ кейбір "жасырын" белгілері (қанының тобы және т.б.) бар адамдардың тарихи қалыптасқан тобы. Әр түрлі нысандардың таралу ареалдары сәйкес келмейді, сондықтан нәсілдік шекаралар анық емес және шартты болып келеді. Төрт үлкен нәсілге бөлу қалыптасқан. Олар: негроидтер, оған жақындау аустралоидтер, еуроидтер және монголоидтер, олардың ішінен кіші нәсілдер бөлінеді.

Қазіргі адамзаттың дені үш үлкен нәсілге жатады:

- экваторлық, (негроидтер, австралоидтер, негравстралоидтер),
- еуропалық,
- моңғолоид.

Наным— дүниеге көзқарастың құрамдас бөлігі. Философия және психология тарихында наным теориясының үш түрі кездеседі: көбінесе сезім ретінде қарастырылатын эмоциялық наным (Юм, Джеймс, тағы басқа); интеллектінің феномені ретінде түсіндірілетін интеллектуалдық наным (Дж. Ст. Миль, Brentano, Гегель, тағы басқа); ерік атрибуты деп танылатын жігерлі наным. (Декарт, Фихте, тағы басқа). Наным объектілері – табиғи және әлеуметтік өмір шындығының фактілері, құбылыстары мен даму үрдістері субъектіге сезімдік жағынан берілмеген және мүмкіндік түрінде ғана көрініс табады. Наным – дүниені, өмірді, адамдар қарым-қатынасын танып-талдап және ой елегінен өткізіп, игеруден туатын тұжырым-түйін. Нанымсыз дүниеге көзқарас жүрекке жетпеген, санаға сіңбеген, көңілге қонбаған абстрактылы түсінік болып қалады. Нанымға айналған білім-түсінік адамды ешқашан немқұрайды қалдырмай, іс-қимылға бастайды, адамның тұлғалық ұстанымына айналады. Сондай-ақ оған ие болған адамды өзгертіп, көзін ашады, бойындағы қабілеттерді оятып, жігерлендіреді, өмірдегі келеңсіз құбылыстарға қарсы тұрғызады. Наным адамға сыртқы күшпен, үгіт-насихатпен таңылмайды. Оған адам ойланып, толғанып өз еркімен жетеді. Адам өз нанымынан оп-оңай бас тартпайды, керісінше, оны табандылықпен қорғайды.

Намыс -адам қасиеттерінің арқауы. Намыс - адам өмірінің әр сатысында әр түрлі байқалады. Ол - "мен, мен" - деген сәби намысы, өзін-өзі Біле бастаған балғын жастың жігіттік намысы, бойжеткен ару қыз намысы, Азаматтық намыс, ұлттық намыс. Демек, намыстың ауқымы кең. Қазақ - намысшыл халық. Оның "Ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді" деген Мақалы намыстың не екендігін ұқтырғандай.

О

Оқу – оқушылардың білім, білік, дағдыларды игеру, шығармашылық қабілеттері мен өнегелі-этикалық көзқарастарын дамыту жөніндегі белсенді

оқу-танымдық қызметін ұйымдастыру және ынталандыруға бағытталған мақсатты педагогикалық үдеріс. Оқу – оқушының білім мен білік элементтерінің саны мен сапасы оқу мақсатын құрайтын тиісті деңгейге жеткізілетін оқу қызметінің түрі.

Оқыту - адамдар мен халықтарда теориялық қайырымдылық дарыту болады, оқу бастамасы біздерге болмыс бастауларын білу құралы болып табылады, ал олардан шығарылатын қорытындылар – ғылыми пәндерді игерудің бастамасы мен құралы.

Оқудың мақсаты мен міндеттерін жоспарлау

- Оқу мақсаттары - соңғы нәтижені көрсететін тұжырым: мұғалімнің оқушыларға үйреткісі келетін нәрсе. Оқыту және оқу мақсаттарын құрастырудағы айқындаушы сұрақтар мыналар болып табылады: оқушылар қандай білімді игеруге тиіс? Оқушылар қандай түйінді идеяларды түсінулері тиіс? Оқушылар қандай сұрақтарды зерделеп, талдаулары тиіс?

- Оқу міндеттері - оқу мақсатына жетуде жасалатын кішігірім қадамдарды білдіретін тұжырымдар. Жоспарлау кезінде оқыту мақсаттары мен міндеттері оқытудың күтілетін нәтижелеріне сәйкес болуы тиіс.

Оқу стильдері - бұл тәсілдер арқылы адамдар үйренеді. Алғаш рет оқу стильдері термині 1970-жылдары пайда болды, қазіргі таңда оқу стильдерінің көптеген жіктеулері бар. Барлығына бірдей жарамды стиль болмайды деп есептеледі, себебі адамдар қандай да бір жағдайларға қарай түрлі оқу стильдерін қолданады. Нейл Флеминг (Neil Fleming) ұсынған жіктеу кең таралған, әрі жиі қолданылатындардың бірі болып саналады. Ол оқушыларды аудиалдар, визуалдар және кинестетиктер (VAK model) деп бөледі.

- Аудиалдар - ақпаратты есту арқылы қабылдайтын оқушылар. Материалды меңгеру немесе түсіну үшін аудиалдарға ақпаратты тыңдап немесе қайталап айтып өту керек.

- Визуалдар - идеялар, тұжырымдамалар және ақпаратты визуалды бейнелермен ұқсастыру арқылы қабылдайтын оқушылар. Демек бұл оқушылар ақпаратты көру органдары арқылы қабылдайды.

- Кинестетиктер (көне грек. Κινέω – «қозғалтамын, ұстап көремін» + αἰσθησις – «сезім, түйсік») – ақпараттың көптеген бөлігін дене арқылы сезіну жолымен жанасу арқылы қабылдайтын

Оқушылар.

«Оқушы үні» - 2004 Джин Раддок бастаған Кембридж университетінің зерттеушілері бастама жасаған жобасы, олар оқушылардың оқу мен оқыту үдерісіне қатысты ой-пікірлеріне назар аударды.

«Оқушы үні» жобасының міндеттері: оқыту мен оқу үдерісі туралы оқушылардың ой-пікірін ұғу; оқушылармен кеңесу әдістері бойынша мұғалімдерге арналған нұсқаулық әзірлеу; мектептерде қызметкерлер, мұғалімдер, оқушылар мен мектеп басшылары арасында қауіпсіз және ашық диалог орнату мәдениетін құру мүмкіндіктері мен проблемаларын анықтау. «Оқушы үні» жобасы аясында көптеген мектеп мәселелері бойынша оқушылармен кеңес жүргізілді, атап айтқанда, мадақтау және жазалау

жүйесін өзгерту; жоспарлау; сыныптағы оқытуға кедергі келтіретін немесе көмектесетін ахуалды айқындау мәселелері бойынша. Бұдан әрі «Оқушы үні» жобасының негізгі идеясы осы аттас теорияға жүйеленіп, оқушылармен кеңесу оқыту мен оқу тәжірибесін және жалпы мектеп қызметін жетілдіру жолдарын іздестірудегі негізгі шаралардың біріне айналды.

Оқушылармен кеңесу– Кембридж университетінің «Оқушы үні» жобасының тәсілі (Jean Rudduck, 2004), ол оқушыларда өзін-өзі сыйлауға, мектепке және оқыту үдерісіне, мұғалімдерге эмоционалды жақсы қарым-қатынас қалыптастыруға, оқытудағы өзін-өзі реттеуді дамытуға көмектеседі. «Оқушылармен кеңесу» тәсілінің әлеуетін дұрыс қолданған жағдайда, ол оқушылар проблемалары мен олардың пікірлерінің шынайылығын түсінуге, оқушының «нақты» жеке тұлғасын, оның қабілетін, икемділігін, бойындағы дарындылықты түсінуге және олардың пікірін одан әрі жетілдіру мақсатында оны мектептің саясаты мен тәжірибесіне кіріктіруге негізделген оқушылар мен мұғалімдер арасындағы өзара қарым-қатынасты қағидатты түрде өзгерту арқылы мектептің оқыту мен оқу тәжірибесін қайта құра алады.

Оқушының «жайлы» аймағы - оқушылар өздерін анағұрлым жайлы сезінетін өмірлік жағдаяттар. Мысалы, сыныпты алатын болсақ, бұл: оқушылар орындау барысында шамалы ғана жайсыздық сезінетін тапсырмалар көлемі. Әдетте, оқушының «жайлы» аймағы зияткерлік немесе физикалық емес, аффекттік факторлармен байланысты болып келеді.

Оқыту - педагог жүзеге асыратын білім алушылардың оқу-танымдық қызметін басқару үдерісі. Оқыту оқу-тәрбие үдерісінің компоненті болып табылады және қарсы бағытталған оқу үдерісінің болуын көздейді. Оқытуға оқу міндеттеріне сәйкес келетін білім және білікті меңгеру бойынша әрбір білім алушының тиімді іс-әрекетін ұйымдастыру кіреді. Сондай-ақ мұғалімнің іс-әрекеті өз жұмысын жоспарлау мен ұйымдастыру дегенді білдіреді.

Оқытудағы тәсілдер - оқыту мен оқу үдерісінде жүйелі түрде қолданылатын әдістер мен тәсілдердің жиынтығы.

Оқытудағы әлеуметтік-сындарлы тәсіл - бұл оқытудағы тәсіл оқыту диалог (талқылаулар, пікірталастар, ынтымақтастықта жұмыс істеу, білімді бірлесіп құру, түсініктер мен дағдыларды қалыптастыру) арқылы оқушылар өзара қарым-қатынас жасауы қажет деген идеяға негізделген.

Оқытудағы бихевиористік тәсіл - оқытудағы бұл тәсіл оқыту үдерісінде білім алушыға жасалған әсерлер (түрткілер) және сол әсерлерге оқушылардың көрсеткен реакциялары ғана ескеріледі деген тұжырымға негізделген. Реакцияға әкелетін психикалық үдеріс объективті, ғылыми талдауға көнбейтін «қара жәшік» деп түсініледі. Қозғалыстар жиынтығымен шектелген мінез-құлық зерделенеді. Психологияда бихевиористік тәсіл ХІХ ғасырдың аяғында оқу теориясы саласында пайда болып, ал ХХ ғасырдың басында жалпыпсихологиялық және негізінен психологияда қолданылатын тәсіл деп жарияланды. Бихевиоризмнің негізін салушы Джон Б. Уотсон психология бағытталып отырған ішкі тәжірибені бақылауға

болмайтындықтан, оны жеткілікті деңгейде зерттеу мүмкін емес деп жорамалдаған. Осыған байланысты зерттеуші зертханалық эксперименттерге жүгінді. Нәтижесінде «түрткі – реакция» моделі жасалды. Ол модельде орта жеке тұлға жауап беруі тиіс түрткілерді тудырушы деп қарастырылады. Эдвард Л. Торндайк және басқа да ғалымдар осы идеяға сүйеніп, «түрткі – реакция» (Т-Р) оқыту теориясын жасады. Ол теорияға сәйкес мінез-құлық нәтижесінде реакция не күшейеді, не әлсірейді.

Оқытудағы сындарлы тәсіл (лат. Constructivus – құрумен, құрастырумен байланысты) – оқытудағы бұл тәсіл оқыту зерделеу, эксперимент, жетекшілік ету арқылы жүргізілетін зерттеу, тапсырмаларды шешу, ойлану сияқты белсенді зерттеулер көмегімен түсініктер мен дағдыларды қалыптастыру арқылы құрылу керек деген идеяға негізделген. Оқыту мен оқуда сындарлы тәсілді қолдану оқушылардың пәнді терең түсіну қабілетін дамытып, оқушыларға өздерінің алған білімдерін сыныптан тыс жерде қолдануға жағдай жасайды.

Оқытуды даралау (дербестендіру) - оқу әдіс-тәсілдері, қарқыны оқушылардың жеке ерекшеліктерін, олардың оқудағы мүмкіндік деңгейлерін ескере отырып таңдалатын оқу үдерісін ұйымдастыру. Барлық оқушылардың дайындық деңгейлері әртүрлі болуына байланысты және олардың оқу қабілеттерін дамыту керек болғандықтан оқытуды даралау қажет болды. Мұғалімнің оқушылардың жеке және жас ерекшеліктерін білуіне негізделген оқытуды даралау оқыту мен тәрбие беруде бірлікке жетуге көмектеседі.

Оқытуды саралау - әрбір оқушының жеке қажеттіліктеріне сәйкес нұсқауларды, тапсырмаларды, материалдарды, әдістерді, т.б. Іріктеу үдерісі.

Оқытудың күтілетін нәтижелерін жоспарлау

- Оқытудың күтілетін нәтижелері - түсіну дәрежесін, дағдының болуын, сабақ соңында оқушылар көрсете алатын қызмет немесе іс-әрекет өнімін анықтайтын тұжырым. Жоспарлау барысында оқытудың күтілетін нәтижелері келер шақтағы етістік түрінде беріледі. Мысалы: оқушылар түсінетін болады, суреттеп көрсете алатын болады, салыстыра алатын болады және т.б. Жоспарлау кезінде оқытудың күтілетін нәтижелері мақсат және міндеттерге сәйкес келеді.

Оқытудың әлеуметтік-сындарлылық теориясы – оқудың сындарлылық теориясының философиясына негізделген білім алу туралы әлеуметтік теория. Негізгі идея оқушылар бір-бірімен өзара әрекеттесу арқылы білім алады дегенді меңзейді. Оқудың әлеуметтік-сындарлылық теориясындағы негізгі мәселе «білім» ұғымы әлеуметпен үйлесімді қарым-қатынас құра алуды да қамтитындығы болып табылады.

Оқытудың сындарлы теориясы - оқушылардың ойлауын дамыту олардың бұрынғы алған білімдері немесе сыныпта түрлі дереккөздерден (мұғалім, оқулықтар, құрбылары) алған білімдерімен астастырыла жүзеге асады деген тұжырымға негізделген теория.

Оқушылардың білім жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламасы PISA - Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы

(ЭЫДҰ) жүзеге асыратын бағдарлама. PISA зерттеулері үш жылдық циклмен өткізіледі. PISA зерттеулерінің негізгі мақсаты он бес жасар оқушылардың білімдегі жетістіктерін бағалау болып табылады. Зерттеудің басты сұрағы – «жалпыға міндетті білім алған он бес жасар оқушылар қоғамда толық қызмет жасауға қажетті білімдер мен біліктерді игерді ме? Зерттеу мектеп бағдарламаларын меңгеру деңгейін анықтауға емес, оқушының мектепте алған білімі мен білігін өмірлік жағдаяттарда қолдана алу қабілеттерін бағалауға бағытталған.

Орын ауыстыру - (лат. Rotatio - айналмалы қозғалыс, айналу) - айналмалы қозғалыс, бір орыннан екінші орынға ауысу.

Ө

Өнер - 1) бір істі ұқсатып жасаушылық, шеберлік; 2) өмір шындығын көркем образдар арқылы бейнелейтін қоғамдық сана мен адам іс-әрекетінің өзіне тән ерекшеліктерімен дараланатын формасы.

Өзіндік бақылау – қол жеткізген нәтижелерін және оған жету жолындағы қиын тұстарын алдын-ала болжау, түзету және реттеу арқылы көрінетін білім алушының өз оқу-танымдық әрекетін саналы түрде басқаруы.

Өзіндік реттеуге негізделген оқу - метатану негізінде жүзеге асырылатын оқу. Ол оқушының тапсырмаларды орындау үдерісінде өзін өзі бағыттауымен, оқушының оқу мақсаты мен проблемаларын өз бетінше анықтауымен, белгілі бір мақсатқа жету және проблеманы шешу үшін өз бетінше стратегияларды таңдауымен сипатталады.

Өрістеу - кеңейту, ұлғайту, бір нәрсені біртіндеп қарқындату, тарату, өршіту.

- Проблеманы өрістету – проблеманы ағымдағы деңгейде шешу мүмкін болмағанда, оны жоғарырақ деңгейде талқылауға шығару.

П

Парасаттылық - Адамның адамдығын, халықтың халықтығын, мемлекеттің мемлекеттігін ұстап тұрған моральдық сапа.

Парадигма - (грек. Παράδειγμα - үлгі, модель) – ғылыми қауымдастық қабылдаған және келіскен, сондай-ақ ғылыми қауымдастық мүшелерін біріктіретін негізгі ғылыми мақсаттар, түсініктер мен терминдердің жиынтығы.

Пәндік білім (ПБ) - оқытылатын пән бойынша өзекті білімдер. Мысалы, химия пәнінің білікті мұғалімі заманауи ғылыми идеялар, тұжырымдамаларды жеткілікті түрде біліп, оның химия туралы тәжірибелік түсінігі болады. Сонымен қатар ол химияда қолданылатын теориялар мен рәсімдер туралы өте жақсы біледі.

Педагогика - (грек. Paidos – бала, ago – тәрбиелеуші, жетектеуші) – жеке адамды тәрбиелеп қалыптастыру үшін белгілі мақсатқа бағытталған жүйелі тәрбие, білім беру туралы ғылым саласы.

Педагогика – адамды қоғам өміріне араластыру бойынша ерекше, әлеуметтік және тұлғалық жетекші іс-әрекетті зерттейтін ғылым, бұл іс-әрекеттің түрі тұлғаның әлеуметтік тәжірибені және өзінің дамуын меңгеруге бағытталған.

Педагогика бала туралы, өскелең ұрпақтың әлеуметтік тұрғыдан қалыптасуына ықпал ететін тәрбиелік, қоғамдық қатынастардың даму заңдары туралы барлық жаратылыстану және қоғамдық ғылымдардың тоғысуында қалыптасқан күрделі қоғамдық ғылым болып табылады.

Педагогика адам өмірінің барлық кезеңдерінде дамудың құралы мен факторы болып табылатын педагогикалық процестің (білім беру) мәнін, заңдылықтарын, даму үрдістері мен келешегін зерттейтін ғылым болып табылады.

Педагогиканың әдіснамасы - бұл тек педагогика ғылымының негіздері мен құрылымы, педагогикалық болмысты бейнелейтін білімге қол жеткізудің жолдары мен тәсілдерінің принциптері туралы білім жүйесі ғана емес. Ол осындай білім алуды және арнайы-ғылыми педагогикалық зерттеулерді әдіснамалық қамтамасыз етуді, жаңа әдіснамалық білім алуды көздейтін іс-әрекет жүйесі.

Педагогикалық техника - мұғалімнің жеке оқушыларға, сонымен қатар жалпы сыныпқа педагогикалық әсер ету әдістерін тәжірибеде тиімді қолдануы үшін қажетті білім, білік және дағдылар кешені. Педагогикалық техниканы игеру педагогикалық шеберліктің құрамдас бөлігі болып табылады, ол педагогика мен психология пәндері бойынша арнайы терең білім мен ерекше тәжірибелік дайындықты талап етеді.

Плагиат - басқа біреудің жұмысының мақсаты мен қолданыс көлеміне қарамастан, академиялық дереккөзге сілтеме жасамай, өз жұмысы ретінде ұсыну. Плагиат мысалдары: көшіру, сөзбе сөз жеткізу, идеяларды қолдану, дереккөзге сілтеме жасамай интернет желісінен ақпарат көшіріп алу.

Портфолио - (итал. Portfolio - «құжаттар сақтайтын папка», «маманның папкасы») белгілі бір кезеңде жұмыстың орындалғанын, әртүрлі бағыттағы қызметтер (оқу, шығармашылық, әдістемелік, зерттеушілік) бойынша нәтиже болғандығын растайтын және бір немесе бірнеше бағыттарда өрлеу және жетістікке қол жеткізілгендігін көрсететін дәлелдемелердің толық жинағы. Портфолио критериалды жүйе бойынша жетістіктерді (мұғалімнің, оқушының) бағалауда әділдік пен айқындықты арттыру мақсатында енгізіледі. Портфолионы ресімдеудің критерийлері:

- өздік мониторингтің жүйелілігі мен жиілігі;
- материалдардың құрылымдалуы, барлық жазбаша түсініктемелердің ықшамдылығы, қисындылығы;
- ресімдеудің ұқыптылығы және әсемділігі;
- ұсынылған материалдардың тұтастығы, тақырыптық тұрғыдан аяқталуы;
- таныстырылымның негізділігі мен көрнекілігі.

Постер - оқу мақсатында қолданылатын ресімделген плакат.

Праксис (грек. Praxis – әрекет) – толық бақылаумен бірге жүретін, бас миының зақымдалуы кезінде бұзылуы мүмкін лайықты дәрежеде үйлестірілген әрекет.

Пітір садақа пітір сөзі араб тілінде - «жаратылыс» деген мағынаны білдіргендіктен, кейбір ғұламалар пітір садақасын «дененің зекеті» деп атаған. Пітір садақасы - күнделікті қолданылатын негізгі қажеттерінен тыс, кем дегенде, нисап мөлшеріндегі (85 гр. алтын немесе құнына тең) байлыққа ие адамға уәжіп садақа. Пітір садақасы һижреттің екінші жылы, Рамазан оразасы парыз етілген жылы уәжіп етілді. Пітір садақасы Ораза айт күні таң атысымен уәжіп болғанымен, бірнеше күн, тіпті бірнеше ай немесе жыл бұрын беруге де болады. Бұл садақаның Ораза айт намазына дейін берілгені дұрыс. Пайғамбарымыз (с.а.у.) «Осындай күнде (айт мейрам кедейлерді қайыр садақа тілеуге мұқтаж етпендер», - деген. Кедейлердің осындай барлық адамдардың қуанып, тойлайтын мейрам күнінде халықтың беретін пітір садақалары арқылы қажетті нәрселерін алып елмен бірге ойнап кұлулерін ойлаған пітір садақасы бір жағдайлармен аталмыш мерзімнен қанша кешіктірілсе де, міндетті түрде берілуі тиіс. Пітір садақасын айт күні таң атысымен беру уәжіп болғандықтан, аталмыш уақыттан бұрын дүниеден өтіп кеткен адамдар үшін уәжіп емес. Бірақ осы уақыттан кейін қайтса, артында қалған туыстары қайтқан адамның малынан өтейді. Сол сияқты таң атпай дүниеге келген сәбиге пітір садақасы - уәжіп. Ал, таң атқаннан кейін туылған балаға - уәжіп емес. Пітір садақасы әрбір нисап мөлшеріне ие азат Мұсылман үшін - уәжіп. Пітір садақасы уәжіп болған мұсылман нисап мөлшерінде байлығы жоқ әйелі мен кішкентай балалары үшін де беруге тиіс. Бір адамның пітір садақасы мұқтаж бір адамға беріледі. Бірақ бір адамның пітір садақасын бірнеше адамға бөліп беруге болмайды. Бірнеше адамның пітір садақасын біріктіріл, тек қана бір мұқтаж адамға беруге болады. Пітір садақалары, ең алдымен жергілікті жердің мұқтаж кедейлеріне берілуі тиіс. Жергілікті жердің мұқтаж кедейлері бола тұра, басқа жердің кедейлеріне беру - мәкрұһ.

Р

Раса (араб. рас — бас, бастау, шығу тегі) — бір антропологиялық түрге жататын, шығу тегі белгілі бір географиялық ареалда таралған адамдар тобы. Р. термині 17 ғ-дан бастап Еуропа халықтарында тарай бастады. Оны испандықтар мен португалдықтар (Rasse), француздар (la rase), итальяндықтар (Razza), немістер (Rassa), ағылшындар (the race) және славян халықтары (раса) биол. мағынада кеңінен пайдаланады. ЮНЕСКО шешімі бойынша (1966 ж.) раса мәселесінің биол. аспектісі туралы арнайы декларация қабылданған. Онда Раса туралы мынадай негізгі ғыл. қағидалар айтылған:

- Бүгінгі әлемдегі барлық адам баласы жалпы биол. бір түрге, яғни Homo sariens-ке жатады және ол бір түбірден тарайды;

- адамдардың биол. айырмашылықтары табиғи орта мен адамның генетик. құрылымының бір-біріне тигізген әсерінен пайда болған өзгешеліктер болып саналады;
- адамзат топтасуында (папуляциясында) көптеген генетик. айырмашылықтар бар. Оны бірыңғай папуляц. тұрғыдан алып қарағанның өзінде адамзат тобында таза раса жоқ;
- адамзаттың нәсіл заңдылықтарына орай оның физ. ерекшеліктері шартты түрде үлкен Расаларға, одан кейін кіші расаларға ажыратылады. Жалпы адамзат кем дегенде үш үлкен Расаға жүйеленеді;
- ешқандай халық, ұлт, тіл, дін, мәдени топ өзінше жеке раса құрай алмайды. Раса деген ұғым тек биол. мағынада пайдаланылады. Расаның мән-мағынасын тұжырымдаған декларацияда бүкіл әлемдегі адамзаттың барлығының биол. мүмкіншіліктері бірдей екендігі айтылады.

Олар қалай және қандай затты және рухани өркениетті дамытам десе ерікті екендігі көрсетілген. Қазіргі уақытта әлем халықтарының антропол. жүйелеу әдістемелері бойынша еуропеид, негроид, моңғолоид секілді негізгі үш үлкен Раса белгілі. Бұлардың әрқайсысы бірнеше кіші Расаларға ажыратылады (қ. Нәсілдер). Сонымен қатар әрбір үлкен Раса жігінде аралас кіші Расалар бар. Мыс., еуропа тектес және моңғол тектес Расалар жігінде ерте заманнан бері олардың араласуынан пайда болған кіші тұран тектес (оңт. сібір) Раса бар. Оның өзі мынадай үш антропол. нұсқаға ажыратылады: қазақстандық антропол. нұсқа (өкілі қазақтар), тьянь-шань өңірлік нұсқа (өкілі қырғыздар), алтай-саяндық нұсқа (өкілі хакастар);

Рәсімдер - Игі іс-әрекеттің ұлттық көрінісі

Рәміздер - Этностық (ұлттық) белгілер мен жоралғылар (Таңба, Белгі, ту т.б)

Рейтинг – қорытынды аттестациялаудың нәтижелері бойынша құрылған білім алушылардың бағдарламалық материалды игеру деңгейінің сандық көрсеткіші.

Рефлексивті оқыту - оқыту мен оқу үдерісін жақсарту мақсатында мұғалімнің өзіндік тәжірибесін жүйелі түрде талдауына негізделген оқыту тәжірибесі.

Рефлексивтік делдал - оқушының өзінің оқуына қатысты рефлексия жүргізуіне көмек көрсететін адам.

Рефлексивтік есеп - теориялық материал туралы қажетті біліммен нығайтылған, тәжірибелік іс-әрекетін терең талдаумен бірге жүретін мұғалімнің тәжірибелік іс-әрекетінен алынған мысалдар жазылған құжат. Рефлексивтік есеп өз тәжірибесіне қатысты мынадай сұрақтарға жауап беруді көздейді: Неліктен осындай жағдай орын алды немесе алмады? «Кемшіліктерімді» қалай «жетістікке» айналдырамын? Келешекте іс-тәжірибемді қалай жақсартамын?

Рефлексивті практик (мұғалім) - өзінің оқыту және оқу тәжірибесін дамыту, өзгерту және жетілдіру әдістерін мұқият және үнемі ойластырып жүретін педагог.

Рефлексия (лат. Reflexio – өткенге жүгіну) - субъектінің назарын өзіне, атап айтқанда, оларды қайта ойлап, қорыту мақсатында өз белсенділігінің өніміне аударуы. Философияда рефлексия былай деп түсіндіріледі: 1. Сананың және ойлаудың өзіне жүгіне алу қабілеті. 2. Жаңа білім алу мақсатында білімді талдау. 3. Сана мен жанның күйін өзіндік бақылау. Педагогикада рефлексия сабақтың бір кезеңі ретінде қарастырылады. Ол кезде сабақ барысында алынған білім сыни тұрғыдан талданып, меңгерілген біліммен салыстырылып, өзіндік түсінік пайда болады.

Рубрикатор - критерийлер, лейблдер мен дескрипторлардың болуын көздейтін, оқушы жұмысын қалай бағалау керектігін түсіндіретін құжат.

Рух – ой мен сананың шоқтығы, адамның психикалық белсенділігінің көрінісі, адамның сана-сезімі мен қимыл-әрекетінің озық болжампазы, тарихи тәжірибенің идеалды түрі.

Рух – 1) табиғи материалдық бастамадан өзгеше, затсыз, идеалды бастаманы білдіретін философиялық ұғым; 2) рухани күш, қуат. Батылдық.

С

Салт - Ұлттық дәстүрдің берік қалыптасып, өмір заңдылығына айналуы, этностық тіршілік.

Салт-дәстүр — әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптардың жиынтығы; қауым мен қоғамда қалыптасқан мінез-құлықтың үлгілері. Күнделікті қолданыста бір мәдени топты екіншісінен айыратын және бейресми жолмен реттейтін қабылданған мінез-құлық ережесіне немесе әлеуметтік әрекеттерді жөнге келтіретін терминге жатады. Салт-дәстүр ұлт үшін өмір, қоғам заңы болып негізделіп, сана, тағылым, тәрбие, тіршілік ережесі ретінде ел зердесіне рухани байлық — өнеге тәжірибесін құраған. Бұл талаптар мен ережелерді халық] бұлжытпай орындаумен бірге оны құрметтемеген, сақтамаған адамдарды сол заң негізінде жазалап та отырған. Өткен заманда қазақ қоғамы үшін салт-дәстүр бұлжымас заң рөлін атқарды. Мысалы, той, наурыз көже, қыз ұзату, қонағасы, шашу, ерулік ата салты болып саналады. Салт-дәстүрдің ел арасындағы тәлімдік, тәрбиелік, халықтық мәні зор. Халықтың атадан балаға көшіп, дамып отыратын тарихи әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық, кәсіптік, салт-сана, мінез-құлық, тәлім-тәрбие және рухани іс-әрекетінің көрінісі дәстүр арқылы танылады. Салт-дәстүр байлығы — мәдениеттің байлығы. Мысалы, ата-ананы, үлкенді құрметтеу, байғазы, көрімдік, сүйінші, кәде сұрау, сәлем беру, ат тергеу, құрдастық қалжың, т.б. салт-дәстүрге

жатады. Қазақ халқы салт-дәстүрге бай. Әдет, ғұрып, ишара, ырым, тыйым, дағды бәрі осы салт-дәстүр көрінісі.

Сәлем салу - Келіннің жанұядағы қызметі мен әдептілігінің белгісі, ата-енесіне, қайын жұртына деген құрметі мен сәлемі. Беташар кезінен бастап сәлем салу басталады. Сәлемді ата-баба салтымен иіліп немесе тізесін бүгіп салады. Ал сәлемге ие болған адам:- Бақытты бол, балам! - деп ықыласын білдіреді немесе қарт аталар мен аналар жас келіннің маңдайынан иіскеп, бақыт пен берекет тілейді. Жас келін бір үйдің берекесін кіргізетін болашақ ана болғандықтан, ата-ене үйлі-жайлы болып, бала-шағалы болуларына үлестерін қосады. "Жақсы келін - қызындай, жақсы күйеу - ұлындай" деп қазақ даналары бекер айтпаған. Келіннің келін болып түсе сала, өзіне артылған міндеттері бар. Таңертең ерте шай қою, дастарқан жайып шай беру, үй тазалығы, ауылды жерде - ошақ басындағы қызметі, мал жайғастыруы, сиыр сауып, күбі пісу. Келін болып түскен күннің ертеңіне-ақ, таңертеңгісін, осы тірліктерге араласпас бұрын, ізеттілік көрсетіп, ата-енесіне тізе бүгіп, сәлем салады. Келін үлкендер алдында орамал тартып жүреді. Ол да үлкендерге көрсеткен құрмет

Салт-сана - Әдептің, дәстүр мен әдет-ғұрыптың халыққа, халық санасына сіңіп, ұлттық мәнде көрінуі.

Сандық технологиялар - сандық техникалық құралдар. Оларға интернет желілері, ұялы телефондар, бейне және фото камералар, IPAD, iPhone және т.б. Жатады.

Саяси психология - саяси өмір жағдайының ортақтығы негізінде адамдар ұжымдарында, әлеуметтік топтар, таптарда, жеке адамдарда туындайтын сезімдердің, көңіл-күйдің, әдет-ғұрыптардың, мінездің ерекше белгілерінің жиынтығы жатады. Ол қарапайым саяси сана сияқты саяси өмірдің тікелей тәжірибесінен туындайды. Бірақ қарапайым саяси санада өмірді танып-білуіне, хабардарлығына көңіл бөлінсе, мұнда сол жағдайларда адамның қатынасуына, өмірді бағалауына баса назар аударылады. Қандай болсын саяси идея адамдардың белгілі бір сезімін тудырып, көңіл-күйіне әсер етпей қоймайды. Мұның бәрі саяси психологияға жатады.

Саяси психология - әр түрлі іс-әрекеттерге соған сәйкес сезімін оятып, қоғамдық қозғалыстарда маңызды рөл атқарады. Сондықтан саяси бағытты жоспарлап, оны жүзеге асыруда халықтың саяси психологиясын ескерудің маңызы зор.

Саяси психология - ғылыми пән ретінде ұлттар, таптар, әлеуметтік топтар саяси санасында қалыптасып, көрініс табатын, әрі саяси үрдіске қатысушылардың нақты іс-әрекеттерінде жүзеге асатын қоғамның саяси өмірінің психологиялық бөліктерін зерттейді. Саяси психология саяси мінез-құлық туралы ғылыми пән ретінде II дүниежүзілік соғыстан кейін АҚШ- та қалыптасқан.

Сенімдер - Дінге, болашаққа, игі іс-әрекеттің келешегіне сену, көрегендікке бейімдеу

Сессия (лат. Sessio - отырыс) – тренинг аясында нақты уақытпен шектелген жұмыс кезеңі.

Синхронды емес оқыту - ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен ресурстарды қолдану арқылы оқыту мен оқу нысаны. Бұл үдеріс барысында мұғалім/оқытушы мен білім алушы арасындағы байланыс уақыт жағынан кешеуілдетіп жүреді. Синхронды емес оқыту оқытудың сындарлы теориясына негізделген, ол білім алушыларға өздерінің білімдік қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жеке оқу бағытын өз бетінше қалыптастыруға мүмкіндік беруді көздейді. Сонымен қатар синхронды емес оқыту білім беру бағдарламасының жекелеген пәндерін, сондай-ақ оларды оқу реттерін таңдауда еркіндік береді.

Скаффолдер – скаффолдингті жүзеге асыратын мұғалім.

Скаффолдинг (көпіршелер тұрғызу)– оқушыға жақын арадағы даму аймағымен жүруіне және өз бетінше орындай алмайтын тапсырманы орындауға көмектесу үшін мұғалім көрсететін интерактивті қолдау.

Скрининг - педагогикада бірегей қабілеттері бар балаларды, соның ішінде бастапқыда әлеуеті ашылмаған дарынды және талантты балаларды анықтау мақсатында қолданылатын арнайы тексеру, тестілеу және іріктеу әдісі.

Сыншы дос - кәсіби сенімді қарым-қатынас орнаған, тәжірибеңізге сыни талдау жасау және сындарлы кері байланыс ұсыну арқылы оқыту мен оқу тәжірибеңізді жетілдіруге көмектесетін әріптес, коуч, тәлімгер.

Стратегия (көне грек. Стратηγία - қолбасшылық өнері) - 1. Ұзақ уақытты қамтитын кез келген іс-әрекеттің тәптіштелген емес, жалпы жоспары. 2. Мақсатқа жету тәсілі.

- Педагогикалық стратегия - білім беру мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу үшін сыныпта қолданылатын жоспарланған, әрі жүйеленген әдістер мен тәсілдердің Жиынтығы.

Синергетика – (гр. сөзі: ынтымақтастық) – күрделі жүйелердің бейне-берекет күйден реттелген күйге өту үдерісін зерттейтін және осы жүйе элементтерінің арасындағы белгілі бір байланыстарды сипаттайтын ғылым.

Сын тұрғысынан ойлау - қадағалау, тәжірибе, ойлану нәтижесінде алынған ақпараттың мағынасын тануда, оны бағалауда және талдауда аналитикалық тәсілдің қолданылуын көздейтін ойлау түрі. Бұл келесі қабылданатын әрекеттерге негіз болуы мүмкін.

- Мұғалімнің сын тұрғысынан ойлауы - мұғалімнің өзінің оқыту және оқу тәжірибесіндегі проблемаларды анықтап, мойындауға, оларды шешудің тиімді жолдарын табуға, тәжірибеде болып жатқан өзгерістер жайлы орынды дәлелдемелерді жинап, жіктеуге және сенімді қорытындылар жасауға негізделеді.

Сындарлы - салиқалы, сабырлы, парасатты.

Сындарлы оқу - талдау, эксперимент, жетекшілік ету арқылы жүргізілетін зерттеу, тапсырмаларды шешу, ойлану сияқты белсенді зерттеу әдістерін пайдалану кезінде түсініктер мен дағдыларды қалыптастыру

арқылы оқу. Сындарлы оқу дағдылардың ықпалдасып, мәселені/проблеманы терең түсінуге көмектеседі.

Сындарлы оқыту - мақсаты оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту және оқушылардың алған білімдерін сыныптан тыс жерде қолдана білуіне жағдай жасау болып табылатын оқыту.

Сыни талдау - әрекет, үдеріс не өнімнің нәтижелілігін/құндылығын/негізділігін анықтау және бұлардың неліктен нәтижелі/құнды/негізді болу себебін айқындау үдерісі.

Сыныптағы ахуал - бірқатар аффекттік, әлеуметтік, танымдық факторлардың, олардың ішінде ең негізгілері – тұлғааралық қатынастар мен оқушыларды оқу-тәрбие үдерісіне тарту негізінде қалыптасатын сыныптағы ахуал.

Т

Табандылық- қабылдаған шешімді жүзеге асыру үшін ұзақ уақыт бойы жігерлік таныту.

Тактикалық оқыту – тек қана тестілеуден ойдағыдай өтуге дайындау арқылы оқушылардың жетістіктерін өлшеу.

Талдау (греч. Análysis - ыдырату, мүшелеу) - біртұтас нысанды, затты, құбылысты оған тән құрамдас элементтерге ыдырату үдерісі, ондағы жеке тараптарды анықтап, біртұтас нәрсенің бөлігі ретінде әрбір элементті немесе тарапты зерделеу. Талдаудың екі түрі бар: 1.

Тәжірибелік іс-әрекет ретінде. 2. Ой операциясы ретінде. Адамның жеке дамуында талдау бастапқыда нақты тәжірибелік іс-әрекет түрінде жүреді, кейіннен көрнекі-әрекеттіктен көрнекі-бейнелікке, соңынан сөз-логикалық түрге дейін дамиды.

Таным дегеніміз - сыртқы заттар мен құбылыстар қасиеттерін, мәнді қатынастарын адам санасында идеалды образдар жүйесі ретінде бейнелеудің қайшылыққа толы күрделі процесі.

Таныстырылым (лат. Praesento - көрсетілім) - алдында берілген тапсырма негізінде орындалған жұмыс туралы есепті басқаға, көпшілікке ұсыну үдерісі. Таныстырылым мақсаты – аудиторияға таныстырылатын объекті туралы ақпаратты ыңғайлы түрде жеткізу. Таныстырылым белгілі бір ортаға сәйкес ұйымдастырылған мәтін, гипермәтіндік сілтемелер, компьютерлік анимациялар, графиктер, бейнежазба, музыкадан тұруы мүмкін. Сонымен қатар ақпаратты оңай қабылдау үшін таныстырылымның сюжеті, сценарийі және құрылымы болады.

• Мультимедиялық таныстырылым - мультимедиялық технологияларды қолдану арқылы жасалған таныстырылым. Мультимедиялық таныстырылым жасауға арналған технологияларға мынадай бағдарламалар жатады: Microsoft powerpoint, openoffice.org Impress, softmaker Presentations, Multimedia Builder, propresenter, Prezi.

Тартыс (конфликт (лат. conflictus – қақтығыс)) – екі немесе бірнеше жақтардың қарым-қатынасы барысында мақсаттары мен көзқарастарының

өзара қарама-қайшылығы. Тартыс әлеуметтік және бейәлеуметтік болып екіге бөлінеді. Әлеуметтік Тартыс субъектілері адамдар, ал бейәлеуметтік Тартысқа табиғат құбылыстары жатады. Қазіргі заманда Тартыс мәселесін зерттейтін ғылым саласы – “Конфликтология” деп аталады.

Тасаттық – көпшілік жиылып атқаратын діни рәсім. Тасаттықта көпшілік қауым болып жиналып, құрбанқұрбандық шалып, сауабын аруақтарға бағыштап, құран оқылып, құдайдан жаңбыр жаууын тілеп ниет қылады. Тасаттыққа жиналған қауым діни рәсімдерді атқарумен қатар жиынның соңын мереке сауыққа айналдырады. Құран оқылып, Құдайдан жаңбыр жаууын тілеп, ниет қылады. Тасаттыққа жиналған қауым діни рәсімдерді атқарумен қатар жиынның соңын мереке, сауыққа айналдырады.

Тәрбие, тәлім-тәрбие – жеке тұлғаның адамдық бейнесін, ұнамды мінез-құлқын қалыптастырып, өмірге бейімдеу мақсатында жүргізілетін жүйелі процесс.

Бесік тәрбиесі, балдырған тәрбиесі, өрен тәрбиесі, жасөспірім тәрбиесі, жастар тәрбиесі бір-бірімен жалғасып, өз ерекшеліктерімен жүзеге асырылады. Тәрбиенің мақсаты адам бойында ізгілік, инабаттылық қасиеттерін және тіршілікке қажетті дағдылар қалыптастыру болып табылады.

Тәлім алушы - тәлімгердің қамқорлығындағы тұлға.

Тәлімгер (көне грек. Μέντωρ) - өз еркімен жүйелі түрде ұзақ уақыт бойы өзінің білімі мен тәжірибесін тәжірибесі аздау субъектімен – тәлім алушымен бөлісуге дайын жетекші, мұғалім, басшы. Бұның нәтижесінде тәлім алушы өзінің кәсіби дағдыларын дамытып, еңбек жолында айтулы өзгерістерге қол жеткізу мақсатында проблемаларды шешу жолдарын іздейді.

Тәлімгерлік - ұзақ уақытқа созылатын, тәлімгер мен тәлім алушы арасында сенімді, жеке тұлғаға бағытталған қарым-қатынас құру үдерісі. Ол тәлім алушының педагог ретінде қалыптасуы мақсатында өзінің білімін, ойлауын, тәжірибелік іс-амалдарының тиімділігін жетілдіруде айтарлықтай қарқын алуына көмектеседі. Коучинг үдерісі тәлімгерлік үдерісімен байланысты: коучинг нақты тақырып бойынша әріптесінің кәсіби мүмкіндіктерін ашуға бағытталса, тәлімгерлік оған жүйелі кәсіби қолдау көрсетуді көздейді.

Технологиялық білімдер (ТБ) - оқытудың қосалқы құралдары (бейне, желілік материалдар, сандық бұқаралық ақпарат құралдары және т.б.) Туралы білім. Бұл санаттағы білімдер технологиялық құрылғылар саласындағы жеткілікті хабардарлықты да, оларды басқару үшін қажетті дағдыларға ие болуды да меңзейді.

Топтық жұмыс - білім алушыларды оқу тапсырмасын бірлесіп орындау үшін бірнеше жұмыс топтарын (5-6 адамнан артық емес) құру арқылы ұйымдастыру нысаны. Бұл бірін де сырт қалдырмай барлық оқушыларға жұмысқа қатысып, ынтымақтастық, басқа адаммен қарым-қатынас жасау дағдыларын қолдануға мүмкіндік береді.

Төмен деңгейлі сұрақтар (жабық сұрақтар) - берілген ақпаратты есте сақтауға ғана бағытталатын сұрақтар. Оларға берілетін жауаптар «дұрыс» немесе «бұрыс» деп қана бағаланады.

Тыйымдар - жамандыққа қарсы жасалынатын әрекет, тәлім-тәрбиелік Заңды нұсқау, тәртіптілікке үйрету.

Тыйым мен ырым – психологиялық мағынасы зор, адамды қолайсыз, зиянды әрекеттерден тартынуды талап ететін ерлі-зайыптылар мен үлкен кішінің, әке мен баланың, ұл мен қыздың, нағашы-жиеннің, ағайын-туыс, жекжат-жұрағаттың қарым-қатынасын реттестіруде өзіндік орны бар, сондай-ақ денсаулық, тазалық, әртүрлі жағдайда тәртіп сақтау, жол-жоба, жөн-жосық т.б. осы секілді әдет-ғұрыптарды бұлжытпай орындау мақсатында пайда болған рәсім. Мәселен, дос-туыс, құда-жекжатқа ит, пышақ, балта сыйламау, некелі төсекке басқа адамның отырмауы, ит аспанға қарап ұлыса жамандық шақырады деп қорқу, бос бесікті тербетпеу, жас босанған әйелдің қолын суық суға салдырмау, қыз баланың қатты сөйлемей, кіндігін көрсетіп жүрмеуі, қыз-келіншектің шашын, аттың құйрығын кеспеу т.с.с. Ырымдар да психологиялық тұрғыдан ойлаудың қарапайым түрінен туындайтын наным-сенімнің бір түрі. Бұлар өмір сүру барысында біртіндеп қалыптасқан этностық топқа ортақ, көшпенділер санасынан орын алған психологиялық ерекшеліктер.

Тыйым мен ырым - этностық қауымдастықтағы ер мен әйелге, үлкен-кішіге, ұл мен қызға т.б. осы секілді әртүрлі топтарға байланысты айтылған. Мәселен, бөбек психологиясына байланысты бесіктің үстіне жеті нәрсе (шапан, кебенек, тон, жабу, жүген, қамшы, бесік, көрпе) жабылады. Мұндағы түйін кебенек пен қамшы нәрестені ел қорғайтын, ер болсын деген ниеттен туған. Осынау наным-сенімдердің әсіресе, жас ұрпақтың санасына ұлттық рухты сіңіру, оның дәстүрі мен салтын, әдет-ғұрпын қастерлеп ардақтай білуге, баланың ұлттық дүниетанымын қалыптастыруға да алатын орны ерекше. Өйткені бұлар халқымыздың ғасырлар бойы тірнектеп жинастырған тәліми тәжірибесінің қорытындысы, ұлттық тәлім тәрбиеміздің қайнар көзі мен мүмкіндігі. Бір әттегенайы – осындай тамаша психологиялық жайттар күні бүгінге дейін ғылыми тұрғыдан жіктелмей, бір жүйеге түспей келеді.

Тұсаукесер – сәби қаз тұрғаннан кейін тез жүріп кетсін деген тілекпен жасалатын ғұрып, ырым. Ол үшін арнайы ала жіп дайындалады. Бұл ала жіп аттамасын деген ұғымнан шыққан. Сол жіппен баланың аяғын тұсап, оны жүріс-тұрысы ширақ әйелге қидырады. Сүріншек, жайбасар адамдарға баланың тұсауын кестірмейді. Тұсауы кесілген баланы қолынан ұстап жүгіртеді, шашу шашылады. Баланың ата-анасы тұсау кесушіге кәдесін береді. Тұсау кесу тойының негізгі жабдықтары 1,5 м ала жіп, өткір қайшы немесе пышақ. Тұсаукесердің жібін дайындаудың бірнеше түрлері, жолдары, сенімдері де бар. Көбейіп, көгере берсін деп көк шөптен есіп жасайды. Бай болсын деп малдың тоқ ішегінен де өреді. Адал болсын деп ала жіптен де жасайды. Тұсау кесу тойына ауылдың қыз-келіншектері, әжелер шақырылады. Ет асылып, шай қайнатылады. Тойға келгендер шашуға құрт,

май, тәтті тағамдар, балаға ойыншық, асық, сылдырмақ, т.б. әкеледі. Бұдан кейін 2 – 3 жасар балаларды жарыстырып, күрестіріп, озғандарына бәйге береді. Балаларға өлең, жыр, тақпақ, жаңылтпаш айтқызады. Той тарқарда әжелер тойдан немерелеріне сарқыт деп қалталарына тәтті, бауырсақ, құрт-ірімшік салып алады. Тұсау кескен әйелге көйлек немесе аяқ киім сыйлайды.

Тренинг (train – оқыту, тәрбиелеу) – білім, білік, дағды және әлеуметтік мақсаттарды дамытуға бағытталған белсенді оқу әдісі. Егер жаңа ақпарат алуды ғана көздемей, мақсат алынған білімдерді тәжірибеде қолдану болған жағдайда тренинг айтарлықтай жиі өткізіледі.

Тұжырымдама (лат. Consertio – түсіну, жүйе) - 1. Басты ой, жетекші идея. Тұжырымдама әрекеттер стратегиясын анықтайды. 2. Әлемде, табиғатта, қоғамда болып жатқан құбылыстарға байланысты қалыптасқан көзқарастар жүйесі. 3. Қандай да бір зат, құбылыс немесе үдерісті түсінудің (түсіндірудің, түйсінудің) белгілі бір тәсілі; затқа қатысты негізгі көзқарас, оны жүйелі түрде жариялауға арналған жетекші идея, өзара бір-бірімен тығыз байланысты және бір-бірінен туындайтын көзқарастар жиынтығы, таңдап алған тапсырманы шешу жолдарының жүйесі.

Тұқым қуалаушылық - ата-анасынан ұрпақтарына қандай да бір белгілердің, ерекшеліктердің берілуі. Тұқым қуалаушылықты тарататындар – гендер (грек тілінен аударғанда - «туа біткен»), сондықтан оны зерттейтін ғылым генетика деп аталады.

Тұжырымдамалық (лат. Consertio – түсіну, жүйе) - 1. Өзінің байыпты тұжырымдамасы бар. 2. Белгілі бір тұжырым, идея туралы тұжырымдамаға негізделген, тұжырымдамасы бар. 3. Негізгі, түйінді, анағұрлым маңызды.

Тұжырымдамалық карта (ассоциациялық карта) - ойлау үдерісінің графикалық бейнеленуінің тиімді тәсілі, оның көмегімен түрлі тұжырым, ұғым, идеялардың арасындағы өзара қарым-қатынастарды визуалдандыруға болады. Тұжырымдамалық карта идеялардың сабақтастығын, тұжырымдаманың дамуын анықтап, бірден көзге көріне қоймайтын байланыстарын тауып, түрлі идеялар мен шешімдерді тудыруға мүмкіндік береді.

Тізбектелген сабақтар топтамасы - өзара қисындылықпен байланысқан сабақтардың жиынтығы (кем дегенде төрт). Олар ортақ тақырып, оқыту мақсаттары, міндеттері және күтілетін нәтижелері арқылы бірлескен.

У

Уәж - белгілі бір мақсаттарға жету үшін әрекет жасауға ынталандыру үдерісі.

- Ішкі уәж - жеке тұлғаның тілектері мен қажеттіліктеріне негізделген.
- Сыртқы уәж – түрлі көтермелеу шаралары (баға, мадақтау парағы т.б.) Арқылы көрініс тапқан, қоршаған ортаның факторларына негізделген уәж.

Ұ

Ұлт (лат. natio - ұлт) — қоғамды ұйымдастырудың анағұрлым кең тараған бірлігі. Негізінде ХХ-ХХІ ғасырлар ғаламдық деңгейдегі саяси ұйымдасудың негізгі бірлігі болып табылатын ұлттық мемлекетке сәйкес келуі керек. Ұлт мемлекетті қажетті заңдылықпен қамтамасыз етеді және тек ұлттық мемлекеттер халықаралық қатынастардың толыққанды субъектілері ретінде өмір сүре алады деген пікір қалыптасқан. Ұлттық емес мемлекеттер толыққанды болып есептелмейді. Олар не ұлттыққа айналуы керек, не өмір сүруін тоқтатуы керек. КСРО дан кейін қалыптасқан ұғым бойынша, ұлт — белгілі бір аумақта тарихи қалыптасқан, оның өмір сүруін қамтамасыз етіп, оған өзіндік түр беретін субстанционалды-рухани негізі бар, бірыңғай тіл, мәдени, психологиялық, ділдік (менталитет), өмір салты сияқты ерекшеліктер тән әлеуметтік қауым. Бұл Сталиннің ұлтқа берген қате анықтамасы негізінде айтылған көзқарас. Себебі бұл жиынтықта айтылған компоненттерде саяси ерік және осы еріктің негізінде туындайтын саяси мемлекет туралы еш нәрсе айтылмайды. Марксистік идеология негізінде ұлттың негізгі саяси компоненті жойылып, ұлт ұғымы этнос деңгейіне дейін төмендетілген. Оның бірнеше себептері болған. Біріншіден, марксистік көзқарас бойынша коммунизм орнағаннан кейін ұлттар жойылу керек еді болашақта. Екіншіден, отарлаушы мемлекетте ұлттың шынайы саяси көрініс табуы мүмкін емес еді. Сондықтан советтік кезеңнен қалған шолақ анықтамалардан сақ болу керек.

Ұлт дегеніміз – адамдардың тарихи қалыптасқан әлеуметтік-этностық қауымдастығының жоғары түрі. Ұлттың құрамына кірген адамдардың материалдық тұрмыс жағдайының, аумағы мен экономикалық өмірінің, тілі мен мәдениетінің, әлеуметтік психологиясындағы кейбір этностық ерекшеліктерінің ортақтығы негізінде қалыптасады. Ұлт мүшелерінің тұрмыс-салтының, тілі мен дінінің, кәсібінің бірлігі нәтижесінде олардың жалпы мүддесі де ортақ болады. Ұлт болып топтасқан адамдар өз ұлтының мүддесін қорғаушы атақты адамдарды мақтан тұтады. Оларды халық батыры, халық мүддесін қорғаушы ер, азамат деп ардақтайды.

Ұлттық ассимиляция – кішігірім басқа бір этностың ықпалына түсіп нәтижесінде, өзінің дербес этностық санасын жоғалтуы, этникалық бірігулердің көрінісі. Мұндай жағдайда әлсіз этностардың тілі мен діні, мәдениеті, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы ұзақ деформацияға ұшырайды, ол дербес халық болудан қалады.

Ұлттық көңіл күй – қоғамдық ахуалдың затты бағдарланған жеке жағдайы (эмоционалдық мінез – импульсивтік және динамикалық қасиеттердің көрініс беруі). Ұлттық құндылық – атамекен, тіл, тарих, өнеге, әдебиет. Ұлттық лидер – белгілі ұлт пен этностың басын біріктіруде ерекше көзге түскен, топ жарған тұлға. Ұлттық мақтаныш – өз ұлтының рухани құндылықтарын ерекше қастерлеуден көрінетін жоғарғы сезім.

Ұлттық мақтаныш - Ұлттық мақтаныш сезімі отансүйгіштік, елжандылық, отаншылдық сезіммен ұштасып келеді. Ұлттық мақтаныш пен ұлттық намыс – егіздің сыңарындай ұғым. Бұл сол жігерлі сана-сезімнің, саналы іс-әрекетін ұлтшылдық пен ұлтжандыққа келер пайдалы нигилизмге кереғар, ұлттың намысына кір келтірмеу жолында тәрбиелеу – тәрбиешілердің қасиетті міндеті.

Ұлттық өз індік сана – белгілі ұлт өкілі жеке тұлғаның, индивидтің өзі туралы сана-сезімі. Қоғамдық процестерді этностық тұрғыдан қабылдап, оны салт-дәстүр, ұлт тілі, ұлттық өнер арқылы салыстырмалы түрде тұрақты, ұғынылған және қайталанбайтын жүйе ретінде көрінуі. Ұлттық өзіндік сана – ұлттық қоғамдық шындықты өзінше қабылдап, оны салт-дәстүр, ұлт тілі, ұлттық өнер арқылы білдіруі ұлттық өзідік сана – ұлттық идеологиямен объективті дүниені және өзінің жеке болмысын ой елегінен өткізуге белсене қатысатын адамның психикалық процестерінің бірлігін көрсетеді. Ол адамның еңбек, қоғамдық-өндірістік қызметі барысында пайда болады және сананың өзі сияқты тілмен тығыз байланысты. Ұлттық өзіндік сана жалпы ұлттық сананың ықпалымен қалыптасады.

Ұлттық психика – адамдардың қоғамдық санасының негізгі бөлімі. Қоғамдық психологияның ең маңызды компоненті. Ол адамдардың мінез-құлқы мен әрекеттерінде шынайы түрде көрінеді – олардың санасының барлық формаларын жинақтайды саясатты, құқық, мораль, дін, ғылыми, шығармашылық және философиялық.

Ұлттық психология – бүкіл халық ұстанатын тәлім-тәрбиелік нормаларды жан жүйесі тұрғысынан баяндау – ғылыми этнопсихологияның ілкі бастауы болып табылатын халықтық психологияның зерттеу нысаны болып табылады. Мұнда ғасырлар бойы сұрыптала жинақталып, жүйеге түскен ұлттық дәстүр, салт-сана, әдет-ғұрып, ұрпақтан- ұрпаққа біртіндеп жалғасатын адамгершілік, ақыл-ой, эстетикалық, еңбек, дене, т.б. тәрбие түрлеріне қатысты таптаурынды нормалар мен принциптер, яғни белгілі бір этностың, жалпы мінез-құлқы, іс-әрекетінің ішкі астарлары сөз болады.

Ұлттық мінез-құлықС- өмір сүрудің нақты жағдай барысында және адамдардың жүріс-тұрысын, өмір сүру типін, олардың еңбекке, басқа халықтарға, өз мәдениетіне қарым-қатынасын белгілейтін тарихи қалыптасқан мінезінің этносқа тән психологиялық қасиеттерін анықтайтын жиынтықтары.

Ұлттық-психологиялық ерекшеліктер – этнопсихологиялық ғылымның ұлттық психиканың негігі мағынасын ұлттық психикалық тұрпатын, ұлттық сипатын құраушы элементтерді білдіретін категория.

Ұлттық лидер (көшбасшысы) – белгілі бағдарламамен белгілі ұлт мүддесін жүзеге асыруда практикалық әрекеттері үшін ұлтты ұйымдастыруда маңызды және жетекші рөлі бар беделді тұлға.

Ұлттық сана – ұлтты бір-бірінен ажырататын саяси-экономикалық, рухани-әлеуметтік және психологиялық қасиеттер жиынтығы. Ұлттық сананың қалыптасуы мен оның дамуына екі тұрғыдан қарауға болады: 1)

сезімдік, түйсіктік; 2) теориялық сана. Біріншісі – өз елін, халқын, ұлтын сыйлайтын, сүйетін алғашқы ыстық сезімнен туса, екіншісі – өз елінің, халқының, ұлтының өткенін, қазіргісін, келешегін толық біліп, тексеріп, халық тағдырына, ұлт мәселелеріне мемлекеттік, елдік, тіпті әлемдік тұрғыдан теориялық бағыт- бағдарлама тұрғысынан қараудан байқалады. Ұлттық сананың қалыптасуына, қолдап қорғауға ұйтқы болатын әр кезде де ұлттық зиялы қауым. Ұлттық сана мазмұны мен формасы жағынан ұлттық өзіндік санадан әлдеқайда күрделі, өрісі кең көлемді келеді.

Ұлттық дәстүр -салт-сананың адам психологиясынан елеулі орын алатын біркелкі тұрақты құбылыс екендігін әр кездері ғұмір кешкен ғұламалар ерекше атап көрсеткен еді. Ұлттық психология адамдардың қоғамдық және жеке тәжірибемінен өмірдегі пайымдаулардан туындайтын қарапайым психологиялық білімдердің жүйесі. Бұл адам мінез-құлқының көптеген жақтарын қамтып, белгілі этностың өзіне тән психикасы жөнінде біршама мәнді мағлұматтар беретін ілім – білімдердің жүйесі.

Ұлтаралық қатынас - көп ұлтты Қазақстан Республикасында ерекше көңіл аударуды қажет ететін мәселелер қатарына жатады. Қазақстан жерін мекендейтін халықтардың достық, туысқандық қарым-қатынасы, оларды біртұтас мақсатқа жетелейтін жетекші ұлттық мүдде болуы қазіргі саясаттың маңызды бөлігіне айналды. Мұнда Түркия тәжірибесін мысал ретінде алуға болады. Кемал Ататүрік халқын біртұтас ұлттық қозғалысқа біріктіре отырып, ұлттық идеологияны қалыптастырды. Түркияның бүгінгі басшылары Ататүріктің жолын қуып, қазіргі заманға лайықты ізгілікті мақсаттарды көздейтін ұлттық мемлекетке айналған. Қазақстан да жаңа дәуірге бейімделген өзіндік жолын таңдап алды.

Ұлтшылдық - саяси және ұлттық бірліктер сәйкес келуі керек дейтін саяси принцип. 1983 жылы бұл анықтаманы Э. Геллнер ұсынды және ол әлі күнге дейін қолданыста. Көрсетілген "бірліктер" ұлттық мемлекет пен ұлтқа сәйкес келеді. Бұл идеалға жетудің екі негізгі жолы бар. Біріншіден, мемлекет халқын азаматтарға айналдыру. Азаматтық ұлтшылдықтың бұл түрінде азаматтық ұлтпен сәйкес келеді, ал, азаматтар жиынтығы ұлтпен сәйкес келеді. Осылайша, мемлекет ұлттық мемлекетке айналады. Екіншіден, этникалық ұлтшылдық шеңберінде белсенді топ діні, тілі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпымен анықталатын этникалық шығу тегіне негізделген ұлттық қозғалыстар құруы мүмкін. Ұлтты құрушылардың айтуынша, ұлтты қандай да бір этнос құрамына кіретіндер (кіреді деп саналатындар) құрайды. Егер халықтың осы бөлігі бұл көзқараспен келіссе, ол ұлтқа айналады. Ұлтшылдық идеологиясы бойынша ұлт пен ұлттық мемлекет әлеуметтік-саяси ұйымдасудың ең заңды әрі қалаулы бірліктері болып табылады және осы бойынша бүкіл әлеммен қабылдану керек. Адамдар игілікке, тұрақтылыққа, бақытқа тек ұлт құрамында, ұлттық мемлекеттерде қол жеткізеді деп түсіну қалыптасқан. Тарихи тұрғыдан бұл халықтың мемлекетпен байланысы біртіндеп саяси құрылымның бұрынғы түрлерін тықсырып шығарды. Басқа жағынан, ұлттық мемлекет идеалына тек онда бір

ұлт қалған жағдайда жетуге болады. Ұлтшылдық мемлекеттілік институтын нығайтты.

Ұлттық намыс -Туған елінің ар-намысын қорғау, ұлттық мұраларды Қастерлеу, ата дәстүрін аялау, адам сыйлау.

Ұлттық психологияның ерекшеліктері дегеніміз — халықтардың тарихи дамуының өзгешелігі мен әлеуметтік-экономикалық рухани өмірінің алғышарттарына байланысты қалыптасатын және мәдениет пен тұрмыстан, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардан байқалатын ұлттық сезім-әрекеттің көрінісі, ой-пікірлері мен ықпал-қимылдың орнықты бейнесі әрі машықтанған дағдысы.

Ұлттық сана-сезім дегеніміз өзінің ұлттық өкілдігін мойындай отырып, ұлтына деген сүйіспеншілік, халық мұраларын, мактанышын бағалай білу, ұлттық мүдде мен оның қажет болғандығы азаттық қозғалысы үшін қимастық борыш сезім.

Ұлттық тұлға – белгілі тілі, діні, мәдениеті, салт-санасы қалыптасқан ортада жеке адамға тән қасиеттер мен өз ұлтының, халқының тұрмыс-тіршілігін бойына сіңіріп, ұлттық намыс, талғам және ұлттық сана белгілерін өз бойында тұтастай көрсетіп, ең жоғарғы рухани деңгейде дамыған адам.

Ұждан- адамның өз қылығына, ойына сыни баға беруі, мұратына (идеалына) үйлесімсіздігін сезінуі мен моральдық борышты орындай алмауы. Ұждан адамды тәрбиелеу және әлеуметтендіру кезінде қалыптасады. Ұждан эмоционалдық феномен. Ол өзін-өзі кінәлаудан, қынжылудан, қобалжудан көрініс табады.

Ұлттық тәрбие – жеке тұлғаның ұлттық сана-сезімі мен мінез-құлқының, ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрін меңгеруі негізінде қалыптасқан этнопедагогиканың саласы.

Ұлттық тәрбие – болашақ қоғамымыздың құрылысшыларын дайындайтын дарынды, парасатты, жоғары мәдениетті, жан-жақты дамыған жеке тұлғаларды қалыптастырудың негізі.

Ұлттық тәрбие - жалпыхалықтықты ұлттық сипаттармен біріктіре алатын ұлттың азаматтарын, мүшелерін қалыптастыру: олар тілді, мәдениетті білумен қатар қазіргі заманға сай білімді де игеруі қажет.

Ү

Үлгі – белгілі бір зерттелетін нысанның ой түсінігі арқылы немесе материалдық түрде жасалған шартты үлгісі (бейнесі, сұлбасы, сипаттамасы, т.б.).

Үлгілеу – үлгіні құру үдерісі, түпнұсқаның құрылымы мен қасиеттерін үлгі арқылы зерттеу үдерісі.

Үздіксіз білім алу (өмір бойы білім алу) - жалпыға міндетті және кәсіби даярлықтың қажетті деңгейін қоғамдық және жеке тұрғыдан ұстап тұру мақсатында адамның білім, білік және дағдыларды өмір бойы мақсатты үйренуі және игеруі.

«Үштік зият» теориясы - зияттың үш аспектісін – ақпаратты өңдеумен байланысты ішкі компоненттерді (құрамдық зият), жаңа ахуалды игеру тиімділігін (эмпирикалық зият) және әлеуметтік жағдайда зияттың көрінуін (жағдаяттық зият) сипаттайтын біртұтас теориясы. Теорияның авторы америкалық зерттеуші Роберт Стернберг болып табылады, ол адамның зияты жеке адам өміріне қатысты нақты ортаны бейімдеуге, іріктеуге және қалыптастыруға арналған ой әрекеті түрінде келеді (Sternberg, 1985) деп есептеген, яғни зият адамның қоршаған ортаның өзгерістерін өмір бойы қалай еңсеретіндігін көрсетеді.

Ф

Фасилитатор мұғалім - жеке тұлғаға бағытталған педагогика идеяларына сәйкес жұмыс істейтін және де баланың даму үдерісінде оған көмек көрсететін педагог. Бұл ұғымды Карл Роджерс енгізген.

Флипчарт - арнайы стендіге бекітуге арналған үлкен қағаз парағы. Ақпаратты таныстыру кезінде қолданылады.

Форум - веб-сайтқа кірушілердің қарым-қатынас жасауын ұйымдастыруға арналған веб-қосымшалардың түрі. Форум талқылау жүргізуге арналған тараулар жиынтығын ұсынады. Форум жұмысы пайдаланушылар тарауларда тақырыптар ашып, кейіннен осы тақырыптардың ішінде талқылау жүргізу түрінде жүреді.

Функционалдық сауаттылық - оқушының оқу әрекетіне (танымдық қабілеттерді игеру негізінде) байланысты проблемаларды; өмір сүру барысында туындайтын стандарттық проблемаларды (ережелер мен алгоритмдерді меңгеру негізінде); құндылықтар жүйесінде бейімделуге қатысты проблемаларды (құндылықтар туралы білімді меңгеру негізінде); кәсіби білімге дайындалу барысында туындайтын проблемаларды (тірек білім мен білікті, сондай-ақ кәсіби білім жүйесі туралы, кәсіби оқу мекемелеріне қабылдау ережелері туралы және оларда оқу ерекшеліктері туралы білімді меңгеру негізінде) шеше алу қабілеті. Тони Вагнер («Change Leadership Group» (Harvard University, Graduate School of Education) жобасының қосалқы директоры) өзінің «Табысқа жетелейтін дағдылар» деген кітабында адамға ХХІ ғасырда табысқа жету үшін қажетті қасиеттерді көрсеткен: сын тұрғысынан ойлау және проблемаларды шеше алу қабілеті, бейімделе алу қабілеті, бастамашылық және кәсіпкер дағдылары, тиімді ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасау дағдылары, ақпаратты тауып, оны өңдей алу қабілеті, әуесқойлық және қиял.

Х

Халықтық педагогика - халықтың тәрбиелеу және оқыту туралы білімдерінің қосындысы; тәлім-тәрбиелік ой-пікірдің ілкі бастауы, халықтың рухани мұрасы.

Халықтық педагогика – тәрбие мен оқыту саласындағы халық бұқарасы білімдерінің, іскерліктерінің, дағдыларының жиынтығы, солардың

негізінде ұрпақтан ұрпаққа халық шығармашылығы арқылы (поэтикалық, музыкалық, сәндік-қолданбалы өнер) беріліп отыратын әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер қалыптасқан. Халықтық педагогиканың мақсаты – жас ұрпақты ата-бабалар тәжірибесінің ең жақсы мұраттарына тәрбиелеу.

Халық педагогикасы - ұлттар мен ұлыстардың әлденеше ғасырға созылған ұрпақ тәрбиелеудегі ұлттық әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерінің, мәдени ойлау жүйесінің эмпирикалық негіздегі озық үлгілерінің жиынтығы, этнографиялық салт-дәстүрлер мен ауыз әдебиеті үлгілерінен, ұлттық ойын түрлері мен отбасы, ауыл-аймақтық қарым-қатынастан берік орын алатын адам мінезін, іс-әрекетін қалыптастырудың әлеуметтік белгілі нормасы.

Халықтық педагогика тәжірибеге және оның сипатына қатысты болса, **этнопедагогика** – теориялық ой саласы, ғылым саласы.

Халықтық психология - белгілі бір ұлтқа жататын жеке тұлғаның психологиялық ерекше тұйық білім

Халықтық психология – психика мен мінез-құлықтың қанға «сі лген», тез өзгеріп, не жоғалып кетпейтін ұлттық бітісі, мезгіл мөлшерімен алғанда ұзақ дәуірдің жемісі.

Халықтық психология – адамдардың қоғамдық және жеке тәжірибесінен, өмірдегі пайымдауларынан туындайтын қарапайым психологиялық білімдердің жүйесі. Бұл – адам мінез құлқының көптеген жақтарын қамтып, белгілі этностың өзіне тән психикасы жөнінде біршама мәнді мағлұматтар беретін ілім-білімдердің жүйесі. Әйтсе де, бұлар арнайы ғылыми жүйеге негізделмегендіктен, адам психологиясын ажыратуға жөнді жарай бермейді. Мұндай жағдайда біз тек ғылыми психологияның теориялық мәселелерін зерттеумен этнографиямен астарласа дамыған этнопсихология атты ғылым саласы шұғылданады.

Халықтық психология – адамның күнделікті өмірінің оның басқа адамдармен алуан түрлі психологиялық байланыстары мен қатынастарын зерттейтін ғылымға дейінгі психологияның түрі. Халықтық психологияның иесі – нақты адамдар. Адамдардың ішінде өмірлік даналығы мол, психологиялық көрегендігі жоғары кісілерде кездеседі. Олар адамның бет-әлпеті, позасы мен көзінің қарасынан сол адамның көңіл күйін, ниеттерін біліп қояды. Халықтық психологиядағы балалардың өз құрбы-құрдастарының, ата-анасы мен мұғалімдерінің субъективтік қасиеттерінде бағдарлай алады. Халықтық психологияның негізін бірлескен іс-әрекет, қарым-қатынас, адамдардың шынайы өзара қатынастары құрайды. Адамдардың психологиялық ерекшеліктерін, мінез-құлқын білдіретін қарадүрсін психологиялық ұғымдар мен ғылыми ұғымдардың арасында сәйкессіздік болады. Халықтық психологияның мазмұны халықтың салт-дәстүрлерінде, түрлі нанымдарында, ауыз әдебиетінде, ертегілерде, мақал-мәтелдерде, т.б. көрініс табады. Адамдар күнделікті өмірден психологиялық тәжірибе жинап, басқа адамдарды түсінудің, оларға тиімді әсер етудің тәсілдерін меңгереді. Ондай қабілеттілікті психологиялық біліктілік деп те атайды. Бұл қасиет әсіресе педагогтарда қалыптасуы қажет. Халықтық

психологияның білімдер қарапайым бақылау және өзін-өзі бақылау арқылы, интуиция арқылы көрініс табады.

Халық рухы – белгілі бір ұлтқа жататын жеке тұлғалардың психологиялық қасиетін білдіретін ерекше білім, сол ұлттың тілін, фольклорын, дінін, мәдениетін салыстырмалы түрде зерттеу арқылы маңызы ашылады.

Халық рухы — халықтық психология ұғымының синонимі, әр ұлттың өзіне тән психологиялық ерекшелігі, олардың психологиялық ерекшеліктерінің жиынтығы. Халықтық психология — ұлттық психика мен мінез-құлықтың халықтың санына "сінген" ерекшелігі, қарапайым психологиялық білімдердің жүйесі. Халықтық педагогика — өскелең ұрпақты тәрбиелеу туралы эмпирикалық мәліметтердің жиынтығы (халықтық ауызша педагогикалық шығармашылығы).

Ш

Шеберлік сыныбы - білімдер мен дағдыларды тарату мақсатында мұғалім өзінің жинақталған кәсіби тәжірибесін өзінің әріптестеріне ұсынатын жұмыс түрі.

Шешендік – халқымыздың жайсаң психологиясын аса биіктен көрсететін ұлттық ерекшеліктерінің бірі. Бейнелі, астарлы, тұспалдап айтатын шешендік сөзге аса үйір халық екендігіміз жайлы ғұлама ғалым Шоқан Уәлиханов: «Қазақ шешендікке құмар, сөз өнерін, әсіресе әзіл-оспақты жаны сүйеді», – деп, кезінде айтқан еді. Халқымыз «Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады», «Жылы-жылы сөйлесең, жылан інінен шығады» – деп, сөз құдіретінің психологиялық астарын жақсы аңғарған. Шебер де, шешен сөйлей білу – адамның асыл қасиеттерінің бірі есептелініп, мұны олар өзгелерге психологиялық жағынан әсер етудің ерекше құралы, тәсілі деп те санаған. Шешендік өнер дарыған кісі отаншыл, елінің салт-санасын, әдет-ғұрпын жетік білетін «ұшқыр ойлы, орақ ауыз, от тілді, күміс көмей» болып келеді. Ол халқының бастан өткізген «тар жол, тайғақ кешулерін», арман-тілегін, мұң-зарын, өмірлік құндылықтарын бірер тіркеспен ғана «мірдің оғындай», «тайға таңба басқандай» етіп, яғни «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» ғана айтады. Халқымыздың осынау тамаша қасиетін кезінде тіпті бізге оң қабақпен қарамайтындар да көре білген.

Шығармашылық - адамның белсенділігі мен өз бетінше орындайтын жұмысының ең жоғары түрі. Шығармашылық оның әлеуметтік маңызы мен бірегейлігіне (сонылығына) қарап бағаланады. Шығармашылықтың объективтік және субъективтік жақтары болады. Объективтік тұрғыдан шығармашылық өзінің түпкі нәтижесімен – ғылыми

Жаңалығымен, өнертапқышымен, оңтайландыруымен, көркем туынды тудыруымен анықталады. Бұл орайда шығармашылық ауқымы әртүрлі болғанымен, оның әлеуметтік құндылығы мен шешімінің соны болуы міндетті талап. Субъективтік тұрғыдан алғанда шығармашылықтың түпкі

нәтижесінде әлеуметтік құндылық пен жаңалық болмаса да, оның маңызы шығармашылық үдерісінің өзімен анықталады.

Шынайы – нағыз, шын, рас, шынайы, түпнұсқалық, ақиқатқа сай, түпнұсқаға барабар.

Шынайы сынып (грек. Authentikys – түпнұсқалық) - іс жүзінде бар, жұмыс істеп жатқан сынып.

Шынайы оқыту және оқу - мұғалім әрбір оқушыны жеке алғанда ол қалай оқытыны жайлы өзінде бар ақпаратты бейімдеп, осы білімдер негізінде оқушыларға арнап тапсырмалар әзірлеу және құрастыруға негізделген оқыту.

Шілдехана - шілделік, шілде күзет – өмірге келген нәрестенің құрметіне жасалатын той. Мал шаруашылығымен айналысқан қазақ халқы адам өмірге келгеннен кейін, жақындарына сүйінші сұрап жаушы жібереді. Сүйінші хабарды жеткізгендер ұл туса – “ат ұстар” немесе “жылқышы”, қыз туса – “көйлек тігер”, “қырық жеті” немесе “сауыншы туды” деп хабарлаған. Одан кейін туған-туыстар, көршілер және алыс-жақын ағайындар Шілдеханаға жиналады да “бауы берік болсын” деп тілек айтып, шашу шашып келеді. Шілдехана мәні алғаш нәрестені жын-періден қорғап, “күзету” деген сенімге саяды. Сондықтан оны “Шілде күзет” деп те атайды. Бұл ғұрыптың түпкі мәні бала мен ананы тіл-көзден сақтау, жын-шайтандардан қорғау дегеннен туындаған. “Шіллә” (“чілле”) парсы “қырық” деген мағына береді. Дәстүрлі қазақ қоғамында бала үшін туылғаннан 40 күнге дейін қауіпті кезең саналған, оған дейін нәрестеге көп адамды жолатпай, бала мен анасын жақсылап күткен (қ. Қырқынан шығару). Әсіресе, жас нәресте жатқан үйде үш (кейде 40 күнге дейін) күні бойы шам жағылып, “күзетілген”. Кейіннен шілдехана ұлттық ойын-сауық кешіне айналған.

Ы

Ырымдар - Жақсылыққа құштарлық, жақсылыққа ниет етумен жасалынатын әрекет, игі сенім

Ынтымақтастық (ағыл. Collaborate – ынтымақтасып қызмет ету/ынтымақтасу) - бірлескен; ынтымақтастықта жүзеге асқан.

Ынтымақтастық оқу - бұл тәсілдің аясында оқыту білім берушілер мен білім алушылар арасындағы тығыз қарым-қатынас негізінде ұйымдастырылып, оқыту үдерісіне қатысушы әрбір жеке тұлғаның жеке үлесі мен қабілеті мойындалады. Үдеріске қатысушылар ақпаратты бірлесіп отырып белсенді іздеу, талқылау, талдау және жинақтау арқылы жаңа білім алады. Жұмыс тиімді болу үшін ынтымақтастық оқу жағдайында өкілеттік пен жауапкершілік топ мүшелері арасында бөлінеді. Ынтымақтастық оқудың алғышарты топ мүшелерінің бірлесіп әрекет етуі арқылы ымыраға, пәтуаға жетуге негізделген.

I

Іс-әрекеттегі рефлексия - алдыңғы қадамдарды жоспарлау және орындау мақсатында іс-әрекет жасау (мысалы, оқыту және оқу), іс-әрекет нәтижелерін сыни талдау және бағалау барысындағы мұқият ойлану үдерісі.

Э

Этнос - [грек, ethnos - тайпа, халық] - бір халықты екіншісінен ажыратуға мүмкіндік беретін ортақ белгілері бар қауымдастық. "Этнос" ұғымы әлі күнге бірыңғай түсінілмейді. Кең мағынада, "этнос" ұғымын көпшілік зерттеушілер барлық дәрежедегі этникалық жүйелер жиынтығы ретінде түсіндіру қалыптасқан (тайпа, халық, ұлт және т.б.). Алайда, кейбіреулер (Л. Н. Гумилевтан кейін) оны негізгі жүйе ретінде қарастырады (субэтностар, суперэтностармен қатар және т.б.). Тар мағынада алғашқылардың бірі болып "этнос" ұғымына анықтама берген М. Вебер: "Этнос - мүшелері сыртқы бейнелерінің, әдет-ғұрыптарының ұқсастықтарына қарай немесе ортақ отаршылық не көші-қонды басынан өткерген тағдырлас тарихына қарай өздерінің шығу тектерінің бір екендігіне сенетін топ". Бұдан кейін де көптеген зерттеушілер этносқа аумақ, тіл, дін ортақтығының негізінде өзінше анықтама беруге тырысты. Алайда, Л. Н. Гумилевтің пікірінше, аталған белгілердің бірде-бірі жалпыға бірдей, кез келген этносқа қолданыла бермейді, мұнымен бірқатар зерттеушілер келісті. Этнос ең алдымен, мәдениеттік қауымдастық. Этностың пайда болуында аумақ және әлеуметтік қарым-қатынас тілінің ортақтығы шешуші фактор болып табылады. Саяси кеңістіктің ортақтығы мен халықтың әлеуметтік және шаруашылық әдістерінің ортақтығы да маңызды рөл атқаратыны сөзсіз. Этникалық ұйысудың басты тетігі салт-дәстүр, әдет-ғұрып түрінде мұраға қалатын мәдениет болып табылады. Этникалық қауымдастық мағынасындағы этнос ретінде көбіне бірыңғай атауы, ортақ мәдениет элементтері бар, тағдарлас тарихы бар, ерекше географиялық ортадағы топтық ынтымақтастық танытатын адамдар тобын атауға болады.

Этика- (гр. Ethos-дағды, әдет-ғұрып)-зерттеу объектісі мораль болып табылатын ежелгі теориялық пәндердің бірі. Этика құл иеленушілік құрылыстың қалыптасу кезеңінде пайда болып, қоғамның стихиялы-дағдылы Моральдық сана-сезімінен философияның негізгі құрамдас бөліктерінің бірі Ретінде, нақтылық туралы нағыз теориялық білімнен өзгеше, не істеу керекекені туралы ²практикалық² ғылым ретінде бөлінді. (философиялық Сөздік)

Этникалық бірігу - этникалық қауымдарды жақындату процесі.

Этникалық контакт - түрлі ақпараттар және мәдени құндылықтармен Алмасу барысында нақты халақтар өкілдерінің бір - біріне ықпалын тигізетін Этносаралық әрекеттестіктердің формасы.

Этностық кикілжің – топаралық кикілжіңнің түрі; этностық белгілермен, қызығушылықтармен топтардың карама-қарсы топтарға бөлінуі. Этностан тыс саяси-әлеуметтік және экономикалық қайшылықтар этностық кикілжіңнің қайнар көзі болып табылады. Этноцетризмнің өсуі мен Этностық

кикілжің күшейеді. Этноцентризм өзінің этникалық қоғамдастығын басқа этникалық топтардың жинақталатын орталығы ретінде қалыптасатын елестер. Өз халқының бейнесінің нақты қысқартылған түрлері сияқты елестер немесе иррационалды елестердің жалпыға тән жиынтығы (жалпылық сананың психологиялық құрылымдықтары ретінде) болады.

Этностық мінез-құлық – ру, тайпа, этностық қауымдастықтағы адамдардың ішкі жан дүниесінің ортақ бітістері. Этностық мінез құлық – тарихи шындық және объективті фактор. Ол адамдардың тарихи қалыптасқан бірлестігі мен ірі топтары болып саналатын этностың, ұлттың, халықтың тіршілігі мен әлеуметтік жағдайының тұтастығы арқылы танылады. Этностық мінез құлық ерекшеліктері, әр этносқа тән мінез-құлық ерекшелігінің болуы және оған жергілікті географиялық- климаттық жағдайлардың әсер етуі заңды құбылыс. Мінез-құлық бітісі географиялық, жағдаймен, шаруашылық кәсіппен, тұрмыс-тіршілікпен, салт-дәстүр нормаларымен байланысты қалыптасып жетіледі. Этностық мінез құлық өзгермейтін құбылыс емес. Этностық мінез құлық синонимі этностық стереотиптер (таптаурындар).

Этникалық топ - кең мағынада, нақтылы этникаға негізделген адамдар тобы, яғни, әрбір жеке адам туғаннан иемденетін әлеуметтік және мәдени бірегейлік. "Этникалық топ" ұғымы 1950-1960-шы жж. пайда болды. Ол "тайпа" ұғымының орнын басты.

Қазіргі кезде "этникалық топ" ұғымы қоғамдық ғылымдарда екі негізгі мәнге ие.

- Біріншісі, этникалық топқа барлық осы этносты құрайтын адамдар тобын жатқызу.
- Екіншісі, этникалық топ пен ұлтты қарсы қою. Соңғысында ұлт пен этникалық топ арасындағы айырмашылық бірнеше факторлармен байланыстырылады:

Біріншіден, ұлттық дербестікке немесе ұлттық мемлекеттілікке ұмтылатын ұлттың саяси бағдарламасына негізделген ұлтшылдыққа ие. Ал, этникалық топтың ондай бағдарламасы жоқ; Екіншіден, ұлтшылдық ұлтқа өз мүдделерін жалпыұлттық деңгейде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жалпы этникалық белгілер этникалық топқа әлеуметтік мәдени ұйысу береді, бірақ олардың кейде өзге топтардың немесе өз этникалық тобының мүдделеріне қайшы келетін өз мүдделерін көрсетуіне тыйым сала алмайды; Үшіншіден, ұлт жағдайында этникалық топтың этникалық шекарасы саяси шекарамен, ақыр соңында ұлттық мемлекеттің географиялық шекарасы белгіленеді; Төртіншіден, ұлттық этникалықты жасау осы ұлттың ұлтшылдығымен, ұлттық мемлекеттің институттарымен бақыланады; Бесіншіден, ұлттың этникалығы этникалық құрамдас бөліктері арқылы да, азаматтық арқылы да анықталуы мүмкін.

Этникалық бейімделу - этникалық топтардың (қауымдастықтың) күнделікті өмірге, қоршаған орта жағдайына ыңғайлануы; көне заманда жекелеген шағын топтардың өздері тұратын табиғи ортаның жағдайына

бейімделуі. Мысалы, киім дайындау барысында жергілікті климат пен ондағы бар материал ресурсы ескерілді (жапырақтар, өсімдік талшықтары, мал немесе аң терісі және т.б.), үйі (үңгір немесе жер там, ағаштан, саз балшықтан, күйдірілген қыштан немесе тастан жасалған; еңбек құралы (тас, сүйек, күйдірілген қыш және т.б.); тіл және ауыз әдебиеті (мысалы, теңіз болмаған жердің тілінде де бұл ұғым болмаған); аңыздар, ертегілер де жергілікті аң-құстарды, табиғат құбылыстарын бақылаудан туындаған; билер мен алғашқы суреттер (жергілікті аңдардың, құстардың қылықтарын, оларды аулау тәсілдерін бейнеледі). Осы негізде алғашқы этникалық белгілер қалыптасты. Көші-қон барысында алғашқы этникалық белгілер жаңа ортаға бейімделіп жаңарады, ескілері ұмытылып, санадан біртіндеп, біржола өшеді. Көптеген дәстүрлер қоғам дамуына орай өшкенімен де, көбіне, аңыз-әңгімелерде, мейрамдарда, халықтың жадында тіпті әдеттегі құқық пен күнделікті тұрмыста да сақталады. Сондай-ақ әсіресе, демографиялық және экологиялық дағдарыстар кезінде этностар "бөтен" дәстүрлерге де бейімделеді.

Этникалық бірегейлік - этнос пен оның өкілінің өзіндік сана-сезімінің негізі. Этнос - өзінің бірегейлігін сезінген халық. Этникалық бірегейлік негізіне келесі белгілер жатады: "жер қыртысы" (табиғи орта, атамекен, Жер Ана); "қан" (антропологиялық белгілер: нәсілі, көз қиығы, бет әлпеті және т.б.); тіл (бірдей ойлап, әлемдік құндылықтарды біркелкі түйсініп, пікір білдіру құралы ретінде); діл (мәдени-психологиялық стереотиптер және мінез-құлық, әдет-ғұрып ұқсастығы); көркем мәдениет (өнер, мейрамдар); тұрмыс (ұлттық тағам, киім, тұрмыс-салт ерекшеліктері); мифология (бірегейліктің негізін құрайтын құндылықтар мен үміттердің жүйесі).

Этношектеулік - өз этносының шеңберінен тыс байланыстарға баруға құлықсыздық. Бұл әдетте моноэт-никалық отбасын құруға ғана талпынудан, бірэтникалық ұжымдарда жұмыс істеуді дұрыс көруден, жетекші лауазымды орындарының барлық деңгейінде билік тізгінін тек өз ұлтының өкілдерінің қолына ұстатып, монополиялаудан көрініс табады. Іс жүзінде кез келген, әсіресе, өз ұлттық-мемлекеттік немесе ұлттық-аумақтық автономиясы барлары этни-кааралық келісімнің бұзылуына апаратын бұл "аурумен" ауырады.

Этноцентризм - [грек, ethnos - тайпа, халық, centrum - шоғырлану, орталық] - адамның өмірдегі барлық құбылыстарды өз этникалық тобының құндылықтарымен өлшеп, бағалауға бейімдігі; өз өмір салтын артық көріп, басқаларға тану. Ұғымды 1883 ж. Л.Гумплович енгізіп, 1906 ж. У.Г. Самнер дамытты. Оның пікірінше, этникалық топтың ішіндегі қатынастар мен топаралық қатынастардың арасында айырмашылық алшақ. Егер топтың ішінде жолдастық және ынтымақтастық басым болса, топтар арасында күдікті, шүбәлі, күмәнді және жауласу басым. Этноцентризм бір жағынан этникалық топтың бірлігін қалыптастырып, көрсетеді. Қарабайыр деңгейде басқа этникалық топтарға салқын қарайды. Этноцентризм идеология ретінде - ұлттық-этникалық санасезімнің теориялық деңгейі дамуының өнімі.

Эстетика (грек. *aisthetikos* – сезіну, сезімдік) – адамның дүниені эстетикалық тұрғыдан ұғынып-түсіну заңдылықтары туралы, әсемдік заңдарын арқау еткен шығармашылықтың мәнісі мен формалары туралы ғылым. Эстетика ғылым ретінде осыдан 5 мың жыл бұрын – Мысырда, Вавилонда, Үндістанда және Қытайда дүниеге келіп, Ежелгі Грекия мен Римде кеңінен дамыған. Демокрит, Аристотель, Эпикур, Лукреций Кар, т.б. өз еңбектерінде сұлулықтың объективті негізі – шындық өмірдің заттық қасиеттерінде, байланыстарында, қатынастарында, заңдылықтарында деп білді. Ал Платонға сәйкес, сұлулық дегеніміз абс., мәңгілік және өзгермейтін, сезімнен тыс идея, өнер туғызатын сезім иірімдері осы идеяның көрінісі ғана болып табылады. Қайта өркендеу дәуірі ойшылдарының, жазушыларының, суретшілерінің (Ф.Петрарка, Л.–Б. Альберти, Леонардо да Винчи, А.Дюрер, Бруно, Монтель, т.б.) еңбектерінде адамгершілік сипаттағы реалистік бағыттар дамыды. Ағарту дәуірінің теорияшылары (У.Хогарт, Дидро, Руссо, Винкельман, Лессинг, Гердер), сондай-ақ олардың дәстүрлерін жалғастырушылар (Шиллер мен Гете) өнердің шындық өмірмен байланысын орнықтырды. Кант эстет. пікірдің мүлдем “мүддесіздігі” туралы қағида ұсынды. Ол сұлулықты пайдаға, көркемдік форманың толымдылығын–идеялық мазмұнға қарсы қойып, формалистік Эстетиканың дамуына ықпал етті. Гегель өз еңбектерінде Эстетикалық қызметті түсіндіруге негіз ретінде тарихнама принциптері мен қарама-қайшылықтарды алды, мұның өзі оған эстет. қызметті капит. өндірістің қарама-қайшы сипатымен салыстыруға, Эстетикалық ұғымның жай-жапсарын түсіну үшін еңбектің мағынасын анықтауға мүмкіндік берді. Алайда объективті идеалист бола отырып, Гегель өнерді абс. рухтың бірінші және жетілмеген формасы ретінде айқындады. Фейербах сұлулықты тікелей заттар мен құбылыстардың физ. қасиеттерінен, ал эстет. сезімдер мен талғамдарды – биол. заңдылықтардан, адам “табиғатынан” алып көрсетуге тырысты. Эстетика орыс демократтары Белинскийдің, Чернышевскийдің, Добролюбовтың еңбектерінде реалистік өнер, заңдылық, өнердің идеялылығы мен халықтығы принциптерін жасау, т.б. мәселелерде көтерілді. Қазіргі философия ғылымында Эстетикамәселесі мен міндеттері көбінесе мына жәйтпен айқындалады: адамның дүниені эстет. тұрғыдан ұғынып-түсінуі бір-бірімен тығыз байланысты үш нәрседен тұрады: 1) объективті шындықтағы эстет. ұғым; 2) субъективті эстет. ұғым (эстет. сана); 3) өнер (субъективті және объективті эстет. ұғымдардың бірлігі ретінде). Эстетика дүниені эстет. тұрғыдан ұғынып-түсінудің объективті негізін адамдардың қоғамдық мәнісін және табиғат пен қоғамды өзгертуге бағытталған жасампаздық күштері ашылатын олардың шығарм. қызметінің іс жүзіндегі көрінісі ретінде анықтайды. Негізгі эстет. категориялар – сұлулық пен сұрықсыздық, асқақтық пен пасықтық, трагед. және комед. болса, олар қоғамдық байланыста, адам өмірінің әрбір саласында – өндірістік-еңбек пен қоғамдық саяси қызметте, табиғатқа көзқараста, мәдениет, тұрмыста, т.б. жағдайларда дүниені эстет. тұрғыдан ұғынып түсінудің көрінісі ретінде байқалады. Эстет. тұрғыдан ұғынып-түсінудің субъективті жағы – ішкі

сезімдерді, талғамдарды, бағалауды, күйзелісті, идеяларды, мұраттарды Эстетиканы объективті өмірлік процестер мен қатынастарды көрсете бейнелеудің өзіндік формасы ретінде қарастырады. Өнер, көркем шығарм. оның маңызды жағы ретінде қарастырылады. Эстетика өнердің мәнісі мен оның заңдылықтарын зерттей отырып, арнаулы, теор. және тарихи ғылымдармен және өнер туралы ғылымдармен тығыз байланыста дамыды. Бірақ Эстетика– негізінен философияның бір саласы. Ол адамның ақиқатқа эстет. қатынастарының (оның ішінде өнердің) жалпы заңдылықтарын зерттейді, ал өнер зерттеу ғылымдары өнердің қаз-қалпындағы ерекшелігіне назар аударады. Философия сияқты дүниетану ғылымы бола отырып,

Эстетика эстет - сана мен өнердің қоғамдық болмысқа, адам өміріне көзқарасы туралы мәселені шешуді өз проблематикасының басты назарына қояды. Осы мәселенің материалистік шешімін басшылыққа ала отырып, Эстетика өнердің табиғаты мен көркем шығарм. процесінің түрлі жағын: өнердің шығу тегін оның мәнісін және қоғамдық сананың басқа формаларымен байланысын, оның тарихи заңдылықтарын, көркем образдың ерекшеліктерін, өнердің мазмұны мен форманың өзара байланысын, көркемдік әдіс пен стильдің маңызын, т.б. ғыл. тұрғыдан ашып көрсетеді.

Этникалық құрамда болу - атадан балаға мұра болып қалатын, белгілі бір топ мүшелері ортақтасатын мәдени өзгешелік (әдет-ғұрып, салт- дәстүр, мінез-құлықтан тілге дейін). Діни немесе кландық белгілермен астасатын этникалық белгілер көп жағдайда саяси қақтығыстардың себебі болады.

Этниканың саясаттандырылуы - қоғам өмірінде этнос рөлін, мәнін арттыру, баса көңіл аудару және саяси өмірдің барлық қырын этнос төңірегіне шоғырландыру; этникалық мәселелерге тым саяси мән берілу; этникалық топтардың саяси мәселелердің шешімін қабылдауға қатысу мүмкіншілігін кеңейту арқылы оларды саясатқа тарту.

Этникалық сіңісу (этникалық ассимиляция) - бір этнос өкілдерінің сол ортада тұратын басқа этникалық топтардың тілін, мәдениетін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін сіңіріп, нәтижесінде өздерінің төл мәдениетінен, тілінен, әдет-ғұрып, салт-дәстүрінен айырылып, этникалық тиесілік санасының өзгеруі.

Этникалық "тазарту" – 1992 ж. бұрынғы Югославиядағы, әсіресе Босниядағы соғыс аясында қолданысқа енген ұғым. Бұған дейін ол серб және хорват баспасөздерінде осы соғыстың мақсаты жөніндегі хабарламаларда пайдаланылды. Соғысушы жақтар жарияланған этноұлттық мемлекет аумағын мемлекет құрушы этникалық ұлтқа жатпайтын халықтан "тазарту" жүргізуге талпынды.

Этнократия - [грек, ethnos - ру, тайпа, халық, kratos - билік] - көпэтникалы мемлекетте бір этностың, әдетте, елдің, байырғы тұрғыны болып табылатын мемлекет құрушы титулды ұлттың билігі.

Этнофобия - "өзіміз" емес, өзгелерге қатысты ұстамсыздық, тікелей жауығумен сипатталады. Әсіресе, ол этносаралық қарулы қақтығыстарда жиі көрініс табады.

Этноцентризм - [грек, ethnos - тайпа, халық, centrum - шоғырлану, орталық] - адамның өмірдегі барлық құбылыстарды өз этникалық тобының құндылықтарымен өлшеп, бағалауға бейімдігі; өз өмір салтын артық көріп, басқаларға таңу. Ұғымды 1883 ж. Л.Гумплович енгізіп, 1906 ж. У.Г. Самнер дамытты. Оның пікірінше, этникалық топтың ішіндегі қатынастар мен топаралық қатынастардың арасында айырмашылық алшақ. Егер топтың ішінде жолдастық және ынтымақтастық басым болса, топтар арасында күдікті, шүбәлі, күмәнді және жауласу басым.

Этноцид - [грек, ethnos - тайпа, халық және лат. caedo - өлтіру] - адамдардың өздерін қырып-жоятын геноцидтен айырмасы, халықтың мәдениетін жойып жіберу.

Этноэгоизм - басқа этностардың есебінен өз этносына артықшылықтар әперуге талпыну. ХХ ғасырдың 90-шы жылдарында посткеңестік республикалардың көпшілігінде бұл құбылыс байқалды. Табиғи ресурстарды бөлуде, иемденуде өз ұлттарына артықшылық беріп, басқа этнос өкілдерін тықсыру орын алды.

Эстетикалық сана - көшпелілердің көркемдік дүниетанымымен, олардың әсемдік туралы түсінігімен байланыса келіп, қалыптасқан құрылымдар (дағды, машықтану, іскерлік, талант, талғам және т.б.) тамыр тартатындығы белгілі. Қазақ халқының байырғы эстетикалық көзқарастарын зерделеген ойшылдарымыздың бірі Қ.Нұрланова оның аса бай мұра екендігін атап өтіп, көркемдік танымның тұтас философиялық жүйе құрайтындығын байыптап, ондағы теңдік пен үйлесімділікке, қуаныш пен қайғыға аса мән берген. Осы эстетикалық сана арқылы қалыптасқан ұлттық бейнелеу өнерінің тарихы қазіргі қазақ даласында мыңдаған жылдық кезеңді қамтиды.

Этноархетиптер жеке мәселелермен немесе бір ұлттық салт шеңберімен ғана шектелмейді, олардың тек жалпылама, түпкілікті алғышарттарды бағамдайтындығы, тұтас ұлттық құндылықтарды қамтитындығы оның концептуалдылығын білдіреді. Яғни этноархетиптер жеке принциптерге қарағанда мәңгі, тылсым, көнеден тамыр тартатын концептуалды болғандықтан, барынша асқақ: бүкіл халқымыздың «өткені-қазіргісі-болашағы» үшін құрылатындықтан, ұлт мүддесін жеке мақсаттардан жоғары қоюды да білдіретіндіктен, көркемөнерге және эстетикалық санаға қатысты алғанда, әлеуметтік статустар мен жыныстық, жас ерекшелік өкілдерінің бәрін қамтитындықтан әмбебап болып табылады. Демек, бұл этноархетиптердің концептуалды-әмбебап құрылымын береді.

Этноархетиптердің туындауы ұлттың жүріп өткен тарихи жолы мен оның басты субъектісі адамға байланысты анықталғандықтан, ұлтпен бірге жасасатын феномен ретінде айшықталады. Белгілі бір ұлт немесе этнос қалыптасқаннан кейін өзінің ішкі «Меніне» бейсаналы-саналы түрде болса да бойлай еніп, ұлттық рух «өзін қайтадан танып», болашақ бағдарларын айқындайды, сол ұлттың этноболмысын айшықтайды. Сондықтан архетиптің биогенетикалық негізі бар болғандықтан, ұлт өкілі әлемнің қай түпкірінде болмасын, қай кезеңде өмір сүрмесін этноархетиптерден ажырамайды.

Этнопедагогика-ұлттар мен ұлыстардың атадан балаға мирас болған тәлім –тәрбиелік тәжірибесінің дәстүр,салт-сана,әдет-ғұрып, т.б қыры мен сыры туралы ғылым.Мұны ‘халық педагогикасы’деп те атап жүр.Алайда бұлардың арасында біраз айырмашылықтар бар.

Этнопедагогика - халықтың (этностың) тарихи өмір тәжірибелерін Жүйеліп тұжырымдаған ұлттық тәлім-тәрбие туралы ғылым (Ә. Табылдиев).

Этнопедагогика - жеткіншек ұрпақты тәрбиелеу жөніндегі халық бұқарасының тәжірибесі туралы, олардың педагогикалық көзқарастары туралы ғылым, тұрмыс педагогикасы туралы, отбасы, ру, тайпа, ұлыс және ұлт педагогикасы туралы ғылым. Этникалық педагогика тарихи жағдайлардың әсерімен қалыптасқан ұлттық сипаттағы ерекшеліктерді зерттейді.

Этнопедагогика - халықтық тәлім-тәрбиені, оның тәжірибесін қорытындылап, жүйелейтін теориялық сипаттағы ғылым саласы; ұлттар мен ұлыстардың атадан балаға мирас болған тәлім-тәрбиелік тәжірибесінің (дәстүр, салт-сана, әдет-ғұрып, т.б.) Қыры мен сыры туралы ғылым.

Этнопсихология – әрбір халықтың рухани әрекетін (миф, фольклор, тіл, дәстүр, салт, әдет- ғұрып, діл, дін, т.б.), жемісін сол халықтың психологиясын, сана-сезімін көрсететін негізгі өлшемдер деп есептейді.

Этнопсихология жеке ғылым ретінде ХІХ ғасырдың орта шенінде Ресейде, кейінірек Батыс Еуропа елдерінде (Лацарус, Штейнталь, Вундт, т.б.) пайда болды. Қазақ топырағында бұл мәселемен көбірек айналысқан Шоқан Уәлиханов еді. Оның еңбектерінде «халық рухы» дейтін ұғым жиі кездеседі. Мұны «халықтық психология» ұғымының синонимі деуге болады. Бұдан біртуар ғұлама ғалымның еуропалық этнопсихологтардың еңбектерінен біршама хабардар болғаны байқалады.

Этнопсихология (грек. ethnos– ру, тайпа, халық) әртүрлі-этностардың өзіне тән ұлттық мінезін, оларды өзіне тән психологиялық ерекшеліктерін зерттейтін пәнаралық ғылым. Этнопсихология – әрбір халықтың рухани әрекетін (миф, фольклор, тіл, дәстүр, салт, әдет-ғұрып, діл, дін, т.б.) сол халықтың психологиясын, сана-сезімінкөрсететін негізгі өлшемдер. Этнопсихология жеке ғылым ретінде ХІХ ғ. ортасында Ресейде, кейінірек Батыс Еуропада (Лацарус, Штейнталь, Вундт. т.б.) пайда болды. Қазақ елінде бұл мәселемен Шоқан Уәлиханов т.б. айналысты. Оның еңбектерінде «халық рухы» дейтін ұғым жиі кездеседі, Мұны «халықтық психология» ұғымының синонимі деуге болады. Этнопсихологияның зерттейтін сан алуан мәселелері (этностереотип, этноцентризм, ұлттық тұрпат, халық рухы, ұлттық намысалы, ұлттық сана, дәстүр, салт және т.б.) бар.

Этнопсихология міндеттері- әртүрлі халықтар мен мәдениеттер өкілдерінің психикалық ерекшеліктерін, ұлттық дүниетаным, ұлттық қатынас мәселелерін, ұлттық мінез мәселелерін, ұлттық өздік санамен этникалық стереотиптердің міндеттері мен қалыптасу заңдылықтарын, ұлттық қоғамдастықтардың қалыптасу заңдылықтарын зерттейді.

Этнопсихология мен инновация – этностық дамудың соңғы кезеңінде пайда болған рухани құбылысты белгілейтін ұғым. Инновацияның келуінде кездейсоқтық пен сыртқы ықпалдың әсері, күші, жаңалық енуі 3кезеңнен тұрады. Оның біріншісі – таңдау, талдау, яғни сырттан келген ғылыми жаңалықтың толық енбей, сұрыпталуға түсуі. Екіншісі – сұрыпталу кезеңі, мұнда этностағы психологиялық ерекшеліктер маңызды рөл атқарады. Үшіншісі – интеграция кезеңі, мұнда сырттан келген ғылыми жаңалықтар (ғылыми термин, атау т.б.) жаңа жағдайға сіңісіп, сол этностың дәстүрлі мәдениетімен үндесіп отырады (мәселен идентификация, агрессия, адаптация, стратегия т.б.).

Этнопсихология методологиясы – бұл ғылымның идеялық позициясы нақты этникалық қауымдастық өкілдерінің ұлттық-психологиялық ерекшеліктерін танудың негізгі заңдылықтары туралы неғұрлым жалпыланған мағыналары. Этнопсихология методологиясы біріншіден, оның пәнінің өзіндік мағынасымен анықталады, адамның ұлттық-психикалық ерекшеліктерін дұрыс зерттеу үшін мазмұнын, қалыптасу заңдылықтарын және функцияларын қоғамдық сананың басқа элементтерімен өзара қатынасын анық аша білу керек. Екіншіден, ұлттық психиканың даму ерекшеліктері мен заңдылықтарын анықтауға, тиімді зерттеуге мүмкіндік беретін әдіс пен әдіснамалар көмектеседі.

Этнологиялық факторларды ескеру принципі – адамдардың материалды өмірі мен материалды тұрмысына қатысты.

Этнопсихология зерттейтін проблемалар (этностереотип, этноцентризм, ұлттық тұрпат, халық рухы, ұлттық намысалы, ұлттық сана, дәстүр, салт, т.б.) сан алуан.

Этностық дискриминация - нәсіл мен ұлтына қарап адамның азаматтық құқымен мүдесіне қасақана қысым жасау.

Этностық контакт - әртүрлі ақпараттар мен мәдени құндылықтар алмасу барысында әр халықтың бір - біріне ықпал жасайтын этносаралық әрекеттестік.

Этностық топ - тіл мен мәдениеттің, діннің маңызды ерекшеліктерін сақтай алған халықтық окшау бөлігі.

Этностық толеранттық - басқа этнос өкілдерінің бейтаныс өміріне мінез - құлқына, салт - дәстүріне, сенімдеріне шыдамдылық білдіру.

Этностық кикілжің - көзқарастары мен мүдделерінің бір - бірімен үйлеспеуінің нәтижесінде этностардың өзара наразылығы.

Этникалық қауымдастық – тарихи даму бірлігі, территориясы, тілі, мәдениеті сияқты белгілерімен бірлескен адамдар бірлестігі. Этникалық қауымдастық болуы толықтылықтың «Біз» ұғымының «Олар» ұғымымен ашылатын саналы қабылдануы.

Этномәдени бейімделу - адамның психологиялық немесе әлеуметтік дағдылануы.

Этникалық ассимиляция - бір халықтың екінші халықпен оның тілін, Әдеп - ғұрып, ұлттық сана - сезімін жоғарлату жолымен бірігу нәтижесі.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ)– өкілдік демократия мен еркін нарықтық экономиканың қағидаттарын мойындайтын дамыған елдердің халықаралық экономикалық ұйымы. ЭЫДҰ 1948 жылы Маршалл жоспары аясында Еуропаны экономикалық қайта құрылымдау жобасын үйлестіру үшін құрылған. ЭЫДҰ штаб-пәтері Шато де ла Мюетте орналасқан. ЭЫДҰ басқарушы органы ұйымға мүше елдердің өкілдер кеңесі болып табылады. Ондағы барлық шешімдер ортақ бітім негізінде қабылданады. Қазіргі кезде ЭЫДҰ құрамына 34 ел кіреді. ТМД және Балтық жағалауы елдерінен ЭЫДҰ құрамына Эстония ғана кіреді.

Эпистемиялық субъект– зерттеуші Ж. Пиаже жасаған зияткерлік даму теориясында қолданылатын түсінік. Осы теорияның объектісі мінсіз жеке тұлға болады, мүмкін ондай объект табиғатта жоқ та шығар, ал болса да оның логикалық ойлауы жай адамның логикалық ойлауынан ерекшеленбейді. Мұндай мінсіз жеке тұлға эпистемиялық субъект, яғни ешқандай дара сипаттамалары, жеке қасиеттері, жынысы, (оны білім алуға талпындыратын түрткілерден басқа) уәждері жоқ және белгілі бір ұлтқа немесе мәдениетке жатпайтын білім иесі болып табылады.

Ю

ЮНЕСКО - United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization - Білім, ғылым және мәдениет мәселелері бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымы. Ұйымның ұсынатын негізгі мақсаттары – білім, ғылым және мәдениет салаларындағы мемлекеттер мен халықтар ынтымақтастығының арқасында бейбітшілік пен қауіпсіздікке ықпал ету; әділдік пен заңдылықтарды, нәсілі, жынысы, тілі және дініне байланысты айырмашылықтарға қарамастан барлық халықтарға арналған Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысында жарияланған адамның негізгі еркіндіктері мен құқықтарын құрметтеуді қамтамасыз ету. ЮНЕСКО білім беру жөніндегі кітаптар, монографиялар, анықтамалық материалдарды жариялаумен айналысады. Басылып тұратын материалдар: жылына бір рет шығатын «ЮНЕСКО статистикалық альманахы», «Шет елде білім алу», «Білім беру жөніндегі бүкіләлемдік анықтамалық», «Келешек жоспарлар». 1991 жылдан бері екі жылда бір рет шығатын «Білім беру жөніндегі бүкіл әлемдік баяндамада» білім беру саласындағы статистикалық материалдар, шолулар және әлемдік үрдістер талдауы беріледі. ЮНЕСКО екі жылда бір рет білім беру бойынша халықаралық конференция өткізіп тұрады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Арғынбаев Х. Қазақ отбасы: /Қазақ отбасының кешегісі мен бүгінгісі Жайындағы ғылыми зерттеу еңбек/ Алматы: Қайнар, 1996 – 286 б.
2. Ақбаев Н. Ата салтыңды аяла: салт-дәстүрлері туралы таным. Алматы: Ана тілі, 1998. – 159 б.
3. Әбілова З.Ә., Қалиев К.М. Этнопедагогика оқулығы. Алматы:ҚазХҚ және ЭТУ, 1999. -394 б.
4. Әбілова З. Этнопедагогика. Алматы, 1997.-265 б.
5. Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге дайындаудың теориясы мен практикасы. Алматы :Ғылым, 2001.- 152 б.
6. Волков Г.Н. Этнопедагогика. - М., 2000.
7. Ғаббасов С. Халық педагогикасының негіздері. Алматы, 1995.
8. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі: (Оқу құралы). Алматы: Санат, 1995. -352 б.
9. Жарықбаев К., Қалиев С. История казахской педагогики и психологии. Алматы, 1995.
10. Жарықбаев Қ. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. Алматы, 1994.
11. Кожаметова К. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. Алматы: Ғылым, 1998. -317с.
12. Қалиев С., Базилов Ж. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы, РБК, 1993.
13. Қалиұлы С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. (Оқу құралы). Алматы: Білім, 2003. -280 б.
14. Қазыбеков Н. Дала өрнектері (этнографиялық сипаттамалар). Алматы: Балауса, 125 б.
15. Қожахметова К., Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика, Алматы: Ғылым, 1998.- 315 б.
16. Қоянбаев Ж. Педагогика. Алматы:Рауан, 1992.- 239 б.
17. Құралұлы А. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің анықтамалығы. Алматы, 1998.- 282 б.
18. Мырзатаева Б. Халықтық салт-дәстүрлердің бала дамуына ықпалы. Ұлағат, 2002 .-№5 37 б.
19. Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. Алматы: Жалын,1993.- 235 б.
20. Наурызбай Ж.Ж. Научно-педагогические основы этнокультурного образования. Алматы, 1994. - 325 с.
21. Сарбасова Қ.А. Қазіргі педагогика ғылымының қайнар көздері. Монография, Алматы: Білім, 2008.
22. Сәдуақасұлы Ә., Халықтық педагогика дәстүрлері арқылы қазақ мектептерінің оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың педагогикалық шарттары. Алматы, 2003. -193б.
23. Смағұлов О. Қазақстанның этникалық антропологиясы. Алматы, 1982.- 268 б.

24. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы (Оқу құралы). Алматы: Санат 2001.-320 б.
25. Табылдиев Ә. Халық тағылымы. Алматы, 1992.
26. Ұлттық Энциклопедия. Алматы, 5 том. 1998.
27. Ұзақбаева С. Тамыры терең тәрбие. Алматы:Білім 1995. -264 б.
28. Энциклопедический словарь. 3 т, М, 1955.-1236 с.

«ҚАЗАҚ ПЕДАГОГИКАСЫ» ОҚУ ПӘНІ БОЙЫНША ГЛОСАРИЙ

Теруге берілген күні 15.09.2016 ж. Басуға қол қойылған күні 26.09.2016 ж. Офсеттік басылым.
Пішімі 60x84 1/ Көлемі 4,1 б.т. Таралымы 100 дана.
«Өрлеу» «Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы Астана қаласы бойынша педагог
қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының баспаханасында басылды.
Мекен-жайы: Астана қаласы, Орынбор көшесі, 18-үй. Тел.: +7(7172) 48-76-85